

«КМФ Банк» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«бекітілді»
(2025 жылғы «04» тамыздағы №73 хаттама)

«КМФ Банк» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген өзгерістермен және толықтырулармен
(2025 жылғы «25» қыркүйектегі № 2(8) хаттама)

«КМФ Банк» акционерлік қоғамының
БИЗНЕС-КЛИЕНТТЕРГЕ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ
(банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары)

Алматы қ., 2025 ж.

Мазмұны

Осы «КМҒ БАНК» АҚ Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартында қолданылатын терминдер мен анықтамалар	3
1. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ	12
2. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ	12
3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР	15
4. БАНКТІК ШОТТАРДАҒЫ ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ	16
5. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР	17
6. ШОТТАРДЫ АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ТӘРТІБІ	26
7. БАНКТІК ҚАРЫЗ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	34
8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ	45
9. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	47
10. ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ	52
11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	53
12. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ	55
13. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ	56
14. БҚКШ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ ТӘРТІБІ	57
15. БҚКШ ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАРЫ	57
16. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ	59
1-қосымша	61
2-қосымша	64
3-қосымша	67
4-қосымша	70
5-қосымша	72

Осы «КМФ Банк» АҚ Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартында қолданылатын терминдер мен анықтамалар

№	Термин/Анықтама	Терминді/анықтаманы түсіндіру
1.	Акционер	Банк акцияларының меншік иесі/иелері болып табылатын тұлға/тұлғалар
2.	Антифрод-орталық (алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы))	«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Қазақстан Республикасы Заңының 25-1-бабында көзделген тәртіппен алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және өзге де төлем транзакцияларын анықтауға және жол бермеуге бағытталған шараларды үйлестіруді және қабылдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңды тұлғасы
3.	Аутентификация, соның ішінде көп факторлы аутентификация	Клиент ұсынған сәйкестендіргіштің оған тиесілі екенін тексеру, сондай-ақ операцияның (транзакцияның) түпнұсқалығы мен дұрыстығын, Клиент аутентификаторының өзі ұсынған сәйкестендіргішке сәйкестігін тексеру арқылы электрондық құжаттың Банктің қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес жасалғанын растау
4.	Банк	«КМФ Банк» акционерлік қоғамы, бизнес сәйкестендіру нөмірі 061240001583, орналасқан мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50, барлық филиалдары мен өзге де оқшауланған бөлімшелерімен бірге
5.	Банктік шот/Шот	Клиенттің Банктегі ақшасының қозғалысын, сондай-ақ Клиент пен Банк арасындағы Клиентке банктік қызмет көрсету бойынша шарттық қатынастарды көрсету және есепке алу тәсілі
6.	Банктік қызметтер (оның ішінде электрондық банктік қызметтер)	Клиенттің банктік шот(тар)ындағы ақша сомасы, банктік шот(тар) бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпарат алу үшін өзінің банктік шот(тар)ына қол жеткізуіне, төлемдер мен ақша аударымдарын жасауға, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуге, банктік шот(тарды) ашуға немесе жабуға, салым ашуға және салым бойынша операциялар жүргізуге, Банк телекоммуникация желілері, спутниктік байланыс немесе басқа байланыс түрлері арқылы ұсынатын банк операцияларының басқа түрлерін шығаруға және/немесе жүзеге асыруға байланысты Банктің көрсететін қызметтері
7.	Бизнес-клиент (бұдан әрі – Клиент)	– Банкпен БҚКІШ және БҚКІШ шеңберінде өзге де Шарттар жасаған заңды тұлға (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшелерін (филиалын, өкілдігін) қоса алғанда, ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан), заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылым, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік, жеке

		кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке практикамен айналысатын тұлға (адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор), қаржы басқарушысы
8.	Биометриялық сәйкестендіру	Клиенттің Сенімді тұлғасының Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын бірыңғай растау мақсатында оның жеке басын физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде анықтау рәсімі
9.	Валюталық операциялар	валюталық құндылықтарға меншік құқығының және өзге де құқықтардың ауысуына байланысты операциялар, сондай-ақ валюталық құндылықтарды төлем құралы ретінде пайдалану; валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасына әкелу, жіберу және аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан валюталық құндылықтарды әкету, жіберу және аудару; валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беру; брокерлік қызмет көрсету туралы шарт негізінде валюталық құндылықтарды беру
10.	Салым	салымшы Банкке номиналды мәнде қайтару шартымен, сыйақы мөлшері және оны төлеу талаптары алдын ала келісілген, бірінші талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін, толығымен немесе бөліп салымшыға тікелей қайтарылуы немесе оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаларға берілуі тиістігіне тәуелсіз беретін ақша
11.	Ішкі нормативтік құжаттар (қысқаша – ІНК)	Банктің уәкілетті органы бекіткен Банк, оның органдары, лауазымды тұлғалары, құрылымдық бөлімшелері, филиалдары, қызметкерлері, бизнес-процестері қызметінің тәртібі мен шарттарын реттейтін ішкі нормативтік құжат (кодекстер, саясаттар, ережелер, қағидалар, стандарттар, әдістемелер, нұсқаулықтар, регламенттер, нұсқаулар, лауазымдық нұсқаулықтар, жадынамалар және Банк қызметін реттейтін басқа да құжаттар)
12.	Шот бойынша үзінді көшірме	Банк белгілеген нысан бойынша белгілі бір уақыт кезеңі үшін шоттың жай-күйі мен ақша қозғалысы туралы ақпаратты қамтитын, Банк құрастырған және Клиентке жіберген ақпараттық есеп (қағаз нұсқада немесе электрондық түрде)
13.	Қолданыстағы заңнама	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңда белгіленген тәртіппен ратификациялаған халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар, меморандумдар және т.б.)
14.	Депозитор	қатысушы банкпен банктік шот және (немесе) банктік салым шартын жасаған не пайдасына

		салым енгізілген жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісі, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор
15.	Серпінді сәйкестендіру	Бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы Клиенттің электрондық банктік қызметті алу құқығын бірыңғай растау мақсатында оның жеке басын растауды белгілейтін рәсім
16.	Шарт	Егер басқаша көзделмесе, шарттардың кез келгені: Шот шарты, Банктік қарыз шарты және т.б.
17.	Банктік қарыз шарты	Банктік қарыз алуға өтінішті/шартты (бұдан әрі – Банктік қарыз шарты) білдіреді, оған сәйкес Банк Қарыз алушыға БҚКШ/Кредит желісін ашу туралы келісім шеңберінде банктік қарыз береді, қайтарудың шарттарын, мерзімдерін, сыйақы мөлшерлемесін белгілейді, Қарыз алушы мен Банктің құқықтары мен міндеттерін реттейді және осы БҚКШ және(немесе) Кредит желісін ашу туралы келісімге сәйкес жасалады
18.	Банктік қызмет көрсету шарты (қысқаша – БҚКШ)	Банктің интернет-ресурсында (https://kmf.kz/) жарияланған, қосылу шарты нысанында жасалатын осы банктік қызмет көрсету шарты
19.	Қол қою үлгілері бар құжат	Клиенттің Сенімді тұлғалары туралы деректерді, олардың қол қою үлгілерін қамтитын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандағы құжат
20.	Банктік шоттан қолма-қол ақша алу мақсатын растайтын құжаттар	қолма-қол ақшаны алу мақсатын көрсететін толық ақпаратты қамтитын құжаттар, оның ішінде шарт, бұйрық, өкім, шығыстар сметасы, шот-фактура, төлем шоты, төлем ведомосі, сот шешімі, инвойс, сатып алу актісі, сатып алу ведомосі
21.	Уәкілетті тұлға	қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және талаптармен банктік қызмет көрсету кезінде Клиенттің Банкпен қарым-қатынаста оның мүдделерін таныту үшін Клиент қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен уәкілеттік берген тұлға
22.	Қосымша үй-жай	клиенттерге қызмет көрсету бойынша банктік операциялардың белгілі бір спектрін жүзеге асыратын бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінде Банк филиалының мекенжайынан өзгеше мекенжайда орналасқан Банк филиалының құрылымдық бөлімшесі
23.	Дроппер	құқыққа қарсы операцияларда санкциясыз пайдаланылуына әкелген, үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына және (немесе) электрондық төлем құралына қолжетімділік берген, сол сияқты өзінің төлем құралдарын үшінші тұлғаға, оның ішінде материалдық сыйақы үшін пайдалануға берген тұлға
24.	Берешек	Банктік қызмет көрсету шарты, Шарт(тар) бойынша Клиенттің Банк алдындағы барлық және кез келген борышы, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, негізгі борыш сомасы, сыйақы сомасы,

		Банк көрсеткен қызметтер үшін комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), Банктік қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес Клиентте Банкке қатысты туындайтын басқа да борыштар
25.	Қарыз алушы	Банкпен Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шартын жасаған, банктік қарызды алатын және оны белгіленген мерзімде қайтару міндеттемесін қабылдайтын жеке кәсіпкер/занды тұлға, кредиттік қатынастар тарабы
26.	Сәйкестендіру	Клиент Банкке жүгінген кезде оның Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану және/немесе Банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен тіркеу куәлігінің болуын және ЭЦҚ-мен берілген деректерінің Банкте тіркелген Пайдаланушының тіркеу куәлігінің деректеріне сәйкестігін тексеру арқылы бірыңғай растау мақсатында оның жеке басын анықтау рәсімі
27.	Сәйкестендіру құралы	нұсқауды жөнелтушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе әріптер, цифрлар немесе символдар комбинациясынан тұратын бірегей сәйкестендіруші немесе көрсетілетін төлем қызметін беруші клиентті сәйкестендіру үшін белгілеген және онымен келісілген өзге де сәйкестендіруші (дербес құпиясөз, бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру коды, биометриялық сәйкестендіру құралы);
28.	Ақпараттық банктік қызметтер	Банктің Шот бойынша ақша қалдықтары және (немесе) қозғалысы туралы, осы Шот бойынша жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты және Шарттың талаптарына сәйкес Клиенттің сұрау салуы бойынша өзге де ақпаратты беру жөніндегі қызметтері
29.	Байланыс арналары	Банк белгілеген тәртіппен және талаптармен қолданылатын электрондық пошта (email), пошталық байланыс, Интернет-ресурс (https://kmf.kz/), мобильді банкинг, SMS-хабарламалар, телефондар, банкомат, төлем терминалдары, Мобильді қосымша арқылы Клиент пен Банк арасындағы ақпарат беру құралдары
30.	Байланыс орталығы	Банк Клиенттерінің телефон қоңырауларына, электрондық және жазбаша өтініштеріне қызмет көрсететін Банк бөлімшесі. Клиенттерге тәулік бойы қызмет көрсететін байланыс орталығы, телефондары: +7 (727) 331-74-74 +7 (705) 727-33-17 7474 – жедел желі
31.	Кредит желісі	Банктің Қарыз алушыға банктік қарыз алу уақытын өзі белгілеуге мүмкіндік беретін талаптармен, бірақ кредит берудің мұндай нысаны

		үшін Банктің ішкі кредиттік саясаты туралы қағидаларда және кредит желісін беру (ашу) туралы келісімде айқындалған сома және уақыт шегінде Қарыз алушыға кредит беру міндеттемесі
32.	Логин	әріптік белгілеумен көрсетілген Клиенттің есептік жазбасының атауы. Клиенттің логині Клиенттің ұялы телефонының нөмірі болуы мүмкін
33.	БЕҚБТ	Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, «КМФ Банк» АҚ-мен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға/байланысты тарап және/немесе мәміле жасауға мүдделі мәміле жасаушы тұлға
34.	Мобильді қосымша	ұялы телефон немесе Мобильді қосымшаны және Интернетке қолжетімділікті қолдайтын басқа құрылғы арқылы Клиенттің Жеке кабинетте электрондық банктік қызметтерді алуына арналған Банктің бағдарламалық жасақтамасы
35.	Мобильді құрылғы	компьютер, Мобильді қосымша орнатылатын iOS немесе Android операциялық жүйелері орнатылған смартфон
36.	Санкцияланбаған операция	осы операцияны жасауға өкілеттігі жоқ тұлға жүзеге асырған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін операция (төлем, аударым және өзге). Санкцияланбаған операция сондай-ақ Төлем құжатын және жалған төлем құралын пайдалану арқылы жүзеге асырылған операция болып табылады
37.	Телефон нөмірі:	Клиент Банкке берген, Клиент SMS-сұраулар жіберу және SMS-хабарлар/ескертпелер/хаттар/хабарламалар алу үшін пайдаланатын ұялы телефон нөмірі
38.	Ақпарат тасымалдаушылар	деректерді, ақпаратты, аудио/бейнежазбаны және тағы басқаларды сақтайтын кез келген құрылғы
39.	Операция	банктік шоттарда көрсетілуге тиіс кез келген операция (транзакция), оның ішінде: Картаны (тауарды төлеу және қолма-қол ақша алу) немесе Клиенттердің басқа да төлем карталарын пайдалану арқылы қарыз операцияларын қоса алғанда, кіріс, шығыс, банк шотына ақшаны қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз салу; Қайтарылатын төлемдер; Банктің Берешекті өтеу үшін ақшаны есептен шығаруы; өтінішке, банктік қарыз шартына сәйкес банк шоттарынан есептелген төлемдерді, комиссияларды және сыйақыларды есептен шығару; Клиенттің әртүрлі банктік шоттары арасындағы және үшінші тұлғалардың пайдасына аударымдар, оның ішінде эмитенті Банк болып табылмайтын төлем карталарын пайдалану арқылы, Клиенттің банктік шоттарында міндетті түрде көрсетілуге жататын басқа операциялар
40.	Операциялық күн	Банк нұсқауларды, нұсқаулардың орындалуын

		тоқтата тұру немесе мұндай нұсқаулардың күшін жою туралы өкімдерді қабылдайтын және өңдейтін Банк белгілеген уақыт кезеңі. Операциялық күн туралы мәліметтер Банктің үй-жайларында/бөлімшелерінде, сондай-ақ Банктің ресми интернет-ресурсында (https://kmf.kz/) ақпаратты жариялау арқылы орналастырылады
41.	Бір реттік (біржолғы) код/ОТР-күпиясөз	Клиентке Электрондық банктік қызметтерге қолжетімділікті беру кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей жүйелілігі. Бір рет пайдаланатын біржолғы код телефон нөміріне SMS-хабарлама немесе Push-хабарлама түрінде немесе жеке электрондық пошта мекенжайына жіберіледі
42.	ОТР-құрылғы (one time password)	Банкке берілетін ҚҚКШ Жүйесінде электрондық төлем құжаттарына қол қою үшін ғана бір рет пайдаланылатын (біржолғы) күпиясөздерді қалыптастыратын, PIN-кодты енгізуге арналған пернетақтасы және LCD дисплейі бар пластикалық құрылғы
43.	Серіктес	Банкпен жасалатын азаматтық-құқықтық шарт тараптарының бірі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға
44.	Қауіпсіздік рәсімдері	Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алуға құқықтарын белгілеу және оның берілетін және алынатын электрондық құжаттарының мазмұнында қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды жасау, беру және алу кезінде Клиентті анықтап тануға арналған, ақпаратты қорғау жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық шаралар мен бағдарламалық-техникалық құралдар кешені
45.	Ақша аудару	Банктің төлем жасауға немесе басқа мақсаттарға байланысты ақшаны аудару туралы Клиенттің нұсқауларын ретімен орындауы
46.	Төлем	Клиенттің нұсқауын/тапсырмасын орындау және ақшалай міндеттеме бойынша төлемді аяқтау үшін қажетті бірізді операциялар (оның ішінде Клиенттің әртүрлі шоттары арасындағы) және өзге де әрекеттер (оның ішінде Клиенттің атына және Клиенттің ақшасы есебінен электрондық ақшаны пайдалану) жиынтығы
47.	Төлем құралы	төлем және (немесе) ақша аударымы соның негізінде немесе ол пайдаланыла отырып жүзеге асырылатын төлем құжаты немесе электрондық төлем құралы
48.	Көрсетілетін төлем қызметі	көрсетілетін төлем қызметін беруші клиентке «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес көрсететін қызмет
49.	Алаяқтық белгілері бар төлем	алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы

	транзакциясы	клиенттің ақшасын жымқыруға бағытталған үшінші бір тұлғалардың әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылған төлем және (немесе) ақша аударымы (осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға әрекеттенуді, орындалу процесіндегі төлемді және (немесе) ақша аударымын қоса алғанда);
50.	Құпиясөз	берілген құпиясөз идентификаторына байланысты және Клиентті сәйкестендіруге, Қашықтан қызмет көрсету арналарында Банкке берілетін сұраулар мен құжаттардың аутентификациясына арналған таңбалар тізбегі
51.	Пайдаланушы	ҚБҚК Жүйесіне қосылған және ҚБҚК Жүйесі арқылы Клиенттің Шотына(-тарына) өкімдік етуіне Клиент уәкілеттік берген уәкілетті тұлға
52.	Жұмыс күні	банктік операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ Клиенттің нұсқауларын/нұсқауларын орындауды тоқтата тұру туралы өкімдерін қабылдау және өңдеу үшін Банк ашық болатын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа кез келген күнтізбелік күн
53.	Тіркелу	Құпиясөз жасауға және жасалған Құпиясөзді енгізуге бағытталған Клиент әрекеттерінің жиынтығы, соның ішінде Аутентификация/Верификация
54.	Санкциялық режимдер	Банкке және оның Клиентіне, Операцияға қатысушыға, Клиентпен байланысты тұлғаға қолданылатын, кез келген елдің юрисдикциясына сәйкес, FATF, OFAC, БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шетелдік/халықаралық/ұлттық органдар/ұйымдар салған, соның ішінде операция түріне, тауарлар (соның ішінде өнімдер, технологиялар, бағдарламалық жасақтама, зияткерлік және өзге меншік), жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріне, Клиенттің, Операцияға қатысушының, Клиентпен байланысты тұлғаның тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сондай-ақ көрсетілген тізімдердегі елден (елдерден) тұлғалар жүргізетін және тұлғалардан/тұлғалар арқылы жүргізілетін төлемдерге байланысты, бірақ олармен шектелмей, санкциялар немесе шектеулер, операцияны жүзеге асыру сәтінде қолданылатын өзге де ықтимал санкциялар мен шектеулер және басқа да қойылған/ықтимал шектеулер
55.	Жинақ шоты/Шот	ақша қаражатын орналастыру және ҚР қолданыстағы заңнамасында және тиісті шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ол бойынша сыйақы төлеу үшін Банк Клиентке теңгемен немесе өзге шетел валютасымен ашқан банктік шот
56.	Клиентпен байланысты тұлға	Клиентпен байланысты тұлға, оның ішінде

		бенефициарлық меншік иесі/уәкілетті тұлға/ акционер/ қатысушы/ құрылтайшы/ лауазымды тұлға/ өзге де Сенімді тұлғалар/ бас, еншілес және қауымдасқан ұйым/ Клиентпен байланысты, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде байланысты өзге тұлға
57.	Қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (бұдан әрі – ҚБҚК жүйесі)	Интернетті, телекоммуникация құралдарын, цифрлық және ақпараттық технологияларды, бағдарламалық жасақтама мен жабдықты пайдалана отырып, Клиенттерге банктік қызметтерді қашықтан көрсету мүмкіндігін көздейтін Банк жүйесі
58.	Кредит желісін беру (ашу) туралы келісім (бұдан әрі – Кредит желісін ашу туралы келісім)	Қарыз алушыға кредит желісін беру (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын шартта (шарттарда) немесе өтініште (өтініштерде) немесе төлем картасын пайдалану арқылы банктік қарызды алу сомасы мен уақытын өзі айқындауға мүмкіндік беретін талаптарда жасалған шарт
59.	Сәйкестендіру/аутентификация тәсілі	ЭЦҚ, серпінді сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру немесе пайдаланушының бірегей идентификаторы және құпиясөз (жылдам қол жеткізу коды, Код сөзі) және/немесе Клиенттің қол жеткізу барысында сәйкестендіруге және ол Қашықтан қызмет көрсету арналарын пайдаланған кезде аутентификациялауға арналған және Клиент операциялар жасау үшін пайдаланатын Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Клиенттің ерік білдіруін өзге де растау. Сәйкестендіру/аутентификация тәсілін пайдалану Клиенттің электрондық хабарламаны, Электрондық құжатты, оның ішінде Қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы жасалатын электрондық түрдегі шартты жасау және/немесе танысу және/немесе оған қол қою фактісін куәландырады, Тараптар тараптарды және олардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын жазбаша нысанда жасалған мәміле ретінде таниды. Банк сәйкестендірудің жоғарыда көрсетілген Тәсілдерінің қайсысы осы немесе өзге жағдайда пайдаланылатынын дербес анықтайды
60.	Электрондық төлем құралы	төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға өкілеттігі бар ақша жөнелтушіге төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға бастамашы болуға, сондай-ақ ақша жөнелтуші мен электрондық төлем құралының эмитенті арасындағы шартта көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын төлем картасы немесе өзге де электрондық жеткізгіш;
61.	Тарифтер	Банктің уәкілетті органы бекіткен, Банк көрсететін банктік қызметтер үшін алынатын, осы Банктік

		қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен өзгертілуі мүмкін және Банктің ресми интернет-ресурсында (https://kmf.kz/) орналастырылатын Банк комиссияларының қолданыстағы мөлшерлері
62.	Ағымдағы шот/Шот	Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті шартта көзделген тәртіппен Банк Клиентке теңгемен немесе өзге шетел валютасымен ашқан банктік шот
63.	Банктің ағымдағы бағамы	валютаны айырбастау операциясын атқару сәтінде Банк дербес белгілеген валютаның айырбас бағамын білдіреді
64.	Куәландырушы орталық (бұдан әрі – КО)	электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті рұқсаттарға және лицензияларға иелік ететін заңды тұлға
65.	Уәкілетті орган	Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі)
66.	Операцияға қатысушы	бенефициар, бенефициар банкі, делдал банкі, корреспондент банк, көрсетілген тұлғаларды бақылауды жүзеге асыратын өзге тұлға, операцияға өзге де қатысушы, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде
67.	Электрондық банктік қызметтер	банктік шотты пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру және ақпараттық банктік қызметтермен байланысты емес банк операцияларының басқа да түрлерін жүзеге асыру бойынша Банк көрсететін қызметтер
68.	Электрондық құжат	ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және сәйкестендіру құралдарымен куәландырылған, жөнелтуші жасаған және оған жасалғаннан кейін енгізілген бұрмалануларды және (немесе) өзгерістерді қамтымайтын құжат
59.	Электрондық-цифрлық қолтаңба (қысқаша – ЭЦҚ)	Ұлттық куәландырушы орталық Клиентке шығарған, жабық (күпия) және ашық (жария) кілттен тұратын таңбалардың бірегей жиынтығы. ЭЦҚ Электрондық құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылғаннан кейін Электрондық құжаттың өзгермейтінін, сондай-ақ Электрондық құжаттың авторлығын растайды

60.	Электрондық төлем қызметтері	банктік шотты пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру және Шарттың талаптарына сәйкес ақпараттық банктік қызметтермен байланысты емес банктік операциялардың басқа да түрлерін жүзеге асыру бойынша электрондық банктік қызметтер
61.	ОТР-құпиясөз	Клиенттің сұрауы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын және Клиентке Электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді ұсыну кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі. ОТР-құпиясөз Клиентті Сәйкестендіру үшін ҚБҚК Жүйесіне кірген кезде, сондай-ақ Банкке берілетін сұраулар мен құжаттардың аутентификациясы мақсатында пайдаланылады және қолмен қол қоюға тең
62.	SMS-хабарлама	Клиентті ақпараттандыру және оның Шотына/шоттарына ақшаны есептеуді/есептен шығаруды жүзеге асыру туралы хабарлау мақсатында Банк Клиентке ұялы байланыс арқылы беретін белгіленген форматтағы қысқа мәтіндік хабарлама
63.	Push-хабарлама	ұялы телефонның немесе компьютердің экранында пайда болатын қысқаша қалқымалы хабарламалар

1. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

1.1. Осы «KMF Банк» АҚ Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шарты (бұдан әрі – БҚКШ) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Клиент, соның ішінде БЕҚБТ жалпы БҚКШ-ға қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін және Банкте банктік қызмет көрсетудің стандартты талаптарын айқындайды.

1.2. БҚКШ шеңберінде Банк Клиентіне мынадай банктік қызметтер көрсетіледі:

- Шоттарды ашу, жүргізу және жабу;
- банктік қарыздарды ұсыну және беру талаптары;
- электрондық банктік қызметтер.

1.3. Банк БҚКШ-ға және өзге де Шарттарға сәйкес көрсететін банктік қызметтер/электрондық банктік қызметтер туралы ақпарат Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында орналастырылған.

2. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

2.1. БҚКШ Банктің Клиентке және БЕҚБТ-ға банктік қызмет көрсету шеңберінде, оның ішінде электрондық түрде банктік қызмет көрсетудің жалпы шарттарын айқындайды.

2.2. БҚКШ талаптарын Банк анықтайды және Клиент оларды БҚКШ-ға қосылу арқылы қабылдауы мүмкін. Банктің БҚКШ бойынша ұсынылатын банктік қызметтерін көрсетудің нақты талаптары БҚКШ-да регламенттелмеген, тиісті Өтініште/Шартта (бұдан әрі - Шарт) көрсетіледі.

Барлық Өтініштер/Шарттар БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылады және бірге Клиент пен Банк арасындағы БҚКШ-ны құрайды. Банк пен Клиент БҚКШ-ның және Шарттардың мәтіні бойынша бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке алғанда «Тарап» деп аталады.

2.3. БҚКШ Банкке Клиент (Уәкілетті тұлға) қағаз нұсқада немесе электрондық түрде Банк өз бетінше не Шарт жасау арқылы айқындайтын тәсілдермен толтырған және қол қойған, Банк белгілеген нысандағы өтініш (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) беру арқылы жасалады.

2.4. Қосылу туралы өтінішке/Шартқа қол қою арқылы Клиент Банктің БҚКШ мен Шарттарда айқындалған банктік қызметтерді көрсету талаптарына келісімін білдіреді. Клиенттің құжаттарды ұсыну қажеттілігі Банктің БҚКШ-да, Шарттарында және ІНҚ-да анықталады. Осы тармаққа сәйкес рәсімделген Қосылу туралы өтініш Банктің оны қабылдағаны туралы белгілерімен БҚКШ-ның ажырамас бөлігі және БҚКШ-ның жасалу фактісін растайтын құжат болып табылады.

2.5. Қосылу туралы өтінішке/Шартқа Клиенттің қол қоюы, оның ішінде Сәйкестендіру/аутентификация тәсілімен қойылған қол (Сәйкестендіру/аутентификация тәсілімен Клиент растаған Қосылу туралы өтініш/Шарт):

2.5.1. Клиенттің БҚКШ талаптарын алғанын, оқығанын, түсінгенін және толық көлемде, ешқандай ескертулерсіз және наразылықсыз қабылдағанын және оған толықтай қосылғанын;

2.5.2. БҚКШ Клиент үшін қандай да бір ауыр, ол ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып қабылдамайтын талаптарды қамтымайтынын;

2.5.3. БҚКШ-ның барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен еркіне толық сәйкес келетінін;

2.5.4. БҚКШ жасау және оның талаптарын орындау Клиенттің құрылтай және өзге де құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Клиентке қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайтындығын және бұзылуына әкелмейтінін куәландырады.

2.6. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент БҚКШ шеңберінде Қосылу туралы өтінішке, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелерге (оның ішінде келісім, растау, сауалнама деректерін, телефон нөмірін, Клиент туралы өзге де мәліметтерді өзгерту және т.б.) қол қою (жасау) мақсатында Сәйкестендіру тәсілін, оның ішінде ЭЦҚ, пайдаланушының бірегей сәйкестендіргішін және құпиясөзді, Байланыс арналары арқылы БҚКШ-да көзделген тәртіппен пайдалануға сөзсіз және қайтарымыз келісімін береді. Клиент сондай-ақ Қосылу туралы өтінішке, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелерге (оның ішінде келісімге, растауға, сауалнама деректерінің, телефон нөмірінің, Клиент туралы өзге де мәліметтердің өзгеруіне және т.б.) қол қоюға (жасауға) Клиенттің Мобильді қосымшадағы қол қою (ақпаратты енгізу) терезесінен (экранынан) келесі терезеге (экранға) өтуі, оның ішінде Клиенттің Мобильді құрылғысын сәйкестендірудің кірістірілген құралдарын (бетті тану, саусақ ізі және т.б.) пайдалана отырып өту теңестірілетініне келіседі. Сәйкестендіру тәсілін пайдалана отырып немесе Мобильді қосымшаның келесі терезесіне (экранына) өту арқылы Қосылу туралы өтінішке, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелерге (оның ішінде келісімге, растауға, сауалнама деректерін, телефон нөмірін, Клиент туралы өзге де мәліметтерді өзгертуге және т.б.) қол қоюды (жасауды) Тараптар Тараптарды және олардың ерік білдіруінің мазмұнын анықтайтын, өз қолымен қол қойылған және сотта дәлел бола алатын қағаз нұсқадағы құжаттарға тең жазбаша нысанда жасалған мәміле деп таниды. Бұл ретте Клиент осы тармақта көрсетілген тәсілдермен мәмілелер жасау кезінде Банк Клиенттің ЭЦҚ, пайдаланушының бірегей сәйкестендіргіші мен құпиясөзін, Мобильді қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын ұялы телефонның нөмірін/SIM-картасын, Клиенттің Мобильді құрылғысын және/немесе Клиент Электрондық банктік қызметтерді алу үшін пайдаланатын басқа да құрылғыларды жоғалтуы, ұрлатуы, жария етуі, үшінші тұлғаларға беруі салдарынан Клиентте туындаған залал үшін жауапкершілік көтермейтінін түсінеді және келіседі, осыған байланысты Клиент көрсетілген фактілерді болдырмайтын шараларды қабылдауға, ал олар туындаған жағдайда бұл туралы Банкке дереу хабарлауға міндеттенеді.

2.7. Егер Банкте Қосылу туралы өтініштің/Клиент қол қойған шарттың данасы болса, Клиент БҚКШ-да өзінің қойған қолының жоқтығына (ЭЦҚ/ОТР-құпиясөздермен қол қойғанда) БҚКШ-ны алмағанының/оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқылы емес.

2.8. БҚКШ, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар және/немесе БҚКШ-ның өзгертілген редакциялары Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) орналастырылады.

2.9. Банк және Клиент БҚКШ шеңберінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, шет мемлекеттер заңнамасының, Қазақстан Республикасы жасаған/ратификациялаған халықаралық шарттардың, мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, банктік қадағалау органдарының және шет мемлекеттердің өзге де уәкілетті органдарының басшылары шығарған Банкке қолданылатын өкімдік құжаттардың, сондай-ақ Банк және шетелдік ұйымдар (оның ішінде кредиттік ұйымдар) арасында жасалған шарттардың талаптарын орындау үшін міндетті деп таниды.

2.10. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент шетел валютасындағы Шоттан ақша аудару бойынша операцияны жүргізген кезде корреспондент-банктің тиісті шет мемлекет заңнамасының, халықаралық келісімдердің талаптарын, өзге талаптарды басшылыққа ала отырып, мыналарды:

- орындалатын операция туралы кез келген қажетті қосымша мәліметтерді алу мақсатында Клиенттің ақшасын аударуды белгісіз мерзімге тоқтата алатынын;
- шетел валютасындағы ақшаны аударуды аяқтаудан бас тарта алатынын, мұндай бас тартудың себептерін нақты көрсетпей ақшаны корреспондент-банк(тер) ұстаған комиссияны шегере отырып Банкке қайтара алатыны туралы тиісті түрде хабардар етілгендігін растайды.

2.11. Клиент БҚКШ-ға қосылу арқылы Банкке валюталық төлем және (немесе) ақша аударымы Қазақстан Республикасынан ақша шығаруға бағытталған болса немесе Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтарумен байланысты болса, валюталық төлем және (немесе) ақша аудару туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына беруіне келісім береді.

2.12. БҚКШ Банк Қосылу туралы өтінішке оның Банкте белгіленген тәртіппен қабылданғаны туралы белгі қойған/Клиенттің тиісті түрде Сәйкестендірілуі өткен сәттен бастап не егер осы талап Шартта тікелей көзделген болса Шартты жасаған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

2.13. Банк пен Клиенттің арасындағы қатынас БҚКШ-мен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен реттеледі.

2.14. Осы арқылы Клиент Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) орналастырылған Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидалармен танысқанын және келісетінін растайды.

2.15. Осы арқылы Клиент өзіне Банктің өнімдері мен қызметтері, БҚКШ немесе тиісті Шартты жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы толық ақпарат берілгенін растайды. Клиент БҚКШ немесе тиісті Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы хабардар етілді. БҚКШ немесе тиісті Шартты жасағанға дейін Клиентке оның талаптарымен танысуға қажетті уақыт берілді.

2.16. Осы арқылы Клиент өзіне Банктің Тарифтері, Банктің өнімдері мен қызметтерін ұсыну талаптары, қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат берілгенін растайды және ол Банктің мөлшерлемелерімен және тарифтерімен өздігінен танысуға міндетті. Бұл ретте өнімдер мен қызметтер үшін Тарифтер төмендету/ұлғайту жағына қарай өзгертілуі және толықтырылуы, Банктің қызметтеріне жаңа Тарифтер енгізілуі мүмкін және Клиент өнімдер мен қызметтерді ұсыну күні қолданыстағы Тарифтер бойынша қызметтерді төлеуге келіседі.

2.17. Осы арқылы Клиент көрсетілетін қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде өзінің Банкке, уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге құқығы туралы хабардар етілгенін растайды. Осы мақсатта Клиентке Банктің, уәкілетті органның орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары және интернет-ресурстары туралы ақпарат ұсынылды.

2.18. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк Клиент Банкке берген ақпарат негізінде Клиентке қаржы өнімдері мен қызметтерін ұсыну туралы шешім қабылдайды. Клиент Банктің оң шешімі болған жағдайда ғана өнімдер мен қызметтерді ала алатындығы жөнінде хабардар етілді және келіседі.

2.19. Банктің Клиентті, оның ішінде өзге де құжаттар, оқиғалар туралы: пошта жөнелтімдері арқылы, Клиент Банк үшін байланыс нөмірі ретінде жазбаша көрсеткен телефон арқылы, ҚБҚК жүйесі арқылы, SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар, электрондық пошта арқылы және Клиенттерге ақпарат алуға және оның Банктен келгенін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілдер арқылы хабардар етуге құқығы бар. Клиент БҚКШ және өзге де Шарт жасау арқылы ақпаратты БҚКШ осы тармағында сипатталған тәсілдермен алуға келіседі. Бұл ретте Клиент Банктің Клиентке жіберген ақпаратының үшінші тұлғаларға қолжетімді болу мүмкіндігіне байланысты барлық тәуекелді көтереді.

3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

3.1. Осы арқылы Клиент жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғалардың) өздерінің дербес деректерін Банктің жинауына және(немесе) өңдеуіне, дербес деректерді үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және(немесе) өңдеуіне, егер деректерді осындай беру Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаса немесе шектелмесе, берілетін дербес деректерді қорғауды тиісті шет мемлекеттің қамтамасыз етуіне тәуелсіз дербес деректерді трансшекаралық беруге тиісті түрде рәсімделген, Банкке Шарт бойынша (уәкілетті тұлғалар және өкілдер бойынша), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ІНҚ-ға сәйкес осындай дербес деректерді жинау және (немесе) өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге жағдайларда берілген және болашақта беруге жататын қажетті келісімдеріне (бұдан әрі – Келісім) иелік ететіндігіне кепілдік береді.

3.2. Банк анықтаған қажеттілік туындаған жағдайда Клиент Банкке Клиент дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және(немесе) өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, трансшекаралық беруге келісімдердің бар екеніне құжаттық растауды ұсынады.

3.3. Жоғарыда көрсетілген келісімдер болмаған жағдайда, жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Банкке Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талабы бойынша Банкке келген кез келген шығыстар мен залалдарды Банкке өтеуге міндеттенеді.

3.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиент қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының Банкке келіп түсетін дербес деректерін қорғау үшін қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық, ұйымдық және техникалық шараларды қабылдауға және сақтауға міндеттенеді.

3.5. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін санкцияланбаған төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады:

- Клиент қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауды және(немесе) өңдеуді және таратуды жүзеге асыруға міндеттенеді;
- Клиент қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне қол жеткізу талаптарын дербес айқындауға құқылы;
- дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қажет мерзімнен асырмай сақтауға және өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін оларды Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;

- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын іс-әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

3.6. Банк Клиенттің дербес деректері заңсыз таралғанын айқындаған жағдайда, Банк қосымша қауіпсіздік шараларын, соның ішінде мыналарды, бірақ онымен шектелмей жүзеге асырады:

- 1) Клиенттің биометриялық сәйкестендіруін қайталап жүргізу;
- 2) Клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін ұялы байланыс операторының деректер базасындағы абоненттік нөмір иесінің жеке сәйкестендіру нөмірімен салыстыру арқылы Клиентке оның абоненттік нөмірінің тиесілі екенін тексеру немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Клиенттердің ұялы телефон нөмірлері базасында Клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін салыстырып, Клиентке осы абоненттік нөмірдің тиесілігі туралы ақпарат алу;
- 3) Клиент көрсеткен Клиенттің ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөміріне Клиентті оның дербес деректерінің ұрлануы туралы хабардар етіп және Клиенттің кредит рәсімдеуге ерікті түрде тыйым салуын ұсынып, тексеру мақсатында қоңырау шалу.

4. БАНКТІК ШОТТАРДАҒЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ¹

4.1. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, бұл 20__ жылғы «__» _____ №__ Куәлікпен расталады.

4.2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Шотқа² орналастырылған ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

4.3. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКҚ) болып табылады. Кепілдік берілген өтем төлемін ҚДКҚ кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент-банктердің алдын ала тізбесінен таңдалған агент-банктер арқылы жүргізеді.

4.4. Заңға сәйкес кепілдіктің ең жоғары (шектік) сомасы:

- ұлттық валютадағы жинақ салымдары (депозиттері) бойынша 20 000 0000 (жиырма миллион) теңгеден аспайды;
- ұлттық валютадағы өзге депозиттер бойынша 10 000 000 (он миллион) теңгеден аспайды;
- шетел валютасындағы депозиттер бойынша 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайды.

Банкте кепілдендірілген депозиттердің бірнеше түрі орналастырылған жағдайда, ҚДКҚ олар бойынша депозиттің әрбір түрі бойынша жеке белгіленген кепілдік өтемнің ең жоғары мөлшері шегінде, бірақ 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден аспайтын жиынтық кепілдік өтемін төлейді.

4.5. Кепілдік берілген депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді есептеу үшін қатысушы банктің барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған күні анықталған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланылады.

4.6. Төленуге жататын кепілдік берілген өтемнің мөлшері кепілдік берілген депозит сомасын және Банктің қарсы талаптарының сомасын есепке алу нәтижесінде пайда болған айырма сомасын негізге ала отырып, Банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айыру күніне есептеледі және мыналардың:

¹ Осы тармақтың шарттары жеке кәсіпкерлік субъектісімен, жеке нотариуспен, жеке сот орындаушысымен, адвокатпен және кәсіби медиатормен БҚКШ жасаған кезде қолданылады

² Банктік шот шартымен және (немесе) банктік салым шартымен куәландырылған банктік шоттардағы ақша

- 1) Клиенттің Банк алдындағы, мысалы, банктік қарыз бойынша берешегінің сомасын есептеу;
- 2) шетел валютасындағы депозиттегі (салымдағы) қалдық сомасын валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеу;
- 3) Банктегі түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі өзге депозиттер (салымдар) бойынша қалдықтардың сомаларын ескере отырып, кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасын есептеу нәтижелері бойынша анықталады.

4.7. Банк барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айырылған жағдайда ҚДКҚ Банк лицензиядан айырылған күннен бастап 35 (отыз бес) жұмыс күні ішінде Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша кепілдік берілген өтемді төлеуді бастайды.

4.8. Кепілдік берілген өтемді төлеудің басталуы мен тәртібі туралы, сондай-ақ кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыратын агент-банктер, төлеу кезеңі мен орындары не Заңда көзделген жағдайда кепілдік берілген өтемді төлеудің басталуын кейінге қалдыру туралы ҚДКҚ хабарландыруы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКҚ интернет-ресурсында (www.kdif.kz) жарияланады.

4.9. Кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күні ҚДКҚ көрсетілген хабарландыруды жариялаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

4.10. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі төлем басталған күннен бастап 1 (бір) жылды құрайды. Кепілдік берілген өтемді алу үшін Клиент агент-банктердің тізбесінен тандалған агент-банкке қағаз нұсқада өтініш беруге құқылы. Кепілдік берілген өтемді төлеу Клиент растайтын құжаттарды қоса бере отырып, төлемге өтініш берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Кепілдік берілген өтемді төлеуге өтініш нысандары және растайтын құжаттардың тізбесі ҚДКҚ Интернет-ресурсында (www.kdif.kz) орналастырылған.

4.11. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімінің аяқталу күні туралы ҚДКҚ хабарламасы төлем мерзімі аяқталғанға дейін 30 (отыз) жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКҚ Интернет-ресурсында (www.kdif.kz) жарияланады.

4.12. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі өткеннен кейін төлем басталған күннен бастап 1 (бір) жыл Клиент талап етпеген кепілдік берілген өтем сомасын ҚДКҚ Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да (бұдан әрі – БЖЗҚ) ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған Клиенттің жеке зейнетақы шотына аударады. Талап етілмеген кепілдік берілген өтем сомасын БЖЗҚ-ға аудару шарттары Заңның 21-1-бабының 2-тармағында айқындалған.

4.13. Заңға сәйкес, төлем мерзімі ішінде өтініш беруге кедергі келтірген дәлелді себеп болған жағдайда, Клиент растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кепілдік берілген өтемді төлеу туралы ҚДКҚ-ға жазбаша өтініш беруге құқылы (ҚДКҚ Клиент талап етпеген соманы БЖЗҚ-ға аударған жағдайда да). Дәлелді себептердің тізбесі Заңның 21-1-бабының 4-тармағында белгіленген. Бұл ретте мұндай өтініш Банк түпкілікті таратылғанға дейін не Клиенттің Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес ерікті зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығы басталғанға дейін берілуі мүмкін (ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін Клиенттің жеке зейнетақы шотына талап етілмеген өтем сомасы аударылған жағдайда).

5. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Электрондық банктік қызметтерді көрсетудің жалпы ережелері

5.1. Электрондық банктік қызметтерді Банк Клиент қол қойған ҚБҚК жүйесіне қосылу және қызмет көрсетудің тиісті шарттарын қабылдау туралы өтініш негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, сондай-ақ БҚКІШ талаптарына сәйкес көрсетеді.

- 5.2. ҚБҚК жүйесінде Электрондық банктік қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары, Электрондық қызметтерді көрсету қағидалары Банктің <https://kmf.kz/> Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің үй-жайларында Клиент көре алатын қолжетімді жерде орналастырылған.
- 5.3. Электрондық банктік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша Банкке жүгінуге арналған байланыс телефондары және мекенжайлары Банктің <https://kmf.kz/> Интернет-ресурсында және Банктің үй-жайларында Клиент көре алатын қолжетімді жерде орналастырылған.
- 5.4. Банк Электрондық банктік қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-да белгіленген тәртіппен Клиент туралы мәліметтерді сәйкестендіру құралдарының негізінде Мобильді қосымша/Веб-банкінг арқылы ұсынады.
- 5.5. Электрондық төлем қызметтері Клиенттерге мынадай сәйкестендіру тәсілдерін пайдалана отырып ұсынылады: электрондық цифрлық қолтаңба, серпінді сәйкестендіру, олардың уәкілетті тұлғаларын биометриялық сәйкестендіру.
- 5.6. Электрондық банктік қызметтерді пайдалану үшін Клиент Интернет желісіне қол жеткізуі және мынадай талаптарға сәйкес келетін өзінің аппараттық және бағдарламалық жасақтамасын пайдалануы қажет:
- 1) интернет желісіне қосылған жеке компьютер;
 - 2) PDF файлдармен жұмыс істеуге арналған Adobe Acrobat Reader;
 - 3) орнатылған жаңартулармен 2016 және одан жоғары нұсқадағы MS Office лицензиялық пакеті;
 - 4) орнатылған жаңартулары бар лицензияланған антивирустық бағдарлама;
 - 5) Мобильді қосымшада жұмыс істеу үшін:
 - а) мобильді құрылғы Интернет желісіне қосылуы керек;
 - б) IOS, Android операциялық жүйелерінің өзекті нұсқаларының бірін қолдауы тиіс.
- 5.7. ҚБҚК жүйесін пайдаланатын Клиентті сәйкестендіруді Банк «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ талаптарына, сондай-ақ қашықтық режимінде Клиенттерді сәйкестендіруді және аутентификациялауды жүргізу рәсімін регламенттейтін Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес жүргізеді. Банк тиісті сәйкестендіру тәсілімен расталған Клиенттің өтінішін алған жағдайда, Клиент тиісті түрде сәйкестендірілген деп танылады.
- 5.8. Электрондық банктік қызметтер бойынша алынатын комиссиялардың мөлшері Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) жарияланған Банктің Тарифтерімен айқындалады.
- 5.9. ҚБҚК жүйелері Банктің техникалық жұмыстарды жүргізу уақытын қоспағанда, Клиенттер үшін тәулік бойы қолжетімді.
- 5.10. Электрондық құжаттар олардың тұтастығын және өзгермейтіндігін сақтай отырып қалыптастырылған, жіберілген немесе алынған форматта сақталады және сақтау мақсатында электрондық құжаттың мазмұнын қағаз нұсқада басып шығаруды немесе көрсетуді талап етпейді.

Электрондық банктік қызметтердің мазмұны

- 5.11. Банк ұсынатын Электрондық банктік қызметтердің тізбесі Банктің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес дербес айқындалады.
- 5.12. Электрондық банктік қызметтер мынадай қызметтер тізбесін қамтиды (соның ішінде ақпараттық банктік қызметтер), бірақ олармен шектелмейді:
- 1) банктік қарыз беру;
 - 2) электрондық төлем қызметтері:
 - төлемдер мен аударымдарды ұлттық валютамен жүргізу;
 - төлемдер мен аударымдарды шетел валютасымен жүргізу;
 - 3) ақпараттық банктік қызметтер:
 - Клиент Шотының (шоттарының) жай-күйі және ақшасының қозғалысы туралы үзінді көшірмелер, оның ішінде Шот(тар) бойынша жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат беру;

5.13. Бұл көрсетілетін қызметтер тізбесін Банк Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) ақпарат орналастыру, БҚКШ-ға өзгерістер/толықтырулар енгізу арқылы біржақты тәртіппен (Клиентпен келіспей) өзгерте алады.

5.14. ҚБҚК жүйесіне қосылу және онымен жұмыс істеу үшін:

- 1) Клиент өзінің ақпараттық жүйелерін дербес дайындайды және ҚБҚК жүйесіне қосылу және ықпалдасу, сондай-ақ тараптар арасында электрондық құжаттарды беру үшін қажетті Банкпен байланыс арналарын ұйымдастырады;
- 2) Банк Клиентке ҚБҚК жүйесіне қосылу үшін сілтеме ұсынады, ал Клиент Банкке Банк серверіне жүгінетін IP-мекенжайды береді;
- 3) Клиент ҚБҚК жүйесінде тиісті операцияларды жүргізуге тиісті түрде уәкілеттік берген пайдаланушыларды (Уәкілетті тұлғаларды) дербес анықтайды, сондай-ақ сәйкестендіру және аутентификациялау тәсілін айқындайды. ҚБҚК жүйесінің пайдаланушылары және таңдалған сәйкестендіру және аутентификация тәсілі туралы ақпаратты Клиент Қосылу туралы өтініште көрсетеді;
- 4) Клиент ҚБҚК жүйесіндегі пайдаланушылардың уәкілеттіктерін дербес қадағалайды және Банкке Қосылу туралы өтініш беру арқылы пайдаланушылардың деректерін өзекті етуге толық жауапты болады;
- 5) Банк ҚБҚК жүйесіндегі пайдаланушылардың Клиенттің атынан тиісті Операцияларды жүргізуге өкілеттіктерінің сәйкестігін тексеруге құқылы, бірақ міндетті емес. Банк айқындайтын қажеттілік туындаған жағдайда Клиент тиісті хабарламаны алғаннан кейін және Банк белгілеген мерзімде Банкке пайдаланушылардың ҚБҚК жүйесінде Клиенттің атынан операцияларды жүзеге асыруға уәкілеттігін растайтын құжаттарды беруге міндетті;
- 6) пайдаланушыны ҚБҚК жүйесінде тіркеу және Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді пайдалануы процесінде Банк пайдаланушыны сәйкестендіру тәсілдерінің бірі арқылы сәйкестендіруді жүргізеді және электрондық құжаттар мен сұраулардың аутентификациясын жүзеге асырады. Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау Клиенттің сервері мен Банк сервері арасындағы қорғалған байланыс арнасын ұйымдастыру және ЭЦҚ/ОТР-құпиясөзді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

5.15. Клиент ОТР-құрылғы арқылы серпінді сәйкестендіру және аутентификация тәсілін таңдаған жағдайда:

- 1) Банк Қосылу туралы өтініште көзделген мәліметтерге сәйкес ҚБҚК жүйесінде Пайдаланушыны құру/тіркеу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;
- 2) Банк Клиентке Қосылу туралы өтініште көрсетілген әрбір пайдаланушыға ОТР-құрылғы береді;
- 3) ОТР-құрылғы Клиентке Клиенттің бірінші басшысы (немесе осындай іс-әрекетке Клиент уәкілеттік берген тұлға) қол қойып және мөр (бар болса) басып куәландырған, Банк көздеген нысандағы қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі;
- 4) Клиент Клиенттің белгіленген ішкі жұмыс регламентіне сәйкес Клиент Пайдаланушыларының ОТР-құрылғыларын қауіпсіз сақтауды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді;
- 5) Клиент ОТР-құрылғыға ұқыпты қарауға, оны үшінші тұлғаларға бермеуге және ҚБҚК жүйесіне үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруі үшін құпиясөзді бермеуге міндеттенеді;
- 6) Банк берген ОТР-құрылғыларды Клиент БҚКШ талаптары бойынша ҚБҚК жүйесінде Электрондық банктік қызметтерді алу үшін ғана пайдалануға құқылы.

5.16. Клиент ЭЦҚ арқылы сәйкестендіру және аутентификация тәсілін таңдаған жағдайда:

- 1) Клиент өз бетінше ЭЦҚ алады және Клиенттің ақпараттық жүйесін баптау және ҚБҚК жүйесіне қосу бойынша қажетті жұмыстарды жүргізеді;
- 2) Клиент Электрондық құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қою Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландырушы орталығы ЭЦҚ құрған және тіркеу куәлігін берген жағдайда ғана мүмкін болатынын мойындайды;

- 3) Клиент Клиенттің белгіленген ішкі жұмыс регламентіне сәйкес Клиент Пайдаланушыларының ЭЦҚ қауіпсіз сақтауды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

5.17. ҚБҚК жүйесіне қосылу және онымен жұмыс істеу үшін:

- 1) Клиент өзі таңдаған сәйкестендіру тәсілі туралы ақпаратты, сондай-ақ пайдаланушының сенімді ұялы телефон нөмірін/электрондық пошта мекенжайын және/немесе ҚБҚК жүйесіне тіркелу, кіру және төлем құжаттарына қол қою кезінде кейіннен пайдалану үшін ОТР-құрылғыны ұсыну қажеттілігін көрсете отырып, Қосылу туралы өтінішті толтыруы тиіс;
- 2) Банк ҚБҚК жүйесінде пайдаланушыны тіркеу іс-шараларын жүзеге асырады және Клиентке (пайдаланушыға) қабылдау-тапсыру актісі бойынша ОТР-құрылғысын береді (Клиент тиісті аутентификация тәсілін таңдаған жағдайда);
- 3) Клиент (пайдаланушы) мобильді құрылғыда Мобильді қосымшаны орнатады не Веб-банкінг және Клиент туралы мәліметтерді сәйкестендіру құралдары негізінде сәйкестендірумен өзге ресурстар арқылы ҚБҚК жүйесіне жүгінеді;
- 4) Клиент (пайдаланушы) Қосылу туралы өтініште көрсетілген пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі мен пайдаланушының сенімді телефон нөмірін көрсетіп, ҚБҚК жүйесінде өздігінен тіркеледі;
- 5) пайдаланушыны ҚБҚК жүйесінде тіркеу кезінде Банк Пайдаланушыны ОТР-құпиясөздің (Пайдаланушының сенімді телефон нөміріне/электрондық пошта мекенжайына смс-хабарламамен жіберілген) сәйкестігін тексеру арқылы сәйкестендіреді;
- 6) Клиент (Пайдаланушы) ҚБҚК жүйесінде тіркелу кезінде: Мобильді қосымшаны пайдаланған кезде Құпиялылық саясатының шарттарын қабылдайды және ҚБҚК жүйесіне оңай кіру үшін пайдаланушының жеке деректерін сенімді қорғауға (қажет болған жағдайда) мүмкіндік беретін PIN-код (міндетті түрде)/өзге технологиялар/пайдаланушының көлемдік-кеңістіктік бет пішінін/саусақ іздерін сканерлеуге негізделген пайдаланушыны сәйкестендіру тәсілдерін орнатады; ҚБҚК жүйесін пайдаланған кезде оған қол жеткізу құпиясөзін орнатады.

Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезіндегі қауіпсіздік рәсімдері

5.18. Банктің Электрондық банктік қызметтерін ұсынуы Банктің Ақпараттық қауіпсіздік саясатында және БҚКШ-да белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

5.19. Қауіпсіздік рәсімдері:

- 1) Клиенттің дұрыс сәйкестендірілуін және оның тиісті Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын;
- 2) Клиентке Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуы негізделетін электрондық құжаттардың мазмұнында бұрмаланулардың және (немесе) өзгерістердің болуы Банк тарапынан анықталуын;
- 3) банк құпиясын және осы ақпараттың тұтастығын құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етеді.

5.20. Банктің Электрондық банктік қызметтерді көрсетуі Клиент Банктің ІНҚ және БҚКШ белгілеген қауіпсіздік рәсімдерін орындаған жағдайда санкцияланған болып табылады.

5.21. Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтердің берілуі негізделетін хабарламаларды жіберу және (немесе) алу туралы растаудың сақталуын қамтамасыз етеді.

5.22. Клиенттің сұрау салуы бойынша Банк оған БҚКШ-да көзделген тәртіппен және мерзімде электрондық банктік қызметтерді ұсынуды (алуды) растайтын Электрондық құжаттарды жіберу және (немесе) алу туралы растауды береді.

5.23. Банктің ІНҚ және БҚКШ белгілеген қауіпсіздік рәсімдерін қолдану негізінде Банктің ақпараттық банктік қызметтерді Клиентке (занды тұлғаға) сәйкестендіру құралын қолданбай телефон байланысы арқылы ұсынуына жол беріледі.

5.24. Клиенттің сенімді сәйкестендірілуіне және оның тиісті Электрондық банктік қызметтерді алу құқығына сәйкестендірудің бір немесе бірнеше тәсілін қолдана отырып, аутентификациялау арқылы қол жеткізіледі.

Санкцияланбаған қол жеткізуге қарсы шаралар

5.25. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізу, оны санкцияланбаған өзгерту, санкцияланбаған төлем және (немесе) ақша аударымын жасау және өзге де санкцияланбаған әрекеттер анықталған жағдайда, Банк осындай әрекеттер қатысты болатын Клиентке бұл туралы тиісті мәліметтерді алған күннен кейін келетін жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

5.26. БҚКШ 5.25-т. көрсетілген санкцияланбаған әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың салдарын жою және болашақта оларға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдайды.

5.27. Жүйе пайдаланушысы тарапынан санкцияланбаған іс-әрекеттер анықталған жағдайда, Клиент ҚБҚК жүйесінде жеке кабинетті бұғаттау бойынша алдын алу шараларын қабылдау үшін Банк бөлімшесіне немесе Байланыс орталығына дереу хабарласады.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.28. Банк:

- 1) Клиентке сәйкестендіру құралдарын растауды көздейтін Операцияларды Клиенттің жүргізуі үшін Сәйкестендіру тәсілдерін ұсынуға;
- 2) Клиент өзін тіркеу үшін барлық қажетті әрекеттерді орындағаннан кейін Клиентті Мобильді қосымшаның, ҚБҚК жүйесінің және Банктің өзге де ресурстарының пайдаланушысы ретінде тіркеуге. Бұл ретте пайдаланушыны Мобильді қосымшада тіркеу Клиентті Сәйкестендіру жүргізілетін белгілі бір Мобильді құрылғыға ғана жүзеге асырылады. Мобильді құрылғы ауысқан жағдайда Клиентті Мобильді қосымшада тіркеу қайта жүргізіледі;
- 3) Мобильді қосымша, ҚБҚК жүйесі, Банкомат және өзге де ресурстар арқылы БҚКШ-да көзделген тәсілмен (Банктің қалауы бойынша) қызметтерге қол жеткізуді тоқтата алатын және пайдалануға кедергі келтіретін жүргізілетін техникалық жұмыстар туралы Клиентке хабарлауға;
- 4) Клиент БҚКШ талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаған жағдайда Клиенттің тапсырмаларын орындауға міндеттенеді.

5.29. Банк:

- 1) мына жағдайларда Клиентке хабарламай ҚБҚК жүйесі арқылы банктік қызметтердің көрсетілуін бұғаттауға және/немесе Клиенттің қол жеткізуін уақытша немесе толығымен тоқтата тұруға:
 - a. егер Банктің пікірінше, мұндай шара ҚБҚК жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және/немесе Санкцияланбаған операцияларды, оның ішінде Клиент тарапынан да, оған қатысты да құқыққа қайшы әрекеттерді жүргізуді болдырмау үшін қажет болса;
 - b. Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе БҚКШ талаптарын бұзуы немесе ықтимал бұзу мүмкіндігі жағдайында;
 - c. БҚКШ-да және Шартта көзделген өзге жағдайларда.
- 2) егер Банк құжаттар мен тапсырмалардың сенімділігі мен дұрыстығына күмән келтірсе, Клиенттің құжаттары мен тапсырмаларын қабылдамауға;
- 3) Банкте Клиенттің Шоттарына санкцияланбаған қол жеткізу әрекетіне күдік туындаған жағдайда, барлық қажетті мән-жайлар анықталғанға дейін Клиенттің тапсырмаларын қабылдауды және өндеуді тоқтатуға;
- 4) ҚБҚК жүйесі бойынша Клиенттің Операцияларына шектеулерді біржақты тәртіппен белгілеуге және өзгертуге;
- 5) Клиенттің Операцияны орындау туралы тапсырмасын мына жағдайларда орындамауға:
 - a. Шотта жасалатын Операция сәйкес келмесе;
 - b. жүргізілген операция үшін Банктің сыйақысын төлеу үшін тиісті Шоттағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда;

- c. Клиент төлем деректемелерін көрсеткен кезде жіберген қатені анықтаған, Клиент Банкке қажетті құжаттар/деректемелер жиынтығын ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Операция/Төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына, ІНҚ-ға және БҚКШ мен Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда;
 - d. Шотты бұғаттауға;
 - e. Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Шотта орналастырылған ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны алып қоюға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары келіп түскен жағдайда;
 - f. Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі болған кезде;
 - g. аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруға Банк белгілеген лимиттерден асып кеткен жағдайда;
- 6) БҚКШ-да көзделген тәртіппен Банктің Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастама жасауға;
 - 7) алаяқтық операцияларды болдырмау және Клиенттің Шотына санкциясыз қол жеткізуден қорғау мақсатында үшінші тұлғалардың, оның ішінде тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді жеткізушілердің пайдасына ақша аударымдарына шектеулер (сомасы бойынша) белгілеуге және Мобильді қосымшада, ҚБҚК жүйесінде, төлем терминалында, Банкоматта, жеке кабинетте, интернет-бөлімшеде және өзге де Интернет-ресурстарда осындай операцияларды растау үшін аутентификация әдістерін дербес айқындауға;
 - 8) 12 (он екі) ай ішінде Мобильді қосымшаға, ҚБҚК жүйесіне, Банкоматқа, жеке кабинетке, интернет-бөлімшеге және өзге де ресурстарға кіру болмаған кезде Мобильді қосымшадағы/ҚБҚК жүйесіндегі, Банкоматтағы, жеке кабинеттегі, интернет-бөлімшедегі және өзге де ресурстардағы есептік жазбаны бұғаттауға немесе жоюға;
 - 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Банктің ІНҚ-да, сондай-ақ осы БҚКШ-да мен өзге де Шарттарда көзделген тәртіппен Клиенттен валюталық бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын және Банктің ІНҚ орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді беруін талап етуге, операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға/бас тартуға, Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
 - 10) Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға;
 - 11) Клиент Мобильді қосымшаның өзекті емес нұсқасын пайдаланған жағдайда Клиентке Электрондық банктік қызметтер көрсетуден бас тартуға құқылы.
- 5.30. Клиент:
- 1) Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) орналастырылған Банктің БҚКШ-да және ІНҚ-да көзделген шарттарда және тәртіппен ҚБҚК жүйесі арқылы операциялар жасауға;
 - 2) Банктен БҚКШ бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;
 - 3) Қол жеткізу кодын дербес өзгертуге;
 - 4) Электрондық банктік қызметтерді пайдаланбауға;
 - 5) БҚКШ талаптарына сәйкес осы БҚКШ-ны бұзуға құқылы.
- 5.31. Клиент:
- 1) ҚБҚК жүйесіне қатысты Қол жеткізу кодын және өзге де мәліметтерді кез келген үшінші тұлғалардың оларға қол жеткізуін болдырмайтын сенімді жерде сақтауға;
 - 2) кез келген қолжетімді тәсілдермен Банкке ҚБҚК жүйесіне санкцияланбаған қол жеткізу қатерінің туындағаны туралы дереу хабарлауға;

- 3) БҚКШ-да және Банк Тарифтерінде көзделген Банкке тиесілі барлық сомаларды төлеуге;
- 4) ҚБҚК жүйесіне қатысты Қол жеткізу кодын және өзге де мәліметтерді тек Мобильді қосымша, Веб-банкинг және Банктің өзге де ресурстары үшін пайдалануға міндетті.

5.32. ОТР-құпиясөзді жіберу үшін Push-хабарламаларды/SMS-хабарламаларды пайдаланған кезде Клиент ОТР-құпиясөз қорғалмаған арна арқылы берілетінін түсінеді және келіседі, ОТР-құпиясөзді пайдалану қауіпсіздігі Клиенттің ағымдағы сеанста ОТР-құпиясөзді өндіру, олардың әрекет ету уақытының шектеулі болуы, ОТР-құпиясөзді тек ағымдағы сессия үшін пайдалану мүмкіндігі есебінен іске асырылады.

Тараптардың жауапкершілігі

5.33. Клиент Банк алдында электрондық төлем құжатын рәсімдеу және оны Сәйкестендіру тәсілін пайдалану арқылы санкциялау үшін жауапкершілік көтереді.

5.34. Клиент ҚБҚК жүйесіне үшінші тұлғалардың санкцияланбаған қол жеткізуі жағдайында және/немесе ҚБҚК жүйесіне қолжетімділікті (оның ішінде логин/құпиясөз, ОТР- құпиясөз туралы ақпарат және сәйкестендіру құралдары туралы өзге де мәліметтер) үшінші тұлғаларға жария еткен/берген жағдайда тартқан залал үшін толық жауапкершілік көтереді және нақты залалды және/немесе жоғалған пайданы қоса алғанда, келтірген залал жағдайында Банкке кінәрат-талап қоймайды.

5.35. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуден, оны санкцияланбаған өзгертуден, санкцияланбаған төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан және тараптардың бірінің өзге де санкцияланбаған әрекеттерінен қорғау іс-әрекеттерінің тәртібі бойынша ақпаратты жария ету (оның ішінде беру) салдарынан туындаған залал кінәлі Тарапқа жүктеледі.

5.36. Банк Клиенттің алдында:

- 1) Тарифтердің өзгергені жөнінде Клиенттің хабардар болмағаны үшін;
- 2) Клиент БҚКШ талаптарын орындамаған жағдайда Клиенттің Шоттарына санкцияланбаған қол жеткізу үшін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен Клиенттің Шоттағы (шоттардағы) ақшасына өндіріп алу қолданылғанда;
- 4) ҚБҚК жүйесіне қолжетімділік болмағаны үшін немесе Мобильді қосымшаның, Клиенттің Веб-банкингінің (оның ішінде физикалық зақымдану мен вирустар), байланыс арналарының, Интернеттің жұмысында проблемалар болған жағдайда;
- 5) Клиент ҚБҚК жүйесінде Шот бойынша жасаған аударым операциялары (төлемдер және (немесе) аударымдар) ҚР ҰБ және корреспондент банктердің кінәсінен кешіктірілсе;
- 6) егер Клиент Қосылу туралы өтініште көрсетілген тұлғалардың уәкілеттіктерінің тоқтатылғаны немесе көлемінің өзгергені туралы Банкке хабарламаған/уақтылы хабарламаған болса, Клиенттің электрондық құжаттарын, хабарламаларын (нұсқауларын) орындағаны/орындамағаны/орындалуының дұрыстығы үшін;
- 7) Клиенттің БҚКШ-да және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі себепті Банктің Электрондық банктік қызметті орындаудан бас тартуына байланысты Клиенттің тартқан залалдары үшін жауапкершілік көтермейді.

Электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдері

5.37. ҚБҚК жүйесіне қол жеткізу Банктің белгіленген рәсімдеріне сәйкес Сәйкестендіру тәсілімен Клиентті тиісті түрде сәйкестендіргеннен кейін беріледі.

5.38. Операция жүргізуге нұсқауды Банк Клиенттің сәйкестендірілуі болғанда орындайды. Бұл ретте ҚБҚК жүйесі арқылы операциялар Банктің Тарифтерінде көзделген комиссия сомасын (бар болса) ескере отырып, сұратылған Операцияға қойылатын ҚБҚК жүйесінің талаптарына және Клиенттің Шотында (шоттарында) жеткілікті қаражаттың болуына сәйкес жүзеге асырылады.

5.39. ҚБҚК жүйесі арқылы жүргізілетін операциялардың сомалары мен санын Банк өз қалауы бойынша шектеуі мүмкін.

5.40. Клиенттің Электрондық төлем қызметтері бойынша нұсқауын Банк орындайтын немесе Банк оны орындаудан бас тартатын мерзім (ҚБҚК жүйесі ақаусыз жұмыс істегенде):

- 1) электрондық төлем қызметтері бойынша – егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, БҚКШ-да немесе Шартта өзгеше көзделмесе, тиісті нұсқау келіп түскен Банктің операциялық күні ішінде;
- 2) ақпараттық банктік қызметтер бойынша – егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, БҚКШ-да немесе Шартта өзгеше көзделмесе – 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

5.41. Қызметтерге ақы төлеу бойынша комиссияны Банк Тарифтерге сәйкес ұстайды.

5.42. Мобильді қосымшаны, ҚБҚК жүйесін пайдалана отырып, Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, оның ішінде зиянды компьютерлік және өзге де бағдарламалардан қорғау үшін техникалық және бағдарламалық ресурстарға иелік ететінін растайды.

5.43. Банк Клиентке БҚКШ-да көзделген тәсілдердің бірімен Клиент Электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзғанда, Электрондық банктік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақауы орын алса, ақау анықталған және/немесе қызмет көрсетуді тоқтата тұрған немесе тоқтатқан сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін тоқтата тұру немесе тоқтату туралы хабарлайды. Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзу себептерін, Электрондық банктік қызметтерді алуды тоқтата тұруға әкелген Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақауын жойған кезде Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтер көрсетуді әрі қарай хабарлай отырып, қайта бастайды. Банк Клиентке Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, банктік қызметтердің қолжетімділігіне әсер ететін ақпараттық жүйелердің өзгерістері (жаңартулары) туралы, кез келген тоқтап қалулар мен іркілістер туралы Байланыс арнасы арқылы хабарлайды.

5.44. Банк Электрондық банктік қызметтерді ұсынған кезде Клиентке Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуына негіз болған хабарламаларды жіберу және/немесе алу туралы растау Банкте қалады. Клиенттің Электрондық құжатты жібергенін және/немесе Банктің Электрондық құжатты алғанын растау Электрондық құжаттың тиісті мәртебесін көрсету болып табылады (өңдеуге қабылданған, төленген және т.б.). Электрондық құжатты жөнелтуді, алуды растау мерзімі ҚБҚК жүйесінің жұмысымен айқындалады, ол дұрыс жұмыс істеген жағдайда 1 (бір) жұмыс күнінен аспайды.

5.45. ҚБҚК жүйесі арқылы Шот(тар) бойынша Операцияларды жүргізу кезінде Банк Операция жүргізген кезде әрекет ететін Тарифтер қолданылады.

5.46. ҚБҚК жүйесі арқылы Операцияларды жүргізу туралы ақпарат Шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетіледі.

Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуын тоқтата тұру және тоқтату

5.47. Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін/Клиенттің Электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуін мына жағдайларда:

- 1) егер Банкте мұндай қызметті ұсыну мүмкіндігі болмаса;
- 2) егер Клиенттің БҚКШ шеңберінде де, Банк пен Клиент арасында жасалған кез келген өзге Шарт шеңберінде де Банк алдында орындалмаған міндеттемелері бар болса;
- 3) Клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың/лауазымды тұлғалардың шешімдері/өкімдері, мүлікке билік етуге шектеулер, оның ішінде Клиенттің Шотындағы (шоттарындағы) ақшаға тыйым салу туралы актілер болса;
- 4) егер Клиенттің жабдығы және/немесе құрылғысы және бағдарламалық жасақтамасы Банктің техникалық шарттары мен талаптарына сәйкес келмесе.
- 5) егер Клиент Электрондық банктік қызметтерді алу үшін техникалық және өзге де мүмкіндіктері бар екенін растамаса;
- 6) Банктің пікірінше, санкцияланбаған төлем белгілері анықталған болса;
- 7) Егер Клиент сәйкестендірілмесе;

- 8) егер Шоттағы (шоттардағы) ақша сомасы Операцияларды жүргізу және Банк Тарифтерінде көзделген комиссияларды есептен шығару үшін жеткіліксіз болса;
- 9) ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің ІНҚ-на сәйкес келмесе;
- 10) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында көзделген жағдайларда;
- 11) Клиент күдікті Операцияны жүргізген немесе жүргізуге талпынған, сондай-ақ ақшаны заңсыз алудың негізделген фактілері анықталған және расталған жағдайларда;
- 12) Клиент БҚКШ немесе Клиентпен жасалған өзге де Шарттардың талаптарын бұзса;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, соның ішінде нұсқауды орындаудан бас тарту үшін;
- 14) қызметті өшіру туралы Клиенттің жазбаша хабарламасы болған жағдайда. Банк өшіру туралы Клиенттің хабарламасын алған күні Банк қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.
- 15) ҚБҚК жүйесінде техникалық жұмыстар жүргізілгенде; Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуын тоқтата тұруға әкелген себептер жойылған кезде Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді жалғастырады;
- 16) қызметтердің көрсетілуі тоқтатылатын не тоқтатыла тұратын БҚКШ талаптары өзгергенде;
- 17) Клиент БҚКШ-да, Шартта және Банктің ІНҚ-да көзделген Электрондық банктік қызметтердің берілу тәртібі мен талаптарын бұзғанда;
- 18) Электрондық банктік қызметтердің берілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар ақауланғанда;
- 19) Клиенттің Шоты(шоттары) бұғатталғанда/жабылғанда;
- 20) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР заңдарында, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлігі), БҚКШ-да және өзге Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша тоқтата тұрады немесе тоқтатады.

5.48. БҚКШ 5.47-тармағының 17), 18) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуын тоқтата тұрған немесе тоқтатқан жағдайда, БҚКШ 5.47-тармағының 20) тармақшасында көзделген Электрондық төлем қызметтерін ұсынуды тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайларын қоспағанда, Банк Клиентті БҚКШ-да немесе Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде хабардар етеді. Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын тоқтата тұруға әкелген себептер жойылған кезде, БҚКШ 5.47-тармағының 20) тармақшасында көзделген электрондық төлем қызметтерін ұсынуды тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайларын қоспағанда, Банк Клиентке жазбаша не электрондық нысанда хабардар ете отырып, оған Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді қайта бастайды.

5.49. Банк Клиенттің ҚБҚК жүйесі арқылы жасайтын Операцияны орындау туралы Клиенттің нұсқауларын орындаудан мынадай жағдайларда:

- 1) Клиент Банктің тарифтеріне сәйкес көрсетілген қызметтер үшін төлемді және (немесе) аударымды және Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуді жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпесе;
- 2) Клиент немесе Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген төлем құжатын жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаса;
- 3) Клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері және (немесе) өкімдері, мүлікке билік етуге уақытша шектеу, Клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезекте орындалуға жататын нұсқаулар болса;
- 4) Банк Клиенттің таңдаған серпінді аутентификация тәсіліне байланысты Пайдаланушының сенімді ұялы телефон нөміріне/электрондық пошталық

мекенжайына жіберген, ОТР-құрылғы жасаған ОТР-құпиясөздің мәнін бірнеше рет дұрыс енгізбеген жағдайда (енгізу әрекеттерінің нақты санын Банк анықтайды);

- 5) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда және тәртіпшен;
- 6) Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі болған кезде;
- 7) аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруға Банк белгілеген лимиттерден асып кеткен жағдайда;
- 8) жасалатын операцияның Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес келмесе бас тартады.

6. ШОТТАРДЫ АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ТӘРТІБІ

6.1. БҚКШ шеңберінде Клиент Банкке Қолданыстағы заңнамаға және/немесе Банктің ІНҚ-на сәйкес талап етілетін құрамда, нысаны мен мазмұны бойынша қажетті құжаттар тізбесін және Банк айқындаған нысандар бойынша қосылу туралы өтінішті ұсынып, Шот(тар) ашуға құқылы.

6.2. БҚКШ Банктің Клиенттің Ағымдағы және Жинақ шотын ашу, жүргізу және жабу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін (төменде айқындалғандай), сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

Шот ашудың және жүргізудің жалпы талаптары

6.3. Клиент Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынғанда Банк Клиентке Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініштің (бұдан әрі – Шот шарты/Салым шарты) негізінде Шот ашады және оны жүргізу бойынша қызметтер көрсетеді, Шот бойынша операцияларды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, БҚКШ-на, Шот шартына, Салым шартына, ІНҚ-ға және Банк Тарифтеріне сәйкес болуын қатаң қадағалап, жүзеге асырады.

6.4. Шот(-тар) ашу, жүргізу және олар бойынша операциялар жүргізу қызметтері Тарифтерге сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады. Банктің Клиент БҚКШ-да көзделген банктік қызметтердің ақысын төлейтін өзекті Тарифтері Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында орналастырылған.

6.5. Банк Шоттың нөмірін, Шоттың валютасын тиісті Шот шартында/Салым шартында көрсетеді.

6.6. Егер Шот шартында, Салым шартында және БҚКШ-да өзгеше көзделмесе, Клиент БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын Қосылу туралы өтініштерінің негізінде әртүрлі валютада бір немесе бірнеше Шот ашуға құқылы. Бұл ретте БҚКШ талаптары Клиент ашқан әрбір Шотқа қолданылады.

6.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Шоттар теңгемен де, шетел валютасымен де ашылып, жүргізілуі мүмкін.

6.8. Ағымдағы шот бойынша Операцияларды шетел валютасында жүргізген кезде операциялар Банктің операциялар жасалған кезде белгілеген айырбас бағамына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасын, БҚКШ және Шот шартын сақтай отырып, Клиенттің Ағымдағы шотына ақша аудару және Клиенттің Ағымдағы шотынан ақша алу бойынша Операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

Шетел валютасын айырбастау арқылы Клиенттің Ағымдағы шотына аударған кезде Банк Операция жасалған сәтте Банк белгілеген айырбас бағамын қолданады, ол операциялық күн

ішінде, оның ішінде Клиенттің келісімін/нұсқауын алғаннан кейін және есепке алу жөніндегі Операция аяқталғанға дейінгі аралықта өзгеруі мүмкін.

6.9. Шотты жабу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша Шотты жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, БҚКШ-ға, Шот шартына және Салым шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.10. Шотқа қызмет көрсетуді және Шот бойынша басқа да банктік қызметтерді көрсетуді Банк Банктің операциялық күні ішінде орындайды, оның ұзақтығы Банктің әртүрлі филиалдары мен ішкі құрылымдық бөлімшелерінде ерекшеленуі мүмкін. Операциялық күн валюталардың түрлері және Банк көрсететін қызметтер (қызметтер жиынтығы) бөлінісінде де, Шотты жүргізу кезінде Банктің Клиентпен өзара іс-қимыл арналары бөлінісінде де белгіленуі мүмкін. Операциялық күннің ұзақтығы белгіленеді және осындай ақпаратты Банктің үй-жайларындағы (операциялық бөлімшелердегі) Клиент көре алатын қолжетімді жерде орналастыру арқылы, сондай-ақ Банктің таңдауы бойынша басқа да тәсілдермен (соның ішінде тиісті ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында орналастыру арқылы) Клиенттің назарына жеткізіледі. Тиісті өзгерістер туралы ақпарат Клиенттің назарына БҚКШ-ның осы тармағында белгіленген тәртіппен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жеткізіледі.

6.11. Егер БҚКШ-ның, Шот шартының және Салым шартының қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында Шоттарды ашудың, жүргізудің және жабудың БҚКШ-да, Шот шартында және Салым шартында белгіленген тәртібінен ерекшеленетін өзге тәртібі белгіленетін болса, БҚКШ-ға, Шот шартына және Салым шартына қажетті өзгерістер енгізілгенге дейін Шоттарға қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Ағымдағы шоттағы ақшаға билік ету тәртібі мен шарттары

6.12. Банк Ағымдағы шоттағы ақша қалдығы шегінде төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырады. Егер Ағымдағы шотта Банк алатын және төлемді және (немесе) аударымды жүргізуге байланысты төлеуге жататын Тарифтің мөлшерін ескере отырып, төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізу үшін ақша жеткіліксіз болса, Банк Клиенттің төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы. Банк Клиент Банкке ұсынған/жіберген төлем құжаттарын ішінара орындамайды.

6.13. Ағымдағы шоттағы ақшаға билік ету Клиенттің Банкке қағаз нұсқада да, электрондық тәсілмен де жазбаша нұсқау беруі арқылы жүзеге асырылады. Нұсқаулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша немесе мұндай нысан болмаған жағдайда Банк қолданатын нысан бойынша орындалуы тиіс. Төлемдер мен ақша аударымдары туралы нұсқауларды, сондай-ақ оларды кері қайтарып алу немесе орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерді электрондық тәсілмен ұсыну Клиент жасайтын және қабылдайтын, соның ішінде Банкте Ағымдағы шоттың болуына байланысты Электрондық банктік қызметтерді көрсету бойынша Банк пен Клиенттің қарым-қатынастарын реттейтін ҚБҚК жүйесіндегі БҚКШ-да көзделген негізде және тәртіппен жүргізіледі. ҚБҚК жүйесіндегі БҚКШ Банктің Шот шартының мәніне қатысты және Электрондық банктік қызметтердің тиісті талаптарымен электрондық жүйелер бойынша келіп түскен төлем құжаттарын/нұсқауларын өңдеу мәселелерін реттейді.

6.14. Банк Клиенттің нұсқауларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен орындайды.

6.15. Клиенттің, оның ішінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі нұсқаулары операциялық күн ішінде ғана қабылданады. Клиенттің Банкке операциялық күн аяқталғаннан кейін жіберген нұсқауларын Банк келесі операциялық күннің басында алған болып есептеледі. Банктің техникалық мүмкіндігі болса, Клиенттің демалыс және мереке күндері жіберген нұсқауларын өңдеуге жол беріледі, бұл ретте Банктің осындай операцияларды олар жүргізілген күні немесе бірінші жұмыс күні орындауға және ескеруге құқығы бар.

6.16. Банктің ақша жөнелтуші алдындағы ақша аудару бойынша міндеттемесі ақша аударымы аяқталған – бенефициардың банктік шоты немесе бенефициардың пайдасына ақша қабылдауды

көрсететін өзге шот бойынша Банктің ақпараттық жүйесінде бухгалтерлік жазба жасалған кезден бастап орындалған болып есептеледі.

6.17. Ағымдағы шоттан ақшаны алу (есептен шығару) Клиент, Банк, сондай-ақ үшінші тұлғалар ұсынған, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес және нысаны бойынша төлем құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

6.18. Клиенттің нұсқауын алған күннен кейінгі бір операциялық күн ішінде Банктен төлем құжатының орындалмағаны туралы хабарлама алмаған жағдайда, Клиент жіберген төлем құжаты орындалды деп есептеледі.

6.19. Басқа екінші деңгейдегі банктерден және кез келген үшінші тұлғалардан келіп түсетін төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын Банк Ағымдағы шотқа осындай төлемдердің немесе ақша аударымдарының түсуіне байланысты комиссиялар мен шығыстарды шегеріп (егер олар Тарифтерге сәйкес алынуға жататын болса) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде есепке жатқызады.

6.20. Төлем валютасы Ағымдағы шоттың валютасына сәйкес келмейтін қолма-қол ақшасыз төлем (немесе) аударым түскен кезде, Клиент Банктің операция жүргізілген кездегі белгіленген валюта айырбастау бағамын қолдана отырып айырбастауды жүзеге асыру арқылы және қолданыстағы Тарифтерге сәйкес айырбастау үшін Банктің комиссиялық сыйақысын ұстап, соманы Ағымдағы шоттың валютасында есепке жатқызуға келісім береді.

Бұл ретте, Клиенттің Ағымдағы шотына шетел валютасын айырбастау арқылы есепке жатқызу Клиенттің келісімін алғаннан кейін жүзеге асырылатын операция жүргізілген сәтте Банк белгілеген айырбастау бағамын қолдана отырып жүзеге асырылады, соған байланысты Клиент Клиенттің келісімін алғаннан кейін және есепке жатқызу бойынша операция аяқталғанға дейінгі аралықта Банктің айырбас бағамының өзгеруіне байланысты осындай операцияның барлық тәуекелін түсінеді және қабылдайды.

6.21. Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасында, БҚКШ-да көзделген жағдайларда немесе ақшаны автоматты түрде аударуға, соның ішінде Клиенттің Банкке берген ақша жіберушінің тұрақты өкімі бойынша көрсетілетін қызметке қосылу негізінде Клиенттің/үшінші тұлғаның кез келген банктік шотына Ағымдағы шоттан ақша аудару бойынша өтініштерімен Ағымдағы шоттағы ақшаны есептен шығарады немесе аударады. Ақша жіберушінің тұрақты өкімі нысанында кезекті қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын орындау үшін Шотта ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, Банк төлем құжатын қалыптастырмайды және ақша жіберушінің тұрақты өкімін орындау үшін Ағымдағы шотқа жеткілікті мөлшерде ақша түсуін күтеді.

Салымдар бойынша сыйақы есептеу талаптары мен тәртібі

6.22. Сыйақы мөлшерлемесі Салым шартында айқындалады және Салым сомасына, сондай-ақ Салым бойынша барлық қосымша жарналарға қолданылады және егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Салым мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады.

6.23. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес есептеледі және Салым шартында көрсетіледі.

6.24. Егер тиісті Салым шартында өзгеше көзделмесе, Сыйақы күн сайын үтірден кейін екі ондық таңбаны дөңгелектеуді ескере отырып, ақша салымда немесе жарна салымда болған күндердің нақты саны үшін есептеледі.

6.25. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, сыйақы сомасын есептеу кезінде бір айдағы күндер саны бір айдағы күндердің нақты санына тең, жыл 365 (үш жүз алпыс бес) күнге тең болып қабылданады. Салым сомасын орналастыру күні (ұзарту күні)/жарна сомасын Салымға енгізу күні және Салымнан ақшаны алу күні 1 (бір) күн болып есептеледі.

6.26. Қолданыстағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі туралы және Салымдардың жекелеген түрлерін қабылдауды тоқтату/тоқтата тұру туралы хабарламаларды Банк Банктің интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) немесе Клиенттерге SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар жіберу арқылы жариялайды. Хабарлау тәртібін таңдауды Банк Қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып дербес айқындайды.

- 6.27. Егер Салым шартында Салым сомасынан ішінара алу көзделсе, онда көлемі Салым шартында айқындалған төмендетілмейтін қалдық сомасы сақталған жағдайда ақшаны ішінара алуға рұқсат етіледі. Бұл ретте алынатын ақша сомасы алдымен соңғы жарнаның сомасын, содан кейін оның алдындағы әрбір жарнаны ретімен азайтады.
- 6.28. Ішінара алу, егер олар Клиентпен жасалған Салым шартында рұқсат етілсе және/немесе барлық салым сомасын алу Жинақ шоттан Ағымдағы шотқа ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Жинақ шоттан ақшаны Ағымдағы шоттың/Карта пайдаланылатын Ағымдағы шоттың валютасынан өзгеше валютаға аударған жағдайда, аударым сомасы Банк операцияны орындау сәтінде белгілеген айырбастау бағамы бойынша айырбасталады, бұл ретте Тарифтерде айқындалған мөлшерде айырбастау үшін Банктің комиссиясы бір мезгілде ұсталады.
- 6.29. Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алу жағдайларын қоспағанда, Клиенттің Жинақ шоттан басқа екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа Салым сомасын аударып ішінара алуына немесе Салым сомасын толықтай алуына жол берілмейді.
- 6.30. Салымнан ақша ішінара алынған жағдайда, салымның алынған бөлігі бойынша есептелген сыйақы Салым шартында көзделген тәртіппен қайта есептеледі.
- 6.31. Қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша Салым сомасын (оның бір бөлігін) мерзімінен бұрын ішінара немесе толық алған жағдайда, Салымда қалған ақша сомасы төмендетілмейтін қалдық сомасынан аз болса немесе Салым толық алынса, Салым шарты мерзімінен бұрын бұзылған болып саналады. Бұл ретте есептелген сыйақы Салым шартында көзделген тәртіппен қайта есептеледі, Салымның қалдығы (болған жағдайда) Жинақ шотта қалады.
- 6.32. Салымшы Салым сомасын оның мерзімі өткеннен кейін талап етпеген жағдайда (егер Салым шартында автоматты түрде ұзарту көзделмесе), онда Салым сомасы мен есептелген сыйақы Клиенттің Ағымдағы шотына аударылады, бұл ретте сыйақы Салым мерзімі өткеннен кейін Салым шартының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты есептелмейді.
- 6.33. Салымшы Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Салымды талап етпеген жағдайда, Салым шартында көрсетілген Салымды бастапқы орналастыру мерзіміне ұқсас мерзімге Салымның осы түрі бойынша Банкте қолданылатын сыйақы мөлшерлемесі бойынша тиісті ұзарту күніне автоматты түрде ұзарту жүзеге асырылады. Ұзарту Салымның осы түріне ақша қабылдауды тоқтату туралы Банк шешім қабылдаған сәтке дейін шектеусіз рет жүзеге асырылады. Бұл ретте, мұндай Шарттың талаптары Салым мерзімі аяқталғанға дейін қолданысын жалғастырады. Егер Салым сомасын Салым шартының мерзімі өткеннен кейін Клиент талап етпеген жағдайда, ұзарту шарттарын ескере отырып, Салым сомасы мен ол бойынша тиесілі сыйақыны Банк Клиенттің қолда бар Ағымдағы шотына/шоттарына, оның ішінде Салым шартында көрсетілген Ағымдағы шотқа аударатын болады. Салым Жинақ шотынан Ағымдағы шотқа аударылғаннан кейін Салым шарты мерзімінің өтуіне байланысты салым бойынша сыйақы есептелмейді.
- 6.34. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Салым шартының мерзімі ұзартылған жағдайда, Салым мерзімі ішінде есептелген сыйақы Салым сомасын ұлғайтпайды (капиталданбайды).
- 6.35. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу есептеу жүргізілетін айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күнінде ай сайын жүзеге асырылады. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, жарна салым бойынша есептелген сыйақыны кезекті төлеу күні Салымда 1 (бір) айдан аз болған жағдайда, мұндай жарна бойынша сыйақы кезекті сыйақы төлеу күніне Салымда осы жарнаның нақты болу мерзімі ескеріле отырып төленеді.
- 6.36. Банк Салым сомасын және сыйақыны салымшының немесе Қолданыстағы заңнама талаптарына жауап беретін оның нотариалды куәландырылған сенімхатының түпнұсқасы негізінде әрекет ететін Уәкілетті тұлғасының талабы бойынша қайтарады. Салым қайтарылған кезде сол сәтте оған тиесілі барлық сыйақы төленеді.
- 6.37. Салымшының, Банктің немесе үшінші тұлғалардың талабы бойынша Салымның барлық сомасы, Салымға енгізілген қосымша жарналардың барлық сомасы толық қайтарылған және/немесе алынған және тиісті сыйақы төленген кезде Жинақ шоты жабылады, ал Салым шарты бұзылған болып саналады.

6.38. Салым сомасын қайтаруды және есептелген сыйақыны төлеуді Банк Клиенттің Ағымдағы шотына Салым шартында белгіленген мерзімде және талаптармен жүзеге асырады. Егер сыйақыны төлеу күні жұмыс істемейтін (демалыс/мереке) күнге сәйкес келсе, онда есептелген сыйақы жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні төленеді.

**Клиенттердің кірістерінің төлем көзінен жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС),
корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – КТС) Салымдар бойынша сыйақы түрінде
ұстап қалу**

6.39. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін кіріс төлем көзінен салық салуға жататын болса, Банк Клиентке сыйақы төлеу кезінде бюджетке одан әрі аудару мақсатында Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлем көзінен ЖТС/КТС сомасын ұстап қалады.

6.40. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Салымдар бойынша төленетін сыйақы түріндегі кірістерден Банк салық агенті ретінде Клиенттің сыйақысынан Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мөлшерлеме бойынша ЖТС/КТС ұстайды.

Клиентке кассалық қызмет көрсету

6.41. Ұлттық және шетел валюталарында айналымдағы банкноттар мен монеталарды қабылдауды, қайта есептеуді, ұсақтауды, айырбастауды, беруді, сұрыптауды және буып-түюді қамтитын қолма-қол ақшамен операцияларды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ІНҚ-да белгіленген тәртіппен, сондай-ақ БҚКШ-да көзделген нормаларды ескере отырып жүзеге асырады.

6.42. Банк Ағымдағы шот ашылған Банк бөлімшесінде/Банктің кез келген бөлімшесінде қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша қызмет көрсетеді. Үшінші тұлға сенімхатсыз Банк кассасына қолма-қол ақша енгізген жағдайда, Клиент осы арқылы Банк ақша салушыны мұқият сәйкестендіру мақсатында қосымша мәліметтер/құжаттарды сұрататынына келіседі, сондай-ақ Клиент пен үшінші тұлға (агент/дистрибьютор/өзге тұлға) арасында жасалған, Клиенттің Ағымдағы шотына есепке алу үшін қолма-қол ақша енгізуді көздейтін шарттың бар екенін растайды.

6.43. Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Банкпен шарт жасасқан төлем ұйымдарының тізілімінде тіркеген төлем ұйымдарының терминалдары арқылы Клиент енгізген қолма-қол ақшаны есепке жатқызу бойынша қызмет көрсетеді.

6.44. Ағымдағы шотқа өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (банкоматтар /төлем ұйымдарының терминалдары) арқылы қолма-қол ақша енгізу бойынша операцияларды Клиенттің уәкілетті тұлғасы ғана жүзеге асырады, Банкке осындай тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды (қажет болған жағдайда операция жүргізуге сенімхат) алдын ала ұсынуы, оларды биометриялық сәйкестендіру және Банктің ақша енгізуші тұлғаның сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін және Банк оның ұялы телефон нөміріне SMS-хабарламамен жіберген динамикалық кодты тексеру арқылы жүзеге асырылатын тиісті түрде тексеруі шартты.

6.45. Клиенттің Уәкілетті тұлғасының өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (банкоматтар/төлем ұйымдарының терминалдары) арқылы қолма-қол ақшаны енгізуі және оларды әрі қарай Банктің Ағымдағы шотқа аударуы мынадай шарттарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) Операция жасау үшін ағымдағы шот және операция валютасы – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы;

2) Банк белгілеген операциялық күн ішінде нақты уақыт режимінде ақшаны есепке жатқызу.

6.46. Бұл ретте Клиенттің Уәкілетті тұлғасы операциялық күн аяқталғаннан кейін енгізген ақша Банктің келесі операциялық күні Ағымдағы шотқа есепке жатқызылады. Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (банкоматтар/төлем ұйымдарының терминалдары) арқылы қолма-қол ақша енгізу бойынша операцияны жүргізу ақша салушы тұлғаға операцияның жүргізілгенін растайтын чекті берумен расталады, ал Банк Шотқа ақшаны есепке жатқызған кезде төлем құжатының мақсатына Клиенттің қолма-қол ақшаны енгізген Сенім білдірілген тұлғасының сәйкестендіру деректерін (аты-жөнін және ЖСН) көрсетеді.

6.47. Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (банкоматтар/төлем ұйымдарының терминалдары) арқылы енгізілген ақшаны Ағымдағы шотқа есепке жатқызу бойынша қызметті үздіксіз және уақтылы көрсету мақсатында Клиент Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының ұялы телефондарының өзекті/қолданыстағы нөмірлері туралы ақпаратты Банкке алдын ала жазбаша түрде ұсынады.

6.48. Қолма-қол ақша беру Ағымдағы шотқа билік етуге шектеулер қойылмаса, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ақша беруге байланысты төлеуге жататын Банктің комиссиялық сыйақысының сомасы ескеріле отырып, Ағымдағы шоттағы қолжетімді ақша қалдығы шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-де көзделген төлем құжаттарының негізінде жүргізіледі.

6.49. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-де көзделген жағдайларда Клиент қолма-қол ақша алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-ге сәйкес алдын ала өтінім және өзге де құжаттар/мәліметтер ұсынады.

6.50. Қолма-қол ақша беру бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің ІНҚ-мен шектелуі мүмкін.

6.51. Кәсіпкерлік субъектілерінің күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақша алуға Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекті мөлшерлерді сақтау мақсатында Банк пайдаланылатын, банктік шоттар мен құралдарды ескере отырып, қолма-қол ақша алу бойынша ішкі лимиттерді белгілейді, соған сәйкес Банк:

- 1) Клиент белгіленген шектеулерден асып кетсе, қолма-қол ақша беруден бас тартуға;
- 2) мәліметтерді және (немесе) құжаттарды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Мемлекеттік кірістер органы) беруге келісімді қоса алғанда, құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.

6.52. Егер Клиенттің күнтізбелік ай ішінде Ағымдағы шоттан алатын қолма-қол ақша сомасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген алу сомасының шекті мөлшерінен және Банктің ішкі лимиттерінен асып кетсе, онда Банк мемлекеттік кірістер органына банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу мақсатын растайтын құжаттарды, мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруге келісімді, оның ішінде мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер және (немесе) құжаттар алмасуды жүзеге асыру мақсатында жібереді. Банк 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін көрсетілген мерзімде мемлекеттік кірістер органынан Клиентке қолма-қол ақша беруден бас тарту үшін негіздердің болуы не болмауы туралы мәліметтерді алмаған жағдайда, алу сомасының шекті мөлшерінен асатын қолма-қол ақша беруді жүзеге асырады.

Клиенттің валюталық операциялары және айырбастау

6.53. Ағымдағы шот бойынша төлемдерді және (немесе) аударымдарды қоса алғанда, шетел валютасындағы барлық операциялар, Ағымдағы шот бойынша шетел валютасын айырбастау, сондай-ақ валютаға қатысты басқа да операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Банктің ішкі нормативтік құжаттарын және БҚКШ ескере отырып жүзеге асырылады.

6.54. Клиент шетел валютасымен Ағымдағы шот ашуға және жүргізуге байланысты тәуекелді өзіне алады, бұл тәуекел валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді, сондай-ақ салықтарды және Ағымдағы шоттағы ақшаға немесе оларды пайдалану операцияларына таралуы мүмкін басқа да міндетті төлемдерді енгізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шетел валютасына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шет мемлекеттің заңнамасында белгіленген шектеулерге байланысты туындауы мүмкін.

6.55. Банк резиденттің және (немесе) бейрезиденттің валюталық операциялары бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын олар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырады.

6.56. Валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында тізбесі белгіленген валюталық шарттардың және өзге де құжаттардың

түпнұсқаларын, сондай-ақ шет тілінде жасалған құжаттардың қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын танысу үшін сұратуға құқылы.

6.57. Клиент мыналар туралы:

6.57.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы;

6.57.2. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық келісімдерде белгіленген валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына және шетелдік салық агенттеріне ақпарат беру, сондай-ақ Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол беруі туралы құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдарды Банктің хабардар етуі бөлігіндегі міндеттері туралы;

6.57.3. Ағымдағы шоттан шетел валютасында ақша аудару бойынша операцияны жүргізген кезде корреспондент-банктің немесе делдал-банктің:

- Клиенттің төлемін және (немесе) ақша аударуын орындауды белгісіз мерзімге тоқтата алатыны, сондай-ақ жасалатын Операция бойынша кез келген қажетті қосымша мәліметтерді/құжаттарды сұрата алатыны туралы;
- шетел валютасындағы ақшаны аударуды аяқтаудан бас тарта алатынын, мұндай бас тартудың себептерін нақты көрсетпей ақшаны корреспондент-банк(тер) ұстаған комиссияны шегере отырып Банкке қайтара алатыны туралы хабардар етілгендігін растайды.

6.58. Клиент мыналарға:

6.58.1. Қазақстан Республикасының валюталық реттеу саласындағы заңнамасының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасынан ақша шығаруға бағытталуы мүмкін валюталық операция бойынша ақша төлеу (немесе) аудару туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына беруге келісім береді. Клиент берген келісім Шот шарты және БҚКШ шеңберінде Ағымдағы шот бойынша жүзеге асырылатын барлық төлемдерге және (немесе) аударымдарға қолданылады;

6.58.2. Клиенттің операциясын жүргізуге қатысатын корреспондент-банктің, делдал-банктің сұрау салуы бойынша Банктің операцияға және оған қатысушы тұлғаларға қатысты барлық қажетті мәліметтер мен түсіндірмелерді ұсынуына келісім береді, ал егер Банкте сұрау салынған мәліметтер болмаса, Клиент Банкке осындай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды толық көлемде және Банк анықтаған мерзімде береді;

6.58.3. Клиент дұрыс емес деректемелермен жіберген шетелдік валютадағы төлемді Ағымдағы шотқа Клиенттің операциясын жүргізуге қатысқан корреспондент-банктер және (немесе) делдал-банктер ұстап қалған комиссияларды шегере отырып қайтарған жағдайда Банктің жауапты болмайтындығына келісім береді.

6.59. Айырбастау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастау шарттары мен операцияның мақсаттарын қамтитын Клиенттің тиісті түрде рәсімделген нұсқауы негізінде Ағымдағы шоттағы соманың шегінде жүзеге асырылады.

6.60. Операциялар операция жүргізілген кездегі Банк белгілеген валюта айырбастау бағамын қолданып, сондай-ақ Тарифтерге сәйкес (осындай комиссия болса) айырбастау үшін Банктің комиссиялық сыйақысын ұстап отырып жүзеге асырылады.

6.61. Айырбастау үшін пайдаланылуы мүмкін валюталардың тізімін, сондай-ақ айырбастау үшін валюта айырбастау бағамын Банк дербес белгілейді және оны өз қалауы бойынша өзгерте алады.

6.62. Тұлға Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбаған, күмәнді құжаттарды ұсынған не Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген әрекеттерді жүзеге асырмаған жағдайда Банк валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тартады.

Жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған Ағымдағы шотын ашу және жүргізу

6.63. Банк жеке сот орындаушысы қол қойған Қосылу туралы өтініштің негізінде өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтау үшін Ағымдағы шот (бұдан әрі – ЖСО шоты) ашады және жүргізеді.

6.64. ЖСО шотының режимі Клиенттің өзге Шоттарына тарамайды.

6.65. ЖСО шоты бойынша операциялар тек қана қолма-қол ақшасыз нысанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және төлем құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Жеке нотариус борышкерден кредиторға беру үшін депозитке қабылдайтын ақшаны сақтауға арналған жеке нотариустың Ағымдағы шотын (нотариустың депозитін) ашу және жүргізу

6.66. Банк жеке нотариус қол қойған Қосылу туралы өтініштің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жеке нотариус кредиторға беру үшін (бұдан әрі – Депонент) борышкерден депозитке қабылдайтын ақшаны сақтауға арналған Ағымдағы шотты (бұдан әрі – Нотариус депозиті) ашады және жүргізеді.

6.67. Нотариус депозиті шотының режимі Клиенттің өзге Ағымдағы шоттарына тарамайды.

6.68. Нотариус депозитіне ақша енгізуге/аударуға келісімді қамтитын, жеке нотариустың қолы қойылып, мөрі басылған, Банкке арналған құжатты ұсынып, борышкер Банкте Нотариус депозитіне ақша енгізуді/аударуды қолма-қол ақша енгізу не қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүзеге асырады.

6.69. Нотариус депозитіне ақша салған/Нотариус депозитінен ақша аударған/берген кезде Борышкер Банкке операция жүргізгені үшін комиссиялық сыйақы сомасын төлеуге міндетті.

6.70. Нотариус депозитінен ақша беру: – Депонентке-жеке тұлғаға қолма-қол ақшамен не оның банктік шотына аудару арқылы; – Депонентке-занды тұлғаға ақшаны оның банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

6.71. Банк Нотариус депозитінен Депонентке қолма-қол ақша беруді Депонент-жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған күнін, Депонентке төленуге жататын ақша сомасын, Депоненттің жеке сәйкестендіру кодын қамтитын жеке нотариустың өтініші негізінде жүзеге асырады.

6.72. Банк Нотариус депозитінен Депонентке ақша аударуды Депонент-жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған күнін немесе Депонент-занды тұлғаның атауын және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Банкке ұсынылған нұсқауын қамтитын жеке нотариустың өтініші негізінде жүзеге асырады.

6.73. Нотариус депозитінің ақшасын беру не аудару үшін Депонент Банкке жеке нотариустың өтінішін және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Борышкердің Нотариус депозитіне ақша енгізу/аудару фактісін растайтын төлем құжатының көшірмелері;
- 2) Нотариус депозитінен қолма-қол ақша бергенде – Депоненттің ақша беру туралы өтініші, онда қойылған қолдың түпнұсқалығын Нотариус депозитін ашқан жеке нотариус Депоненттің-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін және Депоненттің Нотариус депозитіндегі ақшаны алуға құқығын растайтын құжаттың атауын көрсете отырып, нотариалды куәландырады және Депоненттің-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) клиенттің Ағымдағы шотынан ақша аударған кезде – Депонент-жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттың немесе Депонент-занды тұлға үшін мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттың көшірмесі.

6.74. Банк Нотариус депозитіне ақша енгізген Борышкерге ақшаны қайтаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде заңды күшіне енген сот шешімі не Борышкер-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні немесе Борышкер-занды тұлғаның атауы қамтылған жеке нотариустың өтініші негізінде мыналарды қоса тіркей отырып жүзеге асырады:

- 1) Нотариус депозитіне Борышкердің ақша салғаны туралы түбіртектің көшірмесі;

- 2) Нотариус депозитіне ақша салған Борышкерге ақшаны қайтаруға Депоненттің келісімі туралы нотариалды куәландырылған өтініш;
- 3) Борышкердің ақшаны өзіне қайтару туралы нотариалды куәландырылған өтініші.
- 6.75. Жеке нотариус лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайларда Нотариус депозитіне салынған ақша аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімі негізінде аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімінде анықталған басқа нотариустың депозитіне аударылады, бұл ретте Банк Нотариус депозитін жабады.
- 6.76. Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен айқындалған нотариус ақша аудару үшін Банкке төлем тапсырмасын ұсынады және аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімін қоса береді.
- 6.77. Нотариус депозитіне қызмет көрсету бойынша жеке нотариустың Шартта және Талаптарда көзделген, осы бөлімнің талаптарына қайшы келетін құқықтары Нотариус депозитінің қолданылу кезеңінде Тараптардың құқықтық қатынастарына қолданылмайды деп танылады.

Шотты жабу тәртібі

- 6.78. Қазақстан Республикасының заңнамасында, БҚКШ-да және (немесе) Банк пен Клиент арасында жасалған өзге де Шартта көзделген тәртіппен Шот шартының, Салым шартының немесе БҚКШ-ның қолданылуы тоқтатылған не орындаудан бас тартқан жағдайда Клиенттің шотын жабуды Клиенттің өтініші бойынша немесе банк өз бетінше жүзеге асырады.
- 6.79. Клиенттің өтініші бойынша Шотты жабу Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ және БҚКШ талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.
- 6.80. Шотқа қойылған, Қазақстан Республикасының заңнамасында және БҚКШ-да көзделген талаптар орындалмаған болса, Клиенттің өтініші бойынша Шотты жабуға жол берілмейді.
- 6.81. Шот шартының және Салым шартының қолданылуы Клиент-заңды тұлғаның таратылуына байланысты оның қызметі тоқтатылған жағдайда тоқтатылады. Банк Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы енгізілген мәліметтерге сүйеніп, клиент-заңды тұлғаның Шотын жабады.

7. БАНКТІК ҚАРЫЗ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 7.1. Осы БҚКШ талаптарымен Банктің Қарыз алушыларына банктік қарыз берудің жалпы тәртібі мен талаптары регламенттелген. Банк Қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен қайтарымдылық, мерзімділік, төлемділік, кейбір жағдайларда қамтамасыз ету және мақсатты пайдалану талаптарында және әрі қарай банктік қарыз беру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан Банктің қарыз қаражаттарын тарту шарттарымен кредит берудің әртүрлі құралдарын ұсынады.
- 7.2. Банк Қарыз алушыға Кредит желісін ашып, оның шеңберінде Қарыз алушыға кредит беру құралдарын ұсынады. Кредит желісінің түрі (жаңартылатын/жаңартылмайтын), кредиттік құралдардың түрлері Банктік қарыз шартында айқындалады. Кредит желісі Қарыз алушыға Кредит желісін ашу туралы келісімге сәйкес ашылады.
- 7.3. БҚКШ және (немесе) Кредит желісін ашу туралы келісім шеңберінде Қарыз алушымен Банктік қарыз шарты (тары) жасалады, оларға сәйкес банктік қарыздар беріледі.
- 7.4. Банктің қарыз шартының мәні банктік қарыз сомасын Қарыз алушының банктік қарызды беру және өтеу үшін Банкте ашылған банктік (ағымдағы) шотына аудару арқылы беріледі. Қарыз алушы Банк Серіктесінен тауар/қызмет сатып алатын кредит беру бағдарламалары бойынша банктік қарыз беруді Банк банктік қарыз сомасын Серіктестің шотына аудару арқылы жүзеге асырады.
- 7.5. Қарыз алушы Банк талап ететін барлық тиісті түрде рәсімделген құжаттарды ұсынғанда, Банк банктік қарыз береді.

7.6. Банк кредиттік бюролардың деректер базасына Қарыз алушы, жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, Қарыз алушының және Банктің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруіне, кредиттік бюролардан кредиттік есептердің берілуіне, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты және Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес берілуі қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтерді Банктің беруіне Қарыз алушының жазбаша келісімі болғанда банктік қарыз береді. Осындай келісімдер Қарыз алушының қол қоюы үшін міндетті Қосылу туралы өтініште қамтылған.

7.7. Банк пен Қарыз алушы арасында Банктік қарыз шартын жасау, банктік қарыз беру Банк пен Қарыз алушы келіскен және Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында бекітілген ережелерге сәйкес, сондай-ақ Қарыз алушы барлық құжаттарды, келісімдерді, өтініштерді, сауалнамаларды ұсынғанда және Мобильді қосымшада сұралатын барлық экран нысандарын толтырғанда және БҚКШ-да көрсетілген міндеттемелерді тиісті түрде орындамау фактілері болмаған жағдайда мүмкін болады.

7.8. Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шартын жасағанға дейін ол банктік қарыздар бойынша мынадай ақпаратты жеткілікті түрде алғанын және ауызша танысқанын растайды:

- 1) банктік қарыз беру мерзімі;
- 2) банктік қарыздың шекті сомасы мен валютасы;
- 3) сыйақы мөлшерлемесінің түрі: тиянақталған немесе құбылмалы, егер сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болса, есептеу тәртібі;
- 4) жылдық пайыздардағы сыйақы мөлшерлемесінің көлемі және клиент өтініш берген күнгі оның шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі көлемі (нақты құны);
- 5) банктік қарызды алуға және оған қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты Банк пайдасына төленетін Банк комиссияларының, Тарифтерінің және өзге де шығыстардың толық тізбесі және мөлшері;
- 6) Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда клиенттің жауапкершілігі мен тәуекелдері;
- 7) кепіл берушінің, кепілгердің, кепілдеме берушінің және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі;
- 8) банктік қарыз шартын жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі.

7.9. Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты жасалғанға дейін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (жылдық пайызбен не белгіленген сомада), сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сондай-ақ банктік қарыз бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етілгенін растайды.

7.10. Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісімді/Банктік қарыз шартын жасағанға дейін оған қарызды өтеу әдісін таңдау үшін Қарызды өтеу кестелерінің жобалары ұсынылғанын растайды: аннуитеттік, сараланған және қосымша әдіс (мұндай шарт Банктің ІНҚ-да болған жағдайда). Сондай-ақ, Қарыз алушы оған Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шартының талаптарымен және тиісті Өтеу кестелерімен танысуға жеткілікті уақыт берілгенін растайды.

7.11. Осы арқылы Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісімді/Банктік қарыз шартын жасаған кезде Мобильді қосымша арқылы Банктік қарыз шартында Банктің электрондық-цифрлық қолтаңбасын пайдалануға және қоюға келіседі. Банктік қарыз шартына қоса берілетін банктік қарызды өтеу кестесі Қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін қаржылық талдау негізінде жасалады. Қарыз алушының бизнесі маусымдық сипатта болған жағдайда, жеңілдікті кезеңді белгілеу мүмкіндігі қаралуы мүмкін, мұнда Қарыз алушы ай сайын банктік қарыз бойынша сыйақыны ғана өтейді, ал негізгі борышты – жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін банктік қарыз мерзімі ішінде кемінде 2 (екі) төлеммен өтейді.

Қарыз алушы Қарыз алушының өзі де, оның үлестес тұлғалары да, Қарыз алушының атынан әрекет ететін қандай да бір басқа тұлға да есірткі саудасын, сыбайлас жемқорлықты, ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекетті, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда (бірақ шектелмей), заңсыз қызметпен айналыспайтынын және

болашақта айналыспайтынын Кредит желісін ашу туралы келісімге/Банктік қарыз шартына қол қойылған күні растайды, сондай-ақ оның бүкіл қолданылу мерзіміне кепілдік береді.

Қарыз алушы өзімен жасалған Кредит желісін ашу туралы келісім шеңберінде әрбір (кезекті) банктік қарызды беру Банктің міндеті емес, құқығы болып табылатынын растайды және келіседі. Бұл Банк әрбір банктік қарызды беру туралы мәселені алдыңғы банктік қарыздар бойынша қабылданған шешімдерге тәуелсіз және жеке қарайтынын білдіреді және өз қарауы бойынша, оның ішінде Қарыз алушының алдыңғы банктік қарыздар бойынша Банк алдында өтелмеген берешегі болғанда Қарыз алушыға Кредит желісін ашу туралы келісім шеңберінде кезекті банктік қарыз беруден бас тартуға құқылы.

7.12. Банктің қарыз шарты банктік қарыз сомасын Қарыз алушының банктік қарызды беру және өтеу үшін Банкте ашылған банктік шотына аудару сәтінен бастап жасалған болып саналады.

7.13. Банктік қарызды өтеу талаптары мен тәртібі

7.13.1. Банктік қарызды/Берешекті өтеу тәртібі, талаптары, мерзімділігі, кезектілігі, күндері, Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк қабылдайтын шаралар, Берешекті, оның ішінде Негізгі борышты, Сыйақыны өтеу тәсілдері мен әдістері, Банктік қарыз шарты бойынша өтелетін ең төменгі сома Банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес айқындалады

7.13.2. Егер Банктік қарыз шарты бойынша кезекті төлемді төлеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, онда келесі төлем тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, демалыс немесе мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

7.13.3. Мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу Қарыз алушының жазбаша өтініші, оның ішінде Банктің ҚБҚК жүйесі арқылы берілген өтініші негізінде жүреді. Банктік қарыз сомасын мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда, Банк Өтеу кестесін қайта қарайды. Бұл ретте Қарыз алушы банктік қарызды мерзімінен бұрын ішінара өтеу Банктік қарыз шарты бойынша кемінде 2 (екі) төлем мөлшерінде өтеу сомасын енгізген кезде ғана жүзеге асырылатынын растайды және келіседі.

7.13.4. Мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу кезінде Қарыз алушы Банкке мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу күніне дейін (қоса алғанда) есептелген банктік қарызды пайдаланғаны үшін сыйақыны төлейді. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкелетін Банктік қарыз шарты бойынша өтеу шарттары өзгерген жағдайда тараптар арасында қолма-қол не ҚБҚК жүйесі арқылы өзгертілген Өтеу кестесіне қол қойылады. Өзгертілген Өтеу кестесі Банктік қарыз шартына қоса тіркеледі және бұрын қолданыста болған кестені ауыстырады.

7.13.5. Негізгі борышты және есептелген Сыйақыны қайтару бойынша кезекті төлем төленбесе немесе төлемдер Банктік қарыз шартының Өтеу кестесінде көрсетілген кезекті төлем сомасынан аз болса, төлем мерзімі өткен болып есептеледі.

7.13.6. Банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен Берешек деп мыналар танылады:

- Өтеу кестесінде белгіленген соманы уақтылы немесе толық өтемеу;
- комиссия сомасын уақтылы немесе толық өтемеу;
- тұрақсыздық айыбы сомасын (Банктік қарыз шартында белгіленген айыппұлдарды, өсімпұлдарды) уақтылы немесе толық өтемеу;
- Банктік қарыз шарты бойынша және/немесе Банктің талабы бойынша өтеуге ұсынылған өзге Берешек.

7.13.7. Қарыз алушы банктік қарызды/Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне жүргізетін барлық төлемдер банктік қарызды өтеу үшін Банкте ашылған Шотқа банктік қарыз валютасында немесе Шот валютасына айырбастаумен шетел валютасында қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен енгізу арқылы жүзеге асырылуға тиіс және оларды Банктің нақты алуы бойынша алынған деп бағаланады. Банк Банктік қарыз шартының және БҚКШ негізінде және Қарыз алушының Банк алдындағы Берешегін өтеу үшін Қарыз алушының қандай да бір қосымша келісімінсіз Қарыз алушының Шотын және басқа да шоттарын дебеттеуге уәкілетті.

7.13.8. Осы арқылы Қарыз алушы Банкке Банкте және/немесе басқа банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының Шотын/Жинақ шотын(-тарын) немесе Қарыз алушының банктік шоттарын/жинақ шоттарын тікелей дебеттеу арқылы Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының төлеуге жататын кез келген валютадағы және сомадағы ақшасын алуға, осылайша өндіріп алынған соманы Қарыз алушының орындалмаған міндеттемелерінің валютасына есептен шығару сәтіндегі айырбастау күні Банкте қолданылатын теңгеге валюта бағамы бойынша айырбастауға қайтарымсыз келісімін береді.

7.13.9. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) ұлғаюына, банктік қарыз мерзімінің ұлғаюына, сыйақы мөлшерлемесінің ұлғаюына, сондай-ақ банктік қарыз валютасының өзгеруіне әкеп соғатын банктік қарыз шарттары өзгерген кезде Банк өзгертілген шарттармен Қосымша келісім жасайды.

7.13.10. Банктік қарыз алуға өтініш, сауалнама, БҚКШ талаптары мен Банктің Тарифтері және Өтеу кестесі, сондай-ақ Банктік қарыз шартына барлық қосымшалар Банктік қарыз шартының ажырамас бөлігі болып табылады және Қарыз алушыға ҚБҚК жүйесінде қарау үшін қолжетімді болады, осыған байланысты Қарыз алушы жүргізілген өзгерістер туралы хабардар етілген болып есептеледі.

7.13.11. Банктік қарызды өтеу Қарыз алушының Банкте банктік қарызды беру және өтеу үшін ашылған Ағымдағы шотына жүргізіледі.

7.14. Қарыз алушының кепілдігі

7.14.1. Қарыз алушы кредит қаражатын банктік қарыздың нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға кепілдік береді.

7.14.2. Берілген банктік қарыз бойынша қаржы өнімінің шарттары бұзылса, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, нысаналы мақсаты бойынша пайдалану талаптары бұзылса, Қарыз алушы және/немесе Қоса қарыз алушы қызмет түрі бойынша бағдарламаның талаптарына сәйкес келмесе, Банктің және/немесе кредит беру бағдарламасына қатысты өзге де үшінші тұлғалардың сұрау салуы бойынша есептілікті, ақпаратты немесе кез келген басқа ақпаратты ұсынбаса немесе Банк үшін айыппұл төлеуге және/немесе бағдарламаның кредиттік қаражатын Банктің меншікті қаражатымен ауыстыруға әкелетін кез келген басқа әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді жасаса, Қарыз алушы Банк алдында төленген айыппұлдар бойынша келген барлық шығынды өтеуге, сондай-ақ игерілген барлық кредиттік қаражатты Банкке тиесілі сыйақымен бірге қайтаруға міндеттенеді.

7.15. Қарыз алушы Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Банк қабылдайтын шаралар

7.15.1. Банктік қарыз шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен, төлем талаптарын беру арқылы және/немесе төлем (операция) ордерлері негізінде Қарыз алушының, Қоса қарыз алушының (егер кредиттік мәміленің құрамында бар болса) Банкте, басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы кез келген берешек сомасын кез келген валютада алу/есептен шығару (даусыз тәртіппен өндіріп алу). Осы арқылы Қарыз алушы Банкке, қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкте және/немесе басқа банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының кез келген шоттарынан Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының ағымдағы және мерзімі өткен Берешегінің сомасын акцептісіз, тікелей дебеттеу тәртібімен кез келген валютада ақша алуға, осылайша өндіріп алынған сомаларды айырбастау күні есептен шығару сәтінде Банкте қолданыстағы бағамдар бойынша Қарыз алушының орындалмаған міндеттемелерінің валютасына айырбастауға құқық береді;

7.15.2. тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуді талап ету;

7.15.3. осы Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша барлық міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету;

7.15.4. соттан тыс өткізу арқылы және/немесе сот тәртібімен кепілге қойылған мүліктің құнынан қанағаттандыруды алу;

7.15.5. үшінші тұлғалар жүргізетін өндіріп алуға қосылу;

7.15.6. үшінші тұлғаларға Банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының берешегін өндіріп алуды тапсыру.

7.15.7. Кредит желісін ашу туралы келісімге/Банктік қарыз шартына қол қою арқылы Қарыз алушы Банкке Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаларға Банктің талаптарында және оның қарауы бойынша беруге келісімін береді.

7.16. Қарыз алушының құқықтары:

7.16.1. бір жылға дейінгі мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап алты айға дейін, бір жылдан асатын мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты қарыз алушы-заңды тұлғаның мерзімінен бұрын ішінара өтеу немесе мерзімінен бұрын толық өтеу жағдайларын қоспағанда, банктік қарызды пайдаланған нақты уақыт үшін сыйақы төлей отырып және тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, банктік қарызды мерзімінен бұрын өтеу;

7.16.2. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеу;

7.16.3. өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, айына кем дегенде бір рет Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша түрде алу;

7.16.4. банктік қарыз бойынша берешек толық өтелгеннен кейін өтініш бойынша өтінішті жазбаша нысанда алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде берешектің жоқтығы туралы анықтаманы алу;

7.16.5. Банктік қарыз шарты бойынша берілген ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш бойынша ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы мәліметті жазбаша нысанда алу;

7.16.6. Банктік қарыз шартының талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсарту шарттарынан бас тарту. Осы тармақтың мақсаттарында қарыз алушы үшін банктік қарыз шартының талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі: банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге де төлемдердің азаю жағына қарай өзгеруі немесе толық жойылуы; тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) азаю жағына қарай өзгеруі немесе толық жойылуы; Банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің азаю жағына қарай өзгеруі; өтеу мерзімін кейінге қалдыру, соның ішінде мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдыру және (немесе) Банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді бөліп төлеу; шетел валютасында берілген ипотекалық қарыз бойынша ақшалай міндеттемені қарыздың шетел валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына ауыстыру кезінде азайту жағына өзгерту;

7.16.7. алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаса Банкке жазбаша жүгіну және Қолданыстағы заңнамада және Банктің ІНҚ-де белгіленген мерзімде жауап алу.

7.17. Қарыз алушының міндеттері:

7.17.1. Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген мерзімде және мөлшерде банктік қарызды толық өтеу, тиесілі Сыйақыны және өзге де төлемдерді төлеу;

7.17.2. Кредит желісін ашу туралы келісімге/Банктік қарыз шартына қол қоюға және орындауға байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қарыз алушының Кредит желісін ашу туралы келісім және(немесе) Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін бұзуы нәтижесінде Банктің тартқан шығыстарын көтеру;

7.17.3. Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаудың нақты не ықтимал жағдайлары туралы Банкті уақтылы хабардар ету, сондай-ақ Банкке:

- қарыздың нысаналы мақсатта пайдаланылуына әсер етуге қабілетті кез келген оқиғалар туралы;
- Банктік қарыз шартының талаптарын кез келген бұзу туралы дереу хабарлау;

7.17.4. бір жылға дейінгі мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап алты ай өткенге дейін және бір жылдан асатын мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап бір жыл өткенге дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеген жағдайда Қарыз алушы-заңды тұлға Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеуге міндетті;

7.17.5. кепіл беруші, кепілдік беруші, кепілгер ретінде әрекет ететін немесе Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін басқаша қамтамасыз ететін үшінші тұлғаларға негізгі міндеттеме сомасы, оны орындау мерзімі, сыйақы мөлшері және Банктік қарыз шартын орындамаудың және Банк алдындағы өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған жағдайда, кепіл, кепілдік, кепілгерлік шарттарын орындаудың салдары туралы хабарлау. Қажет болған жағдайда кепіл, кепілдік, кепілгерлік шарттарын және/немесе Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ететін өзге де шарттарды жасағанға дейін осы тұлғаларды Банктік қарыз шартының мазмұнымен таныстыру;

7.17.6. Қарыз алушыға байланысты өзгерістер болған жағдайда (ЖК тіркеу деректерін, тұрғылықты жерін өзгертсе, тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ауыстырса, жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстырса, заңды тұлғаны қайта тіркеу, заңды тұлға қатысушыларының және(немесе) атқарушы орган басшысының құрамын өзгерту орын алса, деректемелерді және Қарыз алушымен байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратын және байланысу тәсілін өзгертсе), осындай өзгерістер орын алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жаңа мәліметтерді хабарлау;

7.17.7. БҚКШ 7.17.6-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда Қарыз алушыға осы талапты орындамаудың барлық салдары жүктеледі және Тараптар Қарыз алушыға Банктік қарыз шартында көрсетілген мекенжайлар бойынша жіберілген барлық хат-хабарларды Қарыз алушы алған деп таниды. Хабарламаны Клиентке тапсырудың мүмкін еместігі туралы белгімен не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмауына байланысты хабарлама кері қайтарылған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі;

7.17.8. Банк Кредит желісін ашу туралы келісімді/Банктік қарыз шартын орындау шеңберінде сұрау салуы мүмкін кез келген ақпаратты, оның ішінде мыналарды, бірақ олармен шектелмей беру:

- 1) банктік қарызды нысаналы мақсатына пайдалану туралы ақпарат;
- 2) жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтер;
- 3) егер Банктің ІНҚ-де өзге мерзім айқындалмаса, әрбір қаржы жылы аяқталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша жылдық қаржылық есептілік;
- 4) егер Банк қаржылық есептіліктің өзге кезеңділігі мен оны беру мерзімін айқындамаса, әрбір тоқсан аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілік, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілік;

5) Банктің талап етуі бойынша – қаржылық есептілік, Қарыз алушының қаржылық жай-күйін (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге де есептілік және Банк Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты шеңберінде және Банктің ІНҚ-не сәйкес Банк айқындаған нысан және күні бойынша сұрата алатын, оның ішінде тәуелсіз аудитор растаған басқа да ақпарат. Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Банк жүргізу шығыстарын Қарыз алушы өтейтін аудитті өздігінен тағайындауға құқылы;

6) Банк айқындаған кезеңділікпен және Банктің талабы бойынша кез келген басқа уақытта – Қарыз алушының бюджет алдында берешегінің болуы/болмауы туралы құжат. Есепті кезеңде қаржылық жағдай өзгеріске ұшыраса, тәуекелдер туындаса және/немесе нашарласа, Қарыз алушы Банкке есептік құжаттамамен бір мезгілде қаржылық жағдайдың бастапқы (Кредит желісін ашу туралы келісімді/Банктік қарыз шартын жасасу сәтінде болған) көрсеткіштерден ауытқуының мәнін егжей-тегжейлі баяндай отырып, түсіндірме хат ұсынады. Қарыз алушы Банкке берілген қаржылық есептіліктің, оның қаржылық жай-күйін (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге де есептіліктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді және растайды.

7.17.9. Банктен алған банктік қарыздың есебінен сатып алынатын мүлік сатушысын Банкпен алдын ала келісу;

7.17.10. Банк кейіннен банктік қарыз беру үшін қарыз қаражатын алған халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдеріне, сондай-ақ Еуропалық Одақтың уәкілетті органдарына (Еуропалық комиссияны, OLAF және Еуропалық Одақтың Есеп палатасын қоса алғанда):

- банктік қарыз пайдаланылатын объектілер мен үй-жайларға;
- банктік қарыз қаражаты есебінен сатып алынған жабдықтар мен активтерге;
- банктік қарызды нысаналы мақсатта пайдалануға қатысты бухгалтерлік және жобалық құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету;

7.17.11. Тексеру жүргізу кезінде БҚКШ 7.17.10-тармағында көрсетілген тұлғаларға көмек көрсету, қажетті ақпарат пен көмек беру;

7.17.12. БҚКШ 7.17.10-тармағында көрсетілген тұлғаларға ақпаратты ашуға келісім беру;

7.17.13. Халықаралық санкция салынған тұлғалармен іскерлік қатынас жасамау және банктік қарыз қаражатын олардың мүдделеріне пайдаланбау;

7.17.14. Банктік қарыз қаражатын салынған санкцияларды бұза отырып пайдалануға жол бермеу;

7.17.15. Банктік қарыз қаражатын Еуропалық Одақ стандарттарын қоса алғанда, қолданылатын экологиялық және әлеуметтік стандарттарға сәйкес пайдалану (Қазақстан Республикасының заңнамасымен танылған шамада);

7.17.16. Банктік қарызды нысаналы мақсатына сай пайдалану үшін талап етілетін барлық қажетті экологиялық, санитарлық, әлеуметтік және өзге де рұқсаттарды алу және сақтау;

7.17.17. Банктік қарыз есебінен сатып алынған мүлікті тиісті техникалық қалыпта ұстау және қызмет көрсету;

7.17.18. БҚКШ-ны орындауға және банктік қарызды пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы қаржыландыру аяқталған сәттен бастап кемінде 7 (жеті) жыл сақтау.

7.18. Қоса қарыз алушымен Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шартын жасаған жағдайда, ол:

7.18.1. алынған банктік қарызды, оның ішінде сыйақыны және банктік қарыз бойынша басқа да төлемдерді толық төлеу және қайтару міндеттемелерін орындау үшін ортақ жауапкершілік көтеруге міндеттенеді;

7.18.2. осы арқылы Қоса қарыз алушы Банкке Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша банктік қарыз алуына және Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының барлық берешегінің сомасын Кредит желісін ашу туралы келісімнің/Банктік қарыз шартының/БҚКШ негізінде және Қоса қарыз алушының тарапынан кез келген нысандағы қандай да бір қосымша келісімінсіз Қоса

қарыз алушының банктік шоттарынан тікелей дебеттеу жолымен, оның ішінде төлем (операциялық) ордерлері бойынша есептен шығаруына сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді;

7.18.3. Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының берешек сомасын Қазақстан Республикасының аумағындағы немесе одан тысқары жерлердегі басқа қаржы мекемелеріндегі Қоса қарыз алушының банктік шоттарынан төлеу туралы Банктің барлық және кез келген талабы Кредит желісін ашу туралы келісімнің/Банктік қарыз шартының көшірмесімен (Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен) қоса жүреді, ол Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша Қоса қарыз алушының міндеттемелерінің болуын, сондай-ақ Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көрсетілген тәртіппен, мерзімде, тәсілдермен және сомада берешекті өтеу міндеттемелерінің болуын тиісті түрде растайды;

7.18.4. банктік қарыз алу құқығын қоспағанда, Қарыз алушының құқықтарына ұқсас құқықтарға ие.

7.19. Банктің құқықтары:

7.19.1. Кредит желісін ашу туралы келісімнің/Банктік қарыз шартының талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту. Осы тармақтың мақсаттарында қарыз алушы үшін Кредит желісін ашу туралы келісімнің/Банктік қарыз шартының талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі: банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге де төлемдердің азаю жағына қарай өзгеруі немесе толық жойылуы; тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) азаю жағына қарай өзгеруі немесе толық жойылуы; банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің азаю жағына қарай өзгеруі; өтеу мерзімін кейінге қалдыру, соның ішінде мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдыру және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді бөліп төлеу; шетел валютасында берілген ипотекалық қарыз бойынша ақшалай міндеттемені қарыздың шетел валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына ауыстыру кезінде азайту жағына өзгерту;

7.19.2. Қарыз алушы қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік 40 (қырық) күннен астам бұзған кезде банктік қарыз сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

7.19.3. мынадай негіздер бойынша банктік қарызды/траншты беруден бас тарту (оның ішінде Кредит желісін ашу туралы келісімге/Банктік қарыз шартына қол қойылғаннан кейін және егер банктік қарыз/транш іс жүзінде берілмеген болса):

- Қарыз алушының жауапкер және/немесе жауапкер тарапынан өз бетінше талаптар қоймайтын үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылуы;

- Қарыз алушының мүлкіне және оның шоттарына тыйым салынуы және/немесе мүлкіне өндіріп алудың қолданылуы немесе осындай жағдайлардың туындауына шынайы қауіптің болуы

- Қарыз алушы банктік қарызды қамтамасыз етудің болуы (жай-күйі) туралы күмәнді мәліметтерді ұсынды;

- Қарыз алушының Банк алдындағы Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзуы, Қарыз алушының Банк пен үшінші тұлғалар алдындағы басқа банктік қарыздары және өзге де міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы. Қарыз алушының Банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес Банкке комиссия төлемеуі;

- заңнамалық органдардың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешіміне байланысты, сонымен қатар Банктің Қазақстан Республикасында да, шетелде де ресурстарды алуының жалпы шарттарының өзгеруіне, инфляция қарқынының өзгеруіне, девальвация қарқынының өзгеруіне байланысты және онымен шектелмей, Банктің кредит беру саясатында және/немесе рәсімдерінде өзгерістер орын алған және/немесе Банктің банктік қарыз беру және оған қызмет көрсету қабілетіне және/немесе мүмкіндігіне теріс әсер ететін оқиғалар орын алған ресурстарды қалыптастыру шарттары өзгерген жағдайда, отандық және шетелдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыз ахуал (нәтижесінде ақша нарығындағы

және/немесе капитал нарығындағы өзгерістерді; Банктің қысқа мерзімді және/немесе ұзақ мерзімді ресурстарын қалыптастыру шарттарының өзгеруін; қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің, валюта бағамдарының, инфляция, девальвация көрсеткіштерінің өзгеруін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банктің банктік қарызға одан әрі қызмет көрсетуі мүмкін болмайтын және/немесе банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты Банк көтеретін (көтеруі мүмкін) шығыстар айтарлықтай асып кеткен (асып кетуі мүмкін), соның нәтижесінде Банк бастапқыда күткен кірісті ала алмайтын өзгерістер).

– уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;

– Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, санкциялық шектеулер қоюға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген жағдайларда;

– Банктің Кредит желісін ашу туралы келісімді/Банктік қарыз шартын тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын өзгерту.

7.19.4. мына жағдайларда берілген банктік қарыз сомасын және есептелген, бірақ өтелмеген сыйақыны мерзімінен бұрын өндіріп алу не қамтамасыз етуді өндіріп алу не үшінші тұлғалардың қамтамасыз ету міндеттемелерін орындауын талап ету не үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алуға қосылу:

– банктік қарыздың нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмауы немесе банктік қарыздың нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуы расталмағанда;

– Қарыз алушы және/немесе Қоса қарыз алушы кредит беру бағдарламасының шарттарына сәйкес келмесе, оның ішінде банктік қарыз берілгеннен кейін осы факт анықталса;

– Қарыз алушы (кепіл беруші болып табылатын) және/немесе Кепіл беруші Кепіл шартының талаптарын бұзғанда және/немесе кепіл мәні қалдырылған Кепіл берушінің иелігінен Банк жауап бермейтін мән-жайлар бойынша шыққан, жоғалған болса;

– Қамтамасыз ету жоғалса, жарамсыз болып шықса және оның орнына Қарыз алушы Банктің талаптарын қанағаттандыратын өзге қамтамасыз етуді бермесе;

– Кепіл берушінің кепіл мәніне меншік құқығын даулау туралы сот процесіне Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғаны тартса;

– Қарыз алушы өзінің қаржылық жағдайына қатысты дұрыс емес мәліметтер берсе;

– Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына және (немесе) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сай келетін Банктің ішкі кредиттік саясатына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;

– Үшінші тұлғаның Қарыз алушыны немесе Кепіл берушіні банкрот деп тану туралы талап қоюы немесе сот шешімі бойынша банкроттықта немесе оңалтуда қолданылатын кез келген рәсімді енгізу; Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты және (немесе) қамтамасыз ету туралы шарт толығымен немесе бөлігінде жарамсыз және (немесе) жасалмаған деп тану туралы талап қою немесе көрсетілген мән-жайлардың туындау қатері;

– Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген өзге де жағдайларда.

7.19.5. Қарыз алушының және/немесе Қоса қарыз алушының кредит беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келмеуінен туындаған кредит беру бағдарламасының бұзылғаны үшін, оның ішінде банктік қарыз берілгеннен кейін осы факт анықталса, барлық келген залалды, оның ішінде үшінші тұлғалардың пайдасына төленген айыппұлдарды, санкцияларды және өзге де сомаларды өндіріп алу;

7.19.6. Қарыз алушының және/немесе Қоса қарыз алушының берілген банктік қарызды нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбауы себепті кредит беру бағдарламасын бұзғаны үшін, оның ішінде егер бұл факт алдыңғы бұзушылықтар салдарынан орын алса, барлық тартқан залалды, оның ішінде үшінші тұлғалардың пайдасына төленген айыппұлдарды, санкцияларды және өзге де сомаларды өндіріп алу;

7.19.7. Кредит желісін ашу туралы келісімнің/Банктік қарыз шартының қолданылу мерзімі ішінде банктік қарыздың нысаналы мақсатта пайдаланылуын және оның қамтамасыз етілуін тексеру;

7.19.8. негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын төлеу мерзімдерін бұзу нәтижесінде банктік қарыз бойынша мерзімі өткен Берешек пайда болса және Қарыз алушыға берілген банктік қарыз күмәнді санатқа жатқызылса, банктік қарыз бойынша сыйақыны есептеуді біржақты тәртіппен тоқтата тұру. Банктік қарыз шарты күшіне енгеннен кейін кез келген сәтте Қарыз алушының Банк алдындағы кез келген міндеттемелерін Банктің Қарыз алушы алдындағы кез келген міндеттемелеріне қарсы есепке алуды жүргізу;

7.19.9. мерзімі өткен Берешекті өтеу күнінен бастап Банк бекіткен мөлшерлеме бойынша банктік қарыз бойынша сыйақы есептеуді қалпына келтіру туралы шешімді біржақты тәртіппен қабылдау;

7.19.10. егер мерзімі өткен Берешекті өтеу кезінде қарыз валютасы Қарыз алушының өзге Шоттарындағы ақша валютасына сәйкес келмесе, айырбастау үшін алынатын барлық комиссия сомасын ұстай отырып, тиісті айырбастау жүргізілген күні Банкте белгіленген бағам бойынша банктік қарыз валютасына айырбастау;

7.19.11. Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша талап ету құқықтары мен міндеттердің барлығын немесе бір бөлігін Қарыз алушының қосымша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беру. Банк Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты шеңберіндегі Банктің Қарыз алушымен өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады;

7.19.12. Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берсе, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беру;

7.19.13. Қарыз алушы-заңды тұлға бір жылға дейінгі мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап алты ай өткенге дейін және бір жылдан асатын мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап бір жыл өткенге дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеген жағдайда Банк Қарыз алушы-заңды тұлғадан Банктік қарыз шартында көзделген тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеуді талап ету;

7.20. Банк:

7.20.1. Қарыз алушының өтініші бойынша айына кем дегенде 1 (бір) рет, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны (мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша нысанда ұсыну;

7.20.2. банктік қарыз бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Қарыз алушының өтініші бойынша өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде берешектің жоқтығы туралы анықтаманы жазбаша нысанда ақысыз беру;

7.20.3. Қарыз алушының шарт бойынша берілген банктік қарызды Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша – ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы хабарлау;

7.20.4. жақсартатын шарттар қолданылатын күнге дейін алдын ала, 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын Шартта көзделген кез келген тәсілмен Қарыз алушыға Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша жақсартатын шарттардың қолданылуы жөнінде хабарлама жіберу;

7.20.5. Қарыз алушының міндеттемесін орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Қарыз алушыны БҚКШ-да/Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген тәртіппен:

1) Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу және мерзімі өткен берешектің хабарламада көрсетілген күнгі мөлшерін

көрсете отырып, Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша төлемдер енгізу қажеттігі туралы;

2) Қарыз алушының Кредит желісін ашу туралы келісім және (немесе) Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабардар ету;

7.20.6. хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда Банк Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде қабылданатын шараларды қолдануға құқылы;

7.20.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-де белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарау және оған жазбаша жауап дайындау;

7.20.8. Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша Банк құқығының (талаптың) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шартты (бұдан әрі – Талап ету құқығын беру шарты) жасау кезінде Қарыз алушыны (немесе оның Уәкілетті тұлғасын):

– Талап ету құқығын беру шарты жасалғанға дейін Банктік қарыз шарты бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

– Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша талап ету құқығының үшінші тұлғаға Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша әрі қарайғы төлемдердің мақсатын (Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша құқығы (талабы) өткен тұлғаның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін), берілген талап ету құқықтарының толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, үшінші тұлғаға Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында/БҚКШ-да көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы өткені туралы шешімдердің бірін жазбаша нысанда хабарлау;

– Талап ету құқығын беру шарты жасалғаннан кейін, Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне алынған ақшаны Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша құқықтары (талаптары) берілген тұлғаның банктік шотына әрбір Қарыз алушы бойынша төлемдердің толық жазылуын ұсына отырып аудару.

7.21. Банк үшін шектеулер мыналарға тыйым салуды көздейді:

7.21.1. Қарыз алушымен Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шартын жасау күні белгіленген тарифтердің, комиссиялық сыйақылардың және банктік қарызға қызмет көрсету бойынша басқа да шығыстардың мөлшерін және есептеу тәртібін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

7.21.2. жасалған Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін және өзге де төлемдерді біржақты тәртіппен енгізуге;

7.21.3. егер қарыз беру шарттарында қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру шарттарын жасау туралы және (немесе) бағалау жүргізуге қойылатын талаптар көзделсе, Қарыз алушыны, Кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

7.21.4. бір жылға дейінгі мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап алты ай өткенге дейін, бір жылдан асатын мерзімге берілген банктік қарызды алған күннен бастап бір жыл өткенге дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеуді қоспағанда, банктік қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алуға;

7.21.5. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға, бұл ретте сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

7.21.6. Қарыз алушымен (заңды тұлғамен) Кредит желісін ашу туралы келісімді/Банктік қарыз шартын жасасу күні белгіленген сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту, мына жағдайларды қоспағанда:

– Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген жағдайларда Қарыз алушының банктік қарызды алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты дұрыс ақпарат беру бойынша міндеттемелерін бұзуы;

– Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында көзделген мынадай жағдайларда Банктің міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындауы;

– Банкті алдын ала жазбаша хабардар етпей, жиынтығында акционерлік қоғам (шаруашылық серіктестік) акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін Қарыз алушы қатысушылары (акционерлері) құрамының өзгеруі;

– Қарыз алушының және (немесе) Кепіл берушінің кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің кепілге қойылған мүліктің бар-жоғын, мөлшерін, жай-күйін және сақталу шарттарын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Қарыз алушының (Кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге қойылған мүлікке қойған талаптарын құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеру құқығын бұзуы.

7.21.7. мына жағдайларды қоспағанда, жасалған Кредит желісін беру (ашу) туралы келісім шеңберінде жаңа банктік қарыздарды беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұру:

– Банкте жаңа банктік қарыздар беруді жүзеге асырмау құқығы туындайтын БҚКШ-да және (немесе) Кредит желісін ашу туралы келісімде көзделген жағдайлар;

– Қарыз алушының Банк алдындағы БҚКШ/Кредит желісін ашу туралы келісім және (немесе) Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін бұзуы;

– халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін Банктің ІНҚ-не сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;

– Банктің Кредит желісін ашу туралы келісімді және (немесе) Банктік қарыз шартын тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын өзгерту.

8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

8.1. Тараптар БҚКШ-ға байланысты бір-біріне беретін кез келген ақпарат, сондай-ақ БҚКШ-ны жасау фактісінің өзі құпия ақпарат (бұдан әрі – Ақпарат) болып табылады және егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан немесе БҚКШ талаптарынан өзгеше туындамаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмай үшінші тұлғаларға жария ете алмайды.

8.2. Клиенттің кінәсінен құпиялылық бұзылса немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға өзге көздерден белгілі болса немесе белгілі болып шықса, Банк жауапкершілік көтермейді.

8.3. Қосылу туралы өтінішті бере отырып, Клиент БҚКШ-да көзделген қызметтерді көрсету мақсаттары үшін Банк бекітілген ақпаратты ашу деңгейін сақтау қажеттігін белгілейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің ІНҚ-ның ережелеріне сәйкес кез келген ақпаратты ашуды талап етуге құқылы екендігімен, ал Клиент Банкке оның бірінші талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде беруге міндеттенетіндігімен келіседі.

8.4. Клиент Қосылу туралы өтінішті бере отырып, Банкті Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз БҚКШ/Шарттар негізінде мына үшінші тұлғаларға құпия негізде ақпарат беруге сөзсіз және қайтарымсыз уәкілеттендіреді:

- Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар, Банктің үлестес заңды тұлғалары; уәкілетті мемлекеттік органдар, соттар, құқық қорғау органдары (оның ішінде анықтау және (немесе) алдын ала тергеу органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары) олардың сұрау салуы бойынша не Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда не Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда; Банк БҚКШ бойынша өзінің талап ету құқықтарын, Клиентке және (немесе) БҚКШ-ға және (немесе) Банк пен Клиент арасында жасалған, оның ішінде өзінің

қолданысын тоқтатқан өзге де Шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банк құпиясын, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын барлық және кез келген ақпаратты беретін кез келген үшінші тұлғалар;

- Банк, Банк акционерлері және (немесе) Банктің үлестес тұлғалары берешекті қайтару жөніндегі қызметтерді, консультациялық, заңдық, аудиторлық және төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға байланысты өзге де қызметтерді (соның ішінде корреспондент-банктерге, төлем карталарының жүйелеріне және т.б.) қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, талдамалық сауалнамаларды жүзеге асыру, өзге де қызметтер көрсету үшін жалдаған немесе болашақта жалдайтын кез келген үшінші тұлғаларға, осындай үшінші тұлғаларға Банк, Банк акционерлері және (немесе) Банктің үлестес тұлғалары алдындағы өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік беру үшін, сол сияқты көрсетілген тармақтың талаптарын жүзеге асыру үшін жеке тұлғамен шарт жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін қолданылатын, Клиентке және (немесе) БҚКШ-ға және (немесе) Банк және (немесе) Клиент және (немесе) үшінші тұлғалар арасында жасалған, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан өзге де шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банк құпиясын құрайтын кез келген ақпаратты, сондай-ақ Банкке, Банк акционерлеріне және (немесе) Банктің үлестес тұлғаларына тиісінше қызмет көрсету үшін қажет және жеткілікті коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін (есептерді/есептілікті/ ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кіріс органдарына, сондай-ақ осындай ақпаратты/мәліметтерді беру қажеттілігі/міндеті туындайтын/болатын өзге де жағдайларда ұсыну;
- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарын орындау мақсатында Клиентке және (немесе) БҚКШ-ға және (немесе) Банк пен Клиент арасында жасалған, оның ішінде қолданысын тоқтатқан өзге де Шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталғандай банк құпиясын құрайтын, сондай-ақ коммерциялық және (немесе) заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын кез келген ақпаратты Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары, шетелдік салық органдары, оның ішінде АҚШ салық органдары (IRS) және шетелдік салық агенттері;
- шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық ақпарат беруді қоса алғанда, оның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша операциялар жүргізу шеңберінде корреспондент-банктер және өзге де қаржы институттары;
- талаптарды орындау мақсатында, оның ішінде мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер және (немесе) құжаттар алмасуды жүзеге асыру мақсатында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген, белгіленген шекті мөлшерден асыра қолма-қол ақша алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банк құпиясын құрайтын ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық және (немесе) заңмен қорғалатын өзге де құпияны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілерінде көзделген талаптарды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банк құпиясын, сондай-ақ коммерциялық және (немесе) заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, арнаулы салық режимдерін қолдану кезінде салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау үшін арнайы мобильді қосымшаны пайдаланатын жеке кәсіпкердің шотына түскен төлемдердің жиынтық сомалары бойынша мәліметтер мемлекеттік кірістер органына беру.

8.5. Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жаңа Ақпарат туралы, Банкке берген Ақпараттың кез келген өзгерістері және (немесе) толықтырулары туралы жазбаша түрде хабарлауға, Банктің Ақпаратқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі үшін Банкке тиісті растаушы құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

9. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Клиент:

9.1.1. БҚКШ-да және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісті түрде орындауға;

9.1.2. тиісті Шарттарда және БҚКШ-да айқындалған жағдайларда және тәртіппен Банк Тарифтерімен белгіленген комиссияларды және өзге де төлемдерді, оның ішінде Берешекті төлеуге. Осы мақсатта Банктің кез келген ауыртпалықтан ада қажетті ақша қалдығын банктік шоттарда ұстап тұру арқылы БҚКШ-да белгіленген тәртіппен ақшаны есептен шығару мүмкіндігін қамтамасыз етуге. Банкте ашылған банктік шоттарында ақша болмаса өзінің басқа шотынан (шоттарынан), сондай-ақ үшінші тұлғалардың (Банкпен келісім бойынша) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін өзге де тәсілдермен төлемдер жүргізуге;

9.1.3. Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында орналастырылған ақпарат негізінде Тарифтердің өзгеруі, БҚКШ талаптары мен шарттардың өзгеруі және толықтырылуы туралы өз бетінше білуге;

9.1.4. қайта тіркеу, бизнес-сәйкестендіру нөмірінің өзгеруі, орналасқан жерінің немесе электрондық пошта мекенжайының, телефон, факс нөмірлерінің, Сенімді тұлғалар тізімінің және/немесе Сенімді тұлғалардың, соның ішінде SMS-хабарлама жіберу немесе Электрондық банктік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын телефон нөмірлерінің өзгеруі туралы, сондай-ақ БҚКШ/Шарт талаптарын орындау үшін мәнге ие басқа да өзгерістер болғанда осындай өзгеріс күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы өзгерістерді растайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің ІНҚ-ге сәйкес рәсімделген құжаттарды бере отырып, жазбаша түрде немесе БҚКШ/Шартта көрсетілген басқа байланыс құралдары арқылы Банкке хабарлауға;

9.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-не сәйкес ұсынылуы талап етілетін, тиісті түрде рәсімделген құжаттарды ұсынуға;

9.1.6. Банк бенефициарлық меншік иелері, жүргізілетін операцияларды қаржыландыру көзі туралы ақпаратты қоса алғанда, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы үшін Банкке қажетті құжаттар мен ақпаратты Банк көрсеткен мерзімде беруге, бұл ретте Клиент осындай ақпарат пен құжаттардың дұрыстығына жауап береді;

9.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банкке қойылатын талаптарға сәйкес Банктің Шот бойынша операцияларды жүзеге асыруы жөніндегі нұсқауларды рәсімдеуге және оларды Банк белгілеген операциялық күн ішінде ұсынуға;

9.1.8. Банкке Операцияларды, оның ішінде сыртқы экономикалық операцияларды жүргізу үшін негіз болып табылатын, олардың экономикалық мәні мен заңды мақсаттарын негіздейтін құжаттарды (мәліметтерді), сондай-ақ қаржылық мониторингтің бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында банктік қызметтерді көрсету кезінде операцияларды қосымша зерделеу үшін Банкке қажетті өзге де құжаттарды (мәліметтерді) уақтылы ұсынуға;

9.1.9. Шот бойынша Операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы, сондай-ақ Ақпарат берудің бірыңғай стандарты (CRS) бойынша қаржы шоттары туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы құзыретті органдардың Көпжақты келісімінің талаптарына сәйкес АҚШ салық органдарына Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк талап ететін, оның ішінде Банктің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға

(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, ІНҚ және Шартты орындауы үшін қажетті, тиісті түрде рәсімделген құжаттарды беруге;

9.1.10. Банктен Банкте жоқ, бірақ ақша аударымын аяқтау үшін корреспондент-банкке беру қажет мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды беру туралы сұрау келіп түскен жағдайда, Банкті қанағаттандыратын сапада, көлемде және осындай сұрауда айқындалған мерзімде осындай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды ұсынуға;

9.1.11. Шоттарының жай-күйін тұрақты түрде тексеруге;

9.1.12. ықтимал қателерді немесе рұқсат етілмеген әрекеттерді анықтау мақсатында транзакцияларды, аударымдарды және төлемдерді қоса алғанда, өз Шоттары бойынша барлық операцияларға мониторинг жүргізуге;

9.1.13. қандай да бір сәйкессіздіктер, қателер немесе күдікті операциялар анықталған жағдайда Клиент осындай фактілер туралы Банкті дереу хабардар етуге;

9.1.14. Банк кассасына қолма-қол ақша енгізу немесе шотта Банк Тарифтерін төлеу үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз ету арқылы Шот бойынша тиісті Операцияны жасаумен бір мезгілде Шот бойынша Операция жасау сәтінде қолданылып жүрген тарифтер бойынша Банктің банктік қызметтерін уақтылы және толық көлемде сөзсіз және даусыз төлеуге, сондай-ақ банк тарифтерін төлеу үшін қажетті ақша сомасын өтеуге, сондай-ақ Банктің Клиент нұсқауларын орындауына байланысты Банктің барлық комиссиялары мен тартқан шығындарын өтеуге;

9.1.15. Банкте Шоттарда сақтаулы ақшаны Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ІНҚ-на және жасалған Шартқа сәйкес басқаруға;

9.1.16. сенімхат негізінде Шотқа өкімдік етуге уәкілетті тұлғаларды ауыстырған кезде, үшінші тұлғаларға Шотқа өкімдік ету құқығын берген кезде Банкті хабардар етуге және осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынуға. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда, Банк Клиентке келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершіліктен босатылады;

9.1.17. Банк Тарифтерінің, сыйақы мөлшерлемелерінің (ұзарту кезінде) өзгеруі, Шарттардың талаптарының өзгеруі және толықтырылуы туралы Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында өз бетінше білуге;

9.1.18. ҚБҚК жүйесінде Шоттарына мониторинг жасау үшін транзакция туралы хабарлама сияқты қолжетімді құралдар мен қызметтерді пайдалануға;

9.1.19. құпиясөздер, логиндер туралы ақпаратты және БҚКШ шеңберінде ұсынылатын өзге де ақпаратты уәкілетті емес тұлғаларға бермеуге (ақпараттың толық жарияланбауын қамтамасыз етуге);

9.1.20. Қаражаттың заңсыз шығу тегі, бұзушылықтар туралы айыптаулар немесе тыйым салынған мінез-құлықтың анықталған фактілері туралы мәліметтерді алған жағдайда Банкке хабарлауға;

9.1.21. Тыйым салынған мінез-құлыққа (оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру) жататын іс-әрекеттерге қатыспауға және қатысуға жол бермеуге міндеттенеді.

9.2. Клиент:

9.2.1. БҚКШ-да және Шарттарда анықталған құқықтарды пайдалануға;

9.2.2. өз қалауы бойынша Шоттағы ақшаны басқаруға;

9.2.3. осы БҚКШ-мен және Банктің бекітілген Тарифтерімен белгіленген тәртіппен және мерзімде шот(тар) бойынша Үзінді көшірмелерді алуға;

9.2.4. Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында орналастырылған ақпарат негізінде БҚКШ және Шарттарда, Банк Тарифтерінде көзделген банктік қызмет көрсету шарттарымен, сондай-ақ Банк Тарифтерінің өзгеруі, БҚКШ мен Шарттардың талаптарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратпен танысуға;

9.2.5. Шоттардағы ақша қалдығы шегінде Шоттар бойынша Операциялар жүргізуге;

9.2.6. Банктің БҚКШ талаптарына енгізген өзгерістеріне келіспеген жағдайда, сондай-ақ БҚКШ-да белгіленген тәртіппен БҚКШ қолданысын тоқтатуға. БҚКШ-ның қолданысы тоқтатылғанда Банк БҚКШ-да және Шартта көзделген банктік қызметтерді ұсынуды тоқтатады;

9.2.7. егер Шарттарда өзгеше көзделмесе, Шартта талаптары айқындалатын жекелеген банктік қызмет бөлігіндегі БҚКШ-ның қолданысын тиісті Шарттарда анықталған тәртіппен және талаптарда тоқтатуға **құқылы**.

9.3. Банк:

9.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ІНҚ-на, Шартқа және Тарифтерге сәйкес Клиентке банктік қызмет көрсетуге;

9.3.2. Клиенттерге БҚКШ-да және Шартта көзделген банктік қызмет көрсету шарттарының, Банк Тарифтерінің өзгеруі туралы Банктің Интернет-ресурсына (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында ақпарат орналастыру арқылы хабарлауға;

9.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, БҚКШ-да және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік құпияны құрайтын мәліметтерді құпияда сақтауға міндеттенеді.

9.4. Банк:

9.4.1. Шот шартын немесе Салым шартын орындаудан:

- Клиенттің банктік шотында бір жылдан аса ақша болмаған жағдайда;
- Клиенттің банктік шотында бір жылдан аса ақша қозғалысы болмаған жағдайда (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды қамтамасыз етуге арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған шоттарды, жинақ шоттарын қоспағанда) бас тартуға;

9.4.2. Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>), Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында көруге болатын қолжетімді жерде осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей ақпаратты орналастыра отырып, Шарттың талаптарына сәйкес Банктің Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге;

9.4.3. Клиенттен қызмет көрсету және Клиент жүргізетін Операциялардың Қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкестігін тексеру үшін қажетті, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бойынша кез келген құжаттар мен ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Банктің өзі, сондай-ақ Банк иелік етпейтін, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік корреспондент-банкке ұсыну қажет мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды ұсыну туралы басқа банктен сұрау түскен жағдайда сұратуға. Клиенттің қосымша келісімін алмай, шет мемлекеттердің аумағына, оның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша операциялар жүргізу шеңберінде трансшекаралық беруді қоса алғанда, корреспондент-банктерге және өзге де қаржы институттарына ақпарат беруге;

9.4.4. Клиенттің қосымша келісімінсіз Банкке Шот валютасынан өзгеше валютада келіп түскен ақшаны Операция жасалған сәтте Банкте қолданылатын қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сату бағамы бойынша айырбастауға;

9.4.5. осы БҚКШ-ға қол қою арқылы Клиент Банкке төлем валютасы банктік шоттың валютасына сәйкес келмейтін Клиенттің банктік шотына кіріс аударымын Банк бенефициардың банктік шотына кіріс аударымын есепке жатқызу бойынша операцияның басталу күні мен уақытында белгілеген валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, төлем тапсырмасында көрсетілген төлем сомасын айырбастауды жүзеге асыру арқылы есепке

жатқызуға өзінің қайтарылмайтын келісімін береді. Бұл ретте осындай есепке жатқызу бойынша операция валюталық бақылау келісілгеннен кейін басталады. Клиенттің айырбастауды жүзеге асыруға келісімі немесе айырбастауды жүзеге асыру үшін қаражаттың келіп түскен күні мен уақыты кіріс аударымды бенефициарлардың банктік шотына есепке жатқызу бойынша операцияның басталу сәті болып танылмайды. Осыған байланысты Клиент Клиенттің валюталық аударымды есепке жатқызуға келісім берген күні мен уақытында қолданыста болған Банк бағамы бойынша айырбастауды талап етуге құқылы емес;

9.4.6. егер валюталық шарттарға, оның ішінде шет мемлекеттердің банктерінде ашылған Банктің корреспонденттік шоттарын пайдалана отырып операцияны/қызмет көрсетуді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында, осындай шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың актілерінде, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдерімен, Санкциялық режимдермен белгіленген шектеулермен тыйым салынса немесе Банкте Клиенттің/Операцияға қатысушының/Клиентпен байланысты тұлғаның іс-әрекеттері, соның ішінде Операциялар мен валюталық шарттар Санкциялық режимдерді бұзуға және/немесе айналып өтуге бағытталған деуге негіз болса, Клиенттің Операцияларын тоқтата тұруға, операцияны жүргізуден және/немесе валюталық шарттарға (қолданыстағы және/немесе жаңа) банктік қызмет көрсетуден бас тартуға. Бұл ретте Банк операцияны жүргізу мерзімінің ұзаруына, тоқтатыла тұруына немесе Банктің операция жүргізуден және/немесе Клиентке банктік қызмет көрсетуден бас тартуына байланысты туындаған Клиенттің барлық (кез келген) жоғалтулары және/немесе залалдары үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді;

9.4.7. халықаралық/үкіметаралық келісімдерде, халықаралық/ұлттық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының актілерінде, халықаралық санкциялармен, шетелдік заңнамада, Қолданыстағы заңнамада, сот шешімдерімен, жалпы шарттармен көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, оның ішінде Клиент жалпы шарттарды және/немесе жалпы бұзған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою құралын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша, соның ішінде мына жағдайларда:

- операцияның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын, оның ішінде қашықтан банктік қызмет көрсету арқылы Клиентті, операцияларға Қатысушыны және/немесе клиентпен байланысты тұлғаларды тиісті түрде тексеру шараларын Банктің жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда;
- Клиенттің, операцияларға қатысушының және/немесе клиентпен байланысты тұлғаның деректері террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізімінде, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде, алаяқтардың немесе жалған кәсіпкерлердің тізімдерінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген теріс сипаттағы өзге де тізімдерде көрсетілген тұлғалардың деректерімен сәйкес келсе, сондай-ақ, егер жоғарыда аталған тұлғаларға қатысты қандай да бір санкциялар немесе санкциялық режимдерге сәйкес шектеулер болса, теріс сипаттағы ақпарат бар болса, Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін өзге жағдайлар туындаса немесе туындау ықтималдығында;
- егер Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес міндетті түрде болуы тиіс, өзінің сәйкестендірілуіне немесе өзі жүргізетін операцияларға қатысты ақпаратты негізсіз себептермен ұсынбаса;
- Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған не Клиент (оның Сенімді тұлғасы) және бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиент ұсынбаған жағдайда;
- Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда;

- Клиент күмәнді, ерекше, күдікті операцияларды жүзеге асырған жағдайда (мән-жайлар анықталғанға дейін);
- алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтаған жағдайда (мұндай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасау әрекетін, орындалып жатқан төлемді және (немесе) ақша аударымын қоса алғанда) біржақты тәртіпте банктік қызметтерді/банктік және өзге де операцияларды ұсырудан бас тартуға, банктік қызмет көрсетуді/банктік және өзге де операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға/тоқтатуға/бұғаттауға және Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға/Шотты жабуға;

9.4.8. Клиентке банктік қызмет көрсетуге байланысты емес ақпарат, оның ішінде Қазақстан Республикасының бюджеті алдында берешегінің болуы туралы ақпарат беруге;

9.4.9. БҚКШ-да немесе Шартта, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада айқындалған жағдайларда, Банкте Шот шарты бойынша және Банк пен Клиент арасында жасалған басқа да Шарттар бойынша ашылған Клиенттің Шотын (ұлттық және/немесе шетел валютасында) тікелей дебеттеу арқылы төлем ордері немесе төлем талабы негізінде ақшаны алуға (есептен шығаруға):

- Клиенттің қосымша келісімінсіз Банкке Шот валютасынан өзгеше валютада келіп түскен ақшаны операция жүргізілген сәтте Банкте қолданылатын қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сату бағамы бойынша айырбастау;
- Қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын тексеру мақсатында, сондай-ақ басқа банктен Банк иелік етпейтін, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік корреспондент-банкке ұсынылуы қажет мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды беру туралы сұрау түскен жағдайда Клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды сұрату;
- Шот валютасынан өзгеше валютада келіп түсетін ақша сомаларын Шот валютасына айырбастау. Айырбастау Банк Тарифтерімен айқындалған мөлшерде айырбастау үшін Банктің комиссиясын бір мезгілде ұстай отырып, айырбастау сәтінде Банк белгілеген валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады;
- Клиентке Шот бойынша операцияларды жүргізу үшін қаражаттың жеткіліксіздігі туралы хабарлау;

9.4.10. дауға жол бермеу және дәлелдер қорын жинау мақсатында Шотты бұғаттау туралы мәлімдеуді қамтитын Клиентпен телефон хабарламасын, сондай-ақ Клиенттің Банкке/Банктің Байланыс орталығына жасаған барлық өзге телефон қоңырауларын жазып алуға құқылы;

9.4.11. Шоттарға ақша қате есепке жатқызылған/дұрыс есептелмеген жағдайда, Банк ақшаны есептен шығарғанға дейін Шотты/қате есепке жатқызылған/дұрыс есептелмеген соманы бұғаттауға құқылы. Осы арқылы Клиент Банкке Шотты/қате есепке жатқызылған/дұрыс есептелмеген соманы бұғаттауға (осындай есепке жатқызу/дұрыс есептемеу себебіне тәуелсіз) және қате есепке жатқызылған қаражатты әрі қарай есептен шығаруға келісім береді;

9.4.12. Клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы Клиенттің досьесін, Шот туралы мәліметтерді және онымен хат алмасуды, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жүргізілген операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді қоса алғанда, тиісті тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді сақтау;

9.4.13. Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкіл болып табылатын Клиент БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент және оның операциялары бойынша Банк сұратқан және Банктің АЖ/ТҚҚ бойынша халықаралық стандарттарды орындауы үшін қажетті (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің операциялары бойынша ақшаның шығу көзі, мақсатты пайдаланылуы бойынша) барлық ақпаратты және құжаттарды беру міндеттемесіне келіседі және ерікті түрде өзіне алады;

9.4.14. Қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын тексеру мақсатында, сондай-ақ басқа банктен Банк иелік етпейтін, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік корреспондент-банкке ұсынылуы талап етілетін мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды беру туралы сұрау түскен жағдайда Клиенттен жүргізілетін Операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды сұрату;

9.4.15. Клиент Антифрод-орталықтың дерекқорына енгізілсе Банк Қолданыстағы заңнаманың және ІНҚ талаптарына сәйкес банктік қызметтер көрсетуден бас тартуға немесе банктік қызметтердің шектеулі тізбесін ұсынуға құқылы;

9.4.16. Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, Антифрод-орталыққа алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары туралы ақпарат беру;

9.4.17. дропперлер тізімінде Клиент анықталған жағдайда, Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және жағдайларда Клиенттің ҚБҚК жүйесіне кіруін 12 (он екі) айға дейін бұғаттау.

9.5. Клиентке:

9.5.1. күйеуіне (әйеліне) және жақын туыстарына, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда өзге де тұлғаларға осындай қолжетімділікті беруді қоспағанда, үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкелген үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қол жеткізуді, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын беруге;

9.5.2. материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға;

9.5.3. Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда Шотты, төлем құралын не сәйкестендіру құралын күйеуінің (зайыбының) және жақын туыстарының, сондай-ақ өзге де тұлғалардың пайдалануын қоспағанда, Шотты, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

10. ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

10.1. Банк қызметтерін көрсеткені үшін Клиент Банкке тиісті тарифтік санат бойынша Банк Тарифтерінде көзделген мөлшерде комиссиялық сыйақы төлейді. Егер Клиентке жеке Тарифтер белгіленген болса, мұндай Тарифтерде көрсетілген Банктің банктік қызметтеріне ақы төлеу оларды қолдану мерзімі ішінде жеке Тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Банктің Тарифтері Банктің Интернет-ресурсына (<https://kmf.kz/>), сондай-ақ Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиенттің көруі үшін қолжетімді орынға орналастырылады.

10.3. Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуді Клиент қолма-қол ақшамен (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып), қолма-қол ақшасыз аударыммен, Шотты тікелей дебеттеу арқылы БҚКШ және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, жүзеге асыра алады.

10.4. Банк Шарт бойынша және Клиенттің Банк алдындағы кез келген өзге міндеттемелері (кез келген өзге берешегі) бойынша Банкке тиесілі комиссиялардың, Банк пайдасына өзге де төлемдердің сомаларын, сондай-ақ Шоттарға қате есепке жатқызылған /дұрыс есептелмеген ақша сомаларын (осындай қате есепке жатқызу/дұрыс есептемеу себебіне қарамастан) Қазақстан Республикасының заңнамасында және БҚКШ-ға сәйкес Банктің ІНҚ-да көзделген құжаттардың негізінде Шотты тікелей дебеттеу арқылы есептен шығарады. Шартта Банк комиссияларын есептен шығарудың өзге тәртібі көзделуі мүмкін. Шотта ақша жеткілікті болса Банктің төлем құжаты онда көрсетілген ақша сомасына орындалады, ал ақша жеткіліксіз болса төлем құжаты Шоттың картотекасында сақталады. Шоттан ақша сомасын өзге (Клиент міндеттемесінің валютасынан өзге) валютамен алған (есептен шығарған) жағдайда, алынған ақшаны валюталық заңнама талаптарына сәйкес міндеттеме валютасына айырбастау Банктің таңдауы бойынша алынған валютаны немесе Клиент міндеттемесінің валютасын Банк белгілеген сату немесе сатып алу бағамы бойынша және/немесе алынған валютаның Клиент міндеттемесінің валютасына Банк белгілеген бағам бойынша айырбастау жүргізгені үшін Клиент есебінен Тарифтерге сәйкес комиссия сомаларын (оның ішінде айырбастау үшін айырбасталған сомадан комиссия) ұстай отырып жүргізеді. Айырбастау үшін комиссия сомасын есептен шығару есепке алу бағамы бойынша жүзеге асырылады.

10.5. Банк БҚКШ/Шарт бойынша көрсетілген банктік қызметтер үшін Банктің комиссиялық сыйақы сомасын Клиенттің барлық банктік шоттарынан алады. Осы арқылы Клиент Банкке

БҚКШ-да көзделген жағдайларда Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы ақшаны есептен шығаруға өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді. Клиенттің осы келісімі Банкке Клиенттің Банктегі кез келген банктік шотына төлем құжаттарын ұсыну құқығын береді. БҚКШ Клиенттің Банкте ашылған кез-келген банктік шоттарын тікелей дебеттеу үшін Клиенттің Банк алдындағы міндеттемесін растайтын құжат болып табылады.

10.6. Төлем және (немесе) ақша аударымын жасау бойынша қызметтерді көрсеткені үшін комиссия Операцияны жүргізу кезінде белгіленген Банк Тарифтеріне сәйкес қызмет көрсету фактісі бойынша Шоттан алынады.

10.7. Клиент халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде алынатын комиссияларды қоспағанда, Банктің төлем қызметтері бойынша Банк Тарифтерінің мөлшері Банктің қалауы бойынша мынадай тәсілдердің кез келгенімен өзгеруі мүмкін екендігімен келіседі:

10.7.1. тек Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) орналастырылған Банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда көзделген Банк Тарифтерінің шекті шамалары шеңберінде;

10.7.2. Клиентті Тарифтердің мөлшері өзгергені туралы осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерінде) Клиенттің көруі үшін қолжетімді жерде ақпаратты орналастыру арқылы хабардар ету арқылы. Төлемдер мен аударымдар бойынша Тарифтер ұлғайған жағдайда, Клиентке Тарифтердің болжамды өзгеру күніне дейін 3 (үш) ай бұрын ұлғаюы туралы хабарлау арқылы. Клиент Банкке мұндай өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін өзгертілетін Тарифтерді қабылдаудан бас тарту туралы өтініш бермеген жағдайда, Клиент Тарифтерді қабылдаған болып есептеледі. Бұл ретте Клиент Банктің: төлем қызметтері болып табылмайтын; халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде алынатын Банк қызметтері бойынша Тарифтерге біржақты тәртіпте өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы екендігімен келіседі. Осындай Тарифтерге енгізілген өзгерістер туралы Банк Клиентке Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды. Клиент сонымен қатар Банктің жаңа қаржы өнімдері/қызметтері бойынша жаңа Тарифтерді енгізу арқылы Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы екендігімен келіседі. Тарифтерге енгізілген осындай өзгерістер туралы Банк Клиентке Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11.1. Тараптар өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы БҚКШ-ға және Шарттарға сәйкес жауапкершілік көтереді.

Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде Клиентке келтірілген, құжат түрінде расталған залалмен (нақты залал) ғана шектеледі. Бұл ретте Банктің іс-әрекеттері қасақана немесе өрескелдікпен абайсыз жасалуы тиіс. Ешбір жағдайда Банк Клиенттің алдында қандай да бір жанама, қосымша немесе кездейсоқ шығындар немесе залал (соның ішінде жоғалған пайда) үшін, тіпті ол осындай залалдың немесе нұқсанның туындау мүмкіндігі туралы хабардар етілсе де жауапты болмайды.

11.2. Тараптардың ешқайсысы байланыс жүйелерінің немесе жабдықтардың кез келген зақымдануынан немесе істен шығуынан туындаған немесе табиғи катаклизмдерден, апаттардан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе Тараптардың еркіне тәуелді емес басқа да себептерден орын алған қызмет көрсетудегі үзілістер үшін тікелей немесе жанама қандай да бір нұқсан немесе залал үшін екінші Тараптың алдында жауап бермейді. Егер осындай жағдайлардың кез келгені Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті мән-жайдың әрекет ету уақытына ұзартылады. Қазақстан Республикасының уәкілетті

органының форс-мажор мән-жайларының туындағанын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелі болады.

11.3. Банктік қарызды мақсатсыз пайдаланған жағдайда, Қарыз алушы Банктік қарыз шартында белгіленген мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

11.4. Қарыз алушы Кредит желісін ашу туралы келісімнің/Банктік қарыз шартының талаптарында көзделген ерекше талаптарды уақтылы орындамаған жағдайда, Қарыз алушы Банкке Кредит желісін ашу туралы келісімде/Банктік қарыз шартында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

11.5. Банк:

11.5.1. электр қуатының үзілуі, байланыс желілерінің зақымдануы салдарынан туындаған төлемдерді орындамағаны немесе орындауын кешіктіргені үшін, сондай-ақ Клиенттің түсініксіз, толық емес немесе дұрыс емес нұсқаулары салдарынан туындаған қателер, қате түсіндірулер және т.б. үшін, Клиент БҚКШ талаптарын және Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзуы нәтижесінде және Банк еркіне байланысты емес басқа да себептер бойынша үшінші тұлғалардың төлемдерді орындамағаны немесе орындауын кешіктіргені үшін;

11.5.2. Банкке байланысты емес себептерден туындаған және Клиенттің Банк хабарламалары мен Клиенттің Шотынан үзінді көшірмелерді алмауына немесе уақытылы алмауына әкелген Интернет, байланыс желілерінің жұмысындағы іркілістер үшін;

11.5.3. Банктің БҚКШ талаптарын орындамауына әкелген техникалық іркілістер жағдайында (электр қуат көздерінің және байланыс желілерінің өшуі/зақымдануы, Банктің Деректер базасының бағдарламалық жасақтамасының істен шығуы, төлем жүйелеріндегі техникалық іркілістер);

11.5.4. деректемелері дұрыс көрсетілмеген Клиенттің Төлем құжатын, оның ішінде қате орындалған Төлем құжатын, егер мұндай төлем құжатында қатені Клиент жасаған болса, орындағаны үшін;

11.5.5. Клиенттің не үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулықтары нәтижесінде және Банкке тәуелді емес басқа да себептер бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

11.5.6. Клиент Шотқа өкімдік етуге уәкілеттік берген тұлғалардың әрекеттері үшін, Клиент Банкті БҚКШ талаптарына сәйкес осындай тұлғаларды ауыстыру туралы хабарламаған/уақтылы хабарламаған жағдайда;

11.5.7. Клиенттің Шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюдың (есептен шығарудың) негізділігі үшін (өндіріп алушы жауапкершілік көтереді);

11.5.8. Шот бойынша Операцияларды тоқтата тұру және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;

11.5.9. Клиенттің Шотынан оның келісімінсіз үшінші тұлғалардың ақша алу (есептен шығару) нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;

11.5.10. егер Клиент сәйкестендіру құралдарының тиісті қауіпсіздігін және Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін оларға тиісті аутентификаттарды қамтамасыз етпеген жағдайда, санкцияланбаған операциялар үшін, сондай-ақ сәйкестендіру құралдарының көмегімен үшінші тұлғалардың өзге де электрондық банктік қызметтерін алуы үшін;

11.5.11. үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкелген Клиенттің үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қол жеткізуді, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын үшінші тұлғаларға бергені үшін;

11.5.12. материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына Клиенттің төлемдер (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруы үшін;

11.5.13. Клиенттің Шотты, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін жауапкершілік көтермейді.

11.6. Банк:

11.6.1. Ағымдағы шот бойынша қате жүргізілген Операция үшін (жауапкершілік Банктің қате жүргізілген операцияның күшін жоюымен шектеледі);

11.6.2. Қолданыстағы заңнамада және БҚКШ-да көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Операцияларына қатысты банктік құпияны жария еткені үшін **жауапкершілік көтереді.**

11.7. Клиент:

11.7.1. БҚКШ-та және Шарттарда көзделген өз міндеттерін орындамағаны үшін;

11.7.2. Шот бойынша күдікті әрекеттер анықталған жағдайда, Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде, Шот бойынша Операцияларды бұғаттау туралы Банкке уақтылы жүтінбеу салдары үшін;

11.7.3. Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін сәйкестендіру құралдарының, сәйкестендіргіштердің және оларға сәйкес аутентификаторлардың сақталуы және қауіпсіздігі үшін;

11.7.4. мерзімі өткен әрбір күн үшін өтелмеген (төленбеген) ақшаға өсімпұл түрінде осы БҚКШ-қа сәйкес Банкке тиесілі ақшаны және/немесе комиссияларды уақтылы өтемегені (төлемегені) үшін;

11.7.5. Банк сұратқанда, жалған мәліметтер ұсынғаны үшін;

11.7.6. жасаған мәмілелердің заңдылығы, төлемнің заңдылығы және төлем құжаттарының тиісті түрде рәсімделуі үшін;

11.7.7. оны сәйкестендіруді және аутентификацияны пайдалана отырып, Мобильді қосымша және ҚБҚК жүйесі арқылы Банк бөлімшелерінде жүргізілетін барлық операция үшін;

11.7.8. Банкте көрсеткен ұялы телефон нөмірі және басқа да деректері туралы өзекті ақпаратты қамтамасыз ету үшін;

11.7.9. осы БҚКШ-тың және Шарттардың кез келген (әрбір) ережесін бұзуға байланысты туындаған барлық залалды толық көлемде және Банк тиісті хабарламада көрсеткен мерзімде өтеу үшін;

11.7.10. егер Клиент Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін сәйкестендіргіштерді және оларға сәйкес аутентификаторларды сәйкестендіру құралдарына тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген жағдайда, санкцияланбаған Операциялар, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де электрондық банктік қызметтерді алғаны үшін;

11.7.11. егер Клиент сәйкестендіру құралдарының, сәйкестендіргіштердің және оларға сәйкес келетін аутентификаторлардың деректерін Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін үшінші тұлғаларға берген жағдайда, санкцияланбаған операциялар, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де электрондық банктік қызметтерді алуы үшін;

11.7.12. үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкелген Клиенттің үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қол жеткізуді, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын үшінші тұлғаларға бергені үшін;

11.7.13. материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына Клиенттің төлемдер (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруы үшін;

11.7.14. Клиенттің Шотты, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдаланып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін жауапкершілік көтереді.

12. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

12.1. Тараптар осы БҚКШ-тың қолданылу кезеңінде еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажорлық жағдайлар) туындауы мүмкін екенін мойындайды және келіседі.

12.2. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларына (форс-мажорлық жағдайларға) мыналарды жатқызады, бірақ олармен шектелмейді: өрт, апат, катастрофа, табиғи және басқа да апаттар, эпидемия, пандемия, соғыстар, көтерілістер, бүліктер, тәртіпсіздіктер, толқулар, ұлттандыру,

мемлекет мұқтажы үшін алып қою, нормативтік құқықтық актілердің немесе орындауға міндетті басқа да шешімдердің, санкциялардың, актілердің шығарылуы, ұшу аппараттарының немесе олардың қалдықтарының құлауы, метеориттердің құлауы, Банк қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қылмыстық әрекеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа банктердің электрондық жүйелеріндегі/желілеріндегі ақаулар, қауіпті қателер, екінші деңгейдегі банктердің банктік операцияларды жүзеге асыруына кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар, техникалық ақаулар, ереуілдер, бой көрсетулер және басқа да осыған ұқсас оқиғалар, әуе тасымалдаушыларына, автомобиль, темір жол тасымалдаушыларына, басқа да қызмет жеткізушілерге міндеттемелерін уақтылы орындауға мүмкіндік бермейтін кәсіподақ ұйымдарының шешімдері, өзге де төтенше және алдын алуға болмайтын оқиғалар.

12.3. Еңсерілмейтін күш жағдайларына Тараптардың, олардың уәкілетті тұлғаларының, Банк қызметкерлерінің немесе агенттерінің, сондай-ақ үлестес тұлғалардың немқұрайлылығы немесе кінәсінен туындаған кез келген іс-әрекеттер жатпайды.

12.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде мүдделі Тарап екінші Тарапқа 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің БҚКШ ережелеріне сәйкес әрекет ете алмау себебі туралы жазбаша хабарлауға тиіс.

12.5. Егер Тарап екінші Тарапқа БҚКШ және Шарттардың ережелерін орындай алмайтыны немесе БҚКШ-тың 12.4-тармағында белгіленгендей еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауына байланысты орындауды кешіктіруі туралы хабарламаса, еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан мұндай Тараптың басқа Тарапқа хабарлама жіберуі мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, ол осы бапта ескерілген құқығын жоғалтады. Екінші Тарап міндеттемелерді орындамауды немесе орындауды кешіктіруді бұзушылық ретінде қарастырып, Шарттың және осы Талаптардың ережелеріне сәйкес әрекет ете алады.

12.6. Жалпыға белгілі сипаттағы еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдемелерді немесе хабарламаларды қажет етпейді. Барлық басқа еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді мүдделі Тарап ұсынады.

12.7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары олар басталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аса жалғасатын болса, Тараптар өзара келісім бойынша БҚКШ-тың қолданылуын тоқтатуға құқылы, бұл ретте мүдделі Тарап бұл туралы екінші Тарапты мұндай тоқтатуға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

13. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

13.1. БҚКШ ұсыну кезінде қолданылатын қауіпсіздік саясаты Банктің уәкілетті органымен бекітіледі және Банктің интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) орналастырылады.

13.2. Банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізу, оны санкцияланбаған өзгерту, санкцияланбаған төлем жасау немесе ақша аудару және БҚКШ ұсыну кезінде туындайтын басқа да санкцияланбаған әрекеттер анықталған жағдайда, Банк осы әрекеттер өзіне қатысты жасалған Клиентке бұл туралы тиісті мәліметтерді алған күннен кейінгі бір Операциялық күннен кешіктірмей хабарлайды.

13.3. БҚКШ шеңберіндегі қауіпсіздік рәсімдерінің тізбесін Банк дербес айқындайды. Оларға өзгерістер мен толықтырулар Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен енгізіледі.

13.4. Бұл ретте Банк Клиентке және БҚКШ-қа сәйкес Банк көрсететін қызметтерге қатысты ақпараттың құпиялылығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараны қолданатынына кепілдік береді.

13.5. Клиенттің (немесе салымшының) кінәсінен құпиялылық бұзылса немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа көздерден белгілі болған немесе белгілі болып шықса, Банк жауапкершілік көтермейді.

13.6. Клиент ұялы телефон нөмірінің, ұялы телефон нөмірі және/немесе Мобильді қосымша орнатылған Мобильді құрылғысының өзгеруі немесе ұрлануы/жоғалуы/басқаша айырылу жағдайларын қоспағанда, Клиент Банкке ұсынылған және тиісті шарттарда/өтініштерде/сауалнамаларда/Банкке ұсынылған құжаттарда көрсетілген өзінің деректері/деректемелері, мәліметтері және/немесе құжаттарының кез келген өзгерістері туралы Банкті жазбаша түрде хабардар етіп осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың

түпнұсқаларын (куәландырылған көшірмелерін) қоса тіркеп, олар өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке хабарлауға міндеттенеді деген қайтарып алынбайтын келісімді өзіне қабылдайды.

13.7. Банкте Банк Клиенттен бұрын қабылдаған Клиенттің ұялы телефон нөмірі үшінші тұлғаның пайдалануында деген күдік немесе растау болса, Банк Клиентке осындай ұялы телефон нөмірін пайдалана отырып, БҚКШ-та көзделген кез келген қызметті көрсетуден бас тартуға құқылы.

14. БҚКШ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ ТӘРТІБІ

14.1. Осы БҚКШ талаптары, БҚКШ-та көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мерзімі шектелместен қолданыста болады және БҚКШ-та көрсетілген талаптарды сақтай отырып, Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен Тараптардың кез келгені тоқтата алады.

14.2. Тараптар БҚКШ қолданылу мерзімі Банкте ашылған соңғы Шот жабылған сәтте, сондай-ақ БҚКШ-та көзделген басқа банктік қызметтерді пайдалану тоқтатылған кезде аяқталатынын мойындайды.

14.3. Тиісті Шарттар бойынша БҚКШ шеңберінде орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, егер тиісті Шартта(тарда) өзгеше тәртіп көзделмесе, Клиент Банк белгілеген нысан бойынша Банкке БҚКШ немесе тиісті Шартты(тарды) бұзу туралы жазбаша өтініш беру арқылы Банкті осы ниеті туралы күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ете отырып, БҚКШ немесе тиісті Шартты(тарды) орындаудан біржақты тәртіппен толық бас тартуға құқылы.

14.4. БҚКШ бұзу деп оның шеңберінде жасалған барлық Шартты бұзу түсініледі. БҚКШ және/немесе тиісті Шарттың қолданылуы Банк алдындағы берешекті (Банк комиссияларын, тұрақсыздық айыбын, өсімпұлдарды және т.б. қоса алғанда) толық өтегеннен кейін тоқтатылады.

14.5. Клиент БҚКШ және/немесе тиісті Шарт талаптарын, сондай-ақ Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзған жағдайда және БҚКШ-та көзделген басқа жағдайларда, егер Банк хабарламасында басқа мерзім белгіленбесе, Банк тоқтатудың болжалды күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Клиентті жазбаша түрде хабардар етіп, БҚКШ-ны немесе Клиентпен жасалған тиісті Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы болады.

14.6. БҚКШ талаптарын орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Банк Клиентке оның Банктегі Шоттарындағы ақша қалдығын қолма-қол ақшалай қайтарады немесе Клиенттің тапсырмасы негізінде Банк Тарифтеріне сәйкес комиссия ұстай отырып, ақшаны басқа банк шотына аударады.

14.7. Мәліметтерді, оның ішінде дербес деректерді, банк құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді, биометриялық және (немесе) өзге де деректерді жинауға және өндеуге келісім талаптары Банктің Интернет-ресурсында (<https://kmf.kz/>) орналастырылған. Клиенттің осы БҚКШ шеңберінде Банкке берген дербес деректерді жинауға және өндеуге, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге, таратуға, трансшекаралық беруге, Банктің банк құпиясын ашуға, кредиттік бюроға ақпарат беруге, Банктің кредиттік бюродан кредиттік есепті алуына және өзге де әрбір (кез келген) келісімі осы БҚКШ және/немесе Шартты тоқтатқаннан/бұзғаннан кейін Қолданыстағы заңнамада көзделген мерзімдер ішінде қолданысын жалғастырады.

15. БҚКШ ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАРЫ

15.1. БҚКШ және оның шеңберінде жасалған Шарттардың талаптарын түсіндіру және орындау Қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

15.2. Даулы жағдайларға, келіспеушіліктерге, оның ішінде рұқсат етілмеген төлемдерге қатысты барлық кінәрат-талаптар мен өтініштер Тараптар қол қойған соңғы Шартта/өтініште көрсетілген, ал егер Шартта/өтініште Банктің орналасқан жері көрсетілмесе, осы БҚКШ-та көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша түрде беріледі.

15.3. Кінәрат-талаптар мен өтініштерге жауап Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімдерде берілуге тиіс. Бұл ретте тараптар БҚКШ орындауға байланысты туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келіссөздер арқылы шешуге барлық күш-жігерін салатындығымен келіседі.

15.4. Тараптар келіспеушіліктер мен дауларды екіжақты келіссөздер арқылы көрсетілген мерзімде шеше алмаса, олар Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен, Банктің немесе Банктік қызмет көрсету шартын жасаған оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.

15.5. БҚКШ талаптарымен реттелмеген барлық басқа өзара қатынастар жекелеген Шарттармен, ал Тараптар реттемеген бөлігі Қолданыстағы заңнаманың талаптарымен айқындалады.

15.6. БҚКШ жасау тәртібіне Қолданыстағы заңнамада белгіленген жария оферта ережелері қолданылады.

15.7. БҚКШ, тиісті Шарттар мен өтініштер Тараптардың шешіміне сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді. Тараптар БҚКШ-тың, тиісті Шарттар мен өтініштердің тілі оларға толығымен түсінікті, сондай-ақ мағынасы мен мазмұны жалпы және жекелеген бөліктерінде толық айқын екенін мәлімдейді. Егер екі тілде берілген БҚКШ-тың, тиісті Шарттар мен өтініштердің мәтінінде әртүрлі оқылу (қайшылықтар) немесе түсіндірулер немесе әртүрлі мағыналық мән орын алса, Тараптар БҚКШ-тың және/немесе тиісті Шарттардың, өтініштердің орыс тілінде жасалған мәтінін басшылыққа алады.

15.8. Егер БҚКШ ережелерінің кез келгені Қолданыстағы заңнамаға сәйкес заңсыз, жарамсыз болса немесе жарамсыз болып шықса, БҚКШ пен Шарттардың қалған ережелері толық күшін және жарамдылығын сақтайды.

15.9. Клиент/Қарыз алушы осы арқылы Банкке оның қарауы бойынша кез келген мақсатта, оның ішінде алаяқтықтың алдын алу, аудит, кез келген үшінші тұлғалардың қызметтер көрсетуі, борышты өндіріп алу (оның ішінде проблемалық банктік қарыздармен жұмыс істейтін ұйымдардың), уәкілетті мемлекеттік органның сұранысын қанағаттандыру, процессингтік (компьютерлік) орталықтардың қызмет көрсетуі, Қазақстан Республикасынан тыс жерде хабарламалар мен электрондық хаттарды өңдеу, Клиенттің/Қарыз алушының тапсырмаларын орындау, Клиент/Қарыз алушымен жасалған басқа да шарттарды орындау үшін, Клиент/Қарыз алушы және оның операциялары туралы ақпаратты Банктің үлестес тұлғаларына және мүшелеріне, акционер(лер) тобының үлестес компанияларына, үшінші тұлғаларға табыстауына қайтарып алынбайтын келісімін береді.

15.10. БҚКШ-ға қосылу арқылы Қарыз алушы (Қоса қарыз алушы) Кредит желісін ашу туралы келісім/Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талаптарды) беруге, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге, ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюролардың ол туралы кредиттік есепті Банкке беруіне, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты, конфиденциалды және «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген теріс ақпараттан бөлек, Қарыз алушыға қатысты кез келген басқа да теріс ақпаратты қоса алғанда, Қарыз алушыға қатысты өзге де ақпаратты, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсатта, сондай-ақ FATCA талаптарын орындау мақсатында пайдалануға өзінің сөзсіз келісімін береді.

15.11. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент Банкке осы БҚКШ және Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банк құпиясын құрайтын және уәкілетті тұлғалардың дербес деректерін қамтитын ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Қазақстан Республикасы Заңы 50-бабының ережелеріне және осы БҚКШ-ға сәйкес, тиісті үшінші/өзге тұлғаларға беруге/жария етуге, егер үшінші тұлғаларға банк құпиясын құрайтын және уәкілетті тұлғалардың дербес деректерін қамтитын мәліметтерді беру және олардың пайдалануы Банктің өз қызметін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Банкпен шарттық қатынастағы және Банкке қызмет көрсететін тұлғалардың жүзеге асыру қажеттілігінен туындаса, өзінің сөзсіз келісімін береді.

15.12. Қарыз алушының немесе Банктің Тараптар иеленетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын үшінші тұлғалардың дербес деректері болып табылатын үшінші тұлғалар туралы ақпаратты кез келген беруі Тарап осындай ақпаратты (өңдеуге, оның ішінде тиісті мақсаттар үшін пайдалануға) осындай үшінші тұлғалардан және осындай келісімдерде айқындалған көлемде беру туралы тиісті келісімдерді алғаннан кейін ғана жүреді. Осы келісім Қарыз алушы Банк алдындағы шарттық және өзге де міндеттемелердің

барлық көлемін толық орындаған сәтке дейін қолданылады және шектелмейтін мерзімге беріледі. Бұған Банкке өңдеу үшін кез келген көздерден Қарыз алушыға қатысты Банк алған теріс ақпарат жатпайды.

15.13. Банктік қарыз шарты тараптарының әрқайсысы екінші тараптан алынған банктік, қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың (жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда) қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты, сондай-ақ банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, оның ішінде оны жариялау мынадай жағдайларды қоспағанда, ақпараты жарияланатын тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады:

- Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді бұзуына байланысты Банктің кез келген шараларды қолдануы;
- Банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды және/немесе міндеттерді толық немесе ішінара басқаға беру;
- Банктің Қарыз алушының мәміле жасауына тікелей және/немесе жанама түрде мүдделі үшінші тұлғаларды Қарыз алушының оларды жасау үшін/жасалуы туралы Банкті хабардар етуге/Банктің алдын ала келісімін алуға міндетті екені, Банктік қарыз шартында ондай мәмілелерді жасау тәртібінің белгіленгені және Қарыз алушының ол тәртіпті бұзғанда туындайтын ықтимал салдар туралы хабардар етуі;
- Қазақстан Республикасы және/немесе Қарыз алушының тіркелген елі және/немесе резиденттік елі заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға ақпарат беру;
- Банктің өзінің контрагентіне (контрагенттеріне) құпия ақпаратты ашуы, бұл жағдайда Банк ондай тұлғамен (тұлғалармен) келісім (келісімдер) жасайды, келісімге (келісімдерге) сәйкес контрагент Банктен алынған/алынатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға, Банктің акционерлеріне жария етпеуге міндетті;
- Банктің Банктік қарыз шарты және/немесе қамтамасыз ету шарттары бойынша өз құқықтарын іске асыруы.

15.14. Клиентке барлық хабарламалар Клиент Банк үшін байланыс ретінде нөмірін жазбаша көрсеткен телефон арқылы, Қашықтан қызмет көрсету арнасы арқылы, SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар арқылы, электрондық пошта арқылы, пошта жөнелтімдері арқылы және Клиенттерге ақпарат алуға және оның Банктен шығатынын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілдермен БҚКШ-да және Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімдерде жіберіледі.

15.15. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент:

- өзінің банктік шотына не төлем құралына, не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті үшінші тұлғаға заңсыз беру не оларды материалдық сыйақы және (немесе) мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаға пайдалануға заңсыз беру;
- материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін банктік шотты не төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру;
- заңсыз төлемдерді жүзеге асыру және ақша аудару мақсатында банктік шотты не төлем құралын, не сәйкестендіру құралын басқаруға қолжетімділікті заңсыз сатып алу үшін қылмыстық жауапкершілік туралы хабардар екенін растайды.

15.16. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент хабардар етілгенін растайды және Қолданыстағы заңнамада, ІНҚ-да және БҚКШ-да көзделген жағдайларда банктік қызметтердің шектеулі тізбесін алуға келісім береді.

16. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«KMF Банк» акционерлік қоғамы

БСН 061240001583,

БеК 15; корреспонденттік шот KZ _____;

БСК КМФВКЗКК;

Пошталық мекенжайы: А26F8P9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы,
Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 50;

Электронный адрес: info@kmf.kz

Интернет-ресурс: <https://kmf.kz/>

Байланыс телефоны: +7 (727) 331 7474; 7474

**«КМФ Банк» АҚ Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартына
1-қосымша**



Жеке кәсіпкердің (ЖК) «КМФ Банк» АҚ-да АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ТУРАЛЫ № _____ ӨТІНІШІ (бұдан әрі – «Шот ашу туралы шарт»)		ЗАЯВЛЕНИЕ № _____ Индивидуального предпринимателя (ИП) НА ОТКРЫТИЕ ТЕКУЩЕГО СЧЕТА В АО «КМФ Банк» (далее – «Договор об открытии счета»)	
_____ К.	_____ « _____ » _____ 202 _____ ж.	Г.	_____ « _____ » _____ 202 _____ г.
Клиенттің аты-жөні	_____	ФИО Клиента	_____
ЖК атауы	_____	Наименование ИП	_____
ЖСН	_____	ИИН	_____
Жеке басын куәландыратын құжат	№ _____ ж. бастап _____ ж. дейін, ҚР _____ берді	Документ, удостоверяющий личность	№ _____ от _____ г. до _____ г., выдано _____ РК
Резиденттілігі	Резидент	Резиденство	Резидент
Тіркелген мекенжайы	_____	Адрес регистрации	_____
Нақты тұрғылықты мекенжайы	_____	Адрес факт.проживания	_____
Байланыс нөмірі	_____	Контактный номер	_____
Email (бар болса)	_____	Email (при наличии)	_____
Ағымдағы шот бойынша кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы («Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сома): ұлттық валютада 10 миллион теңгеден аспайды (<i>Кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы Ағымдағы шоттың валютасына сәйкес көрсетіледі</i>); шетел валютасында 5 миллион теңгеден аспайды (<i>Кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы Ағымдағы шоттың валютасына сәйкес көрсетіледі</i>). Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше салым/Ағымдағы шоттар орналастырылған/ашылған болса, онда барлық салым/Ағымдағы шоттар бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ салымның/Ағымдағы шоттың әрбір түрі бойынша кепілдік берілген өтем төлеу шектерін ескере отырып, кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды. Кепілдік берілген өтемді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым салым бойынша есептелген сыйақыны және шоттағы қалдық сомасын ескере отырып, депозиттегі (ағымдағы шоттағы/салымдағы) қалдық сомасын негізге ала отырып, бірақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген, Банкті лицензиясынан айыру күніне айқындалған кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлейді. Осы тармақтың талаптары жеке кәсіпкерлік субъектілері, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор үшін қолданылады.		Максимальная (предельная) сумма гарантии по Текущему счету (сумма, установленная Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан"): не более 10 миллионов тенге в национальной валюте (<i>Максимальная (предельная) сумма гарантии указывается в соответствии с валютой Текущего счета</i>); не более 5 миллионов тенге в иностранной валюте (<i>Максимальная (предельная) сумма гарантии указывается в соответствии с валютой Текущего счета</i>). Если в Банке размещено/открыто несколько вкладов/Текущих счетов, различных по видам и валюте, то гарантируется совокупный остаток суммы по всем вкладам/Текущим счетам, но не более максимальной суммы гарантийного возмещения – 20 миллионов тенге, с учетом пределов выплаты гарантийного возмещения по каждому виду вклада/Текущего счета. Гарантийное возмещение выплачивается, организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, исходя из суммы остатка на депозите (текущем счете/вкладе) с учетом начисленного вознаграждения по вкладу и суммы остатка на счете, но не более максимального (предельного) размера гарантии, установленного статьей 18 Закона РК «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», на дату лишения Банка лицензии. Условия данного пункта применимы для субъектов индивидуального предпринимательства, частного нотариуса, частного судебного исполнителя, адвоката и профессионального медиатора.	
Мен, Ағымдағы шот ашу туралы осы өтінішке қол қою арқылы (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) «КМФ Банк» АҚ Банктік қызмет көрсету шартына (бұдан әрі – Банктік қызмет көрсету шарты/БҚКШ) қосылуға ниет білдіремін, сондай-ақ ағымдағы шот ашуды сұраймын (бұдан әрі – Ағымдағы шот):		Я, подписанием настоящего Заявления на открытие текущего счета (далее по тексту – Договор) желаю присоединиться к Договору банковского обслуживания в АО «КМФ Банк» (далее – Договор банковского обслуживания / ДБО), а также прошу открыть текущий счет (далее – Текущий счет):	
Шот түрі: ☐ Ағымдағы шот ☐ Нотариус депозиті режиміндегі ағымдағы шот ☐ Жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты		Тип счета: ☐ Текущий счет ☐ Текущий счет в режиме депозита нотариуса ☐ Текущий счет ЧСИ	
Шот валютасы: _____ KZT / USD / EUR / RUB		Валюта счета: _____ KZT / USD / EUR / RUB	
Ағымдағы шотты ашудың және оған қызмет көрсетудің жалпы шарттары		Общие условия открытия и обслуживания Текущего счета	
Осы Өтінішке қол қою арқылы Банктік қызмет көрсету шарты, Банктің Тарифтері https://kmf.kz сілтемесі бойынша Банктің интернет ресурсында жарияланғанынан хабардармын, сонымен қатар құжаттармен танысқанымды, олардың мәтінін түсінетінімді, құжат мазмұнымен толық келісетінімді және құжат талаптарын тиісінше орындауға міндеттенетінімді растаймын.		Подписанием настоящего Заявления, уведомлен о том, что Договор банковского обслуживания, Тарифы Банка размещены на интернет-ресурсе Банка по ссылке: https://kmf.kz, а также о том, что я ознакомлен с документами, понимаю их текст, согласен с ними в полном объеме и обязуюсь их выполнять надлежащим образом.	

Осы арқылы Банкте ашылған Ағымдағы шоттан, өзге шоттардан көрсетілген банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы теңгеде, сонымен қатар шетел валютасында мына мақсаттарда: - Банк Тарифтеріне сәйкес Ағымдағы шот бойынша операцияларды жүргізу бойынша банктік қызмет көрсеткені үшін; - кез келген шарттар (келісімдер), оның ішінде Ағымдағы шот, өзге шоттар бойынша операцияларды жүргізу үшін және Банк көрсететін өзге де қызметтер үшін Банк алдында берешек туындаған жағдайда, Банк алдындағы берешек мөлшерінде; - Банк микроқаржы ұйымынан банкке айналғанға дейін Банк пен Клиент арасында жасалған микрокредит беру туралы шартты (шарттарды) орындау шеңберінде Клиенттің берешекті төлеу міндеттемелері бойынша; - сонымен қатар Банкпен жасалған шарттар (келісімдер) (оның ішінде микрокредит беру туралы шарттар) бойынша өз міндеттемелерімді бұзуға байланысты өзге де Банк шығыстары мен шығындарының сомалары; - ҚР заңнамасында және БҚКШ-да көзделген өзге де жағдайларда ақша алуға (есептен шығаруға) келісімді беремін.	Настоящим предоставляю свое согласие на изъятие (списание) денег с Текущего счета, иных счетов, как в тенге, так и иностранной валюте, открытых в Банке, путем прямого дебетования указанных банковских счетов: - за банковское обслуживание по ведению операций по Текущему счету по Тарифам Банка; - в случае образования задолженности перед Банком по любым договорам (соглашениям), в том числе по оплате услуг Банка за ведение операций по Текущему счету, иным счетам и за иные услуги, оказываемые Банком, в размере имеющейся задолженности перед Банком; - по обязательствам оплаты Клиентом задолженности в рамках исполнения договора(-ов) о предоставлении микрокредита, заключенного (-ых) между Банком и Клиентом до конвертации Банка из микрофинансовой организации в банк; - а также суммы иных расходов и убытков Банка, связанных с нарушением моих обязательств по заключенным с Банком договорам (соглашениям) (в том числе договором о предоставлении микрокредита); - в иных случаях, предусмотренных законодательством РК и ДБО
Банктік шот шарты Ағымдағы шот ашылған сәттен бастап акцептелген, Банкпен жасалған болып есептеледі.	Договор банковского счета считается акцептованным, а равно заключенным с Банком, с момента открытия Текущего счета.
Ақпарат беруге/алуға келісім	/ Согласия на предоставление/получение информации
Осы арқылы мыналарға өз келісімді беремін: - дербес, биометриялық және/немесе өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және осы деректерді кредиттік бюроларға беруге; - Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасынан (бұдан әрі – МДБ) мен туралы ақпаратты алуына; - кредиттік бюроның Банкке МДБ-дан алынған мен туралы ақпаратты беруіне; - кредиттік бюроның МДБ операторларынан/иелерінен МДБ-дан мен туралы ақпаратты алуына; - МДБ иелерінің мен туралы ақпаратты беруіне; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға мен туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты беруге; - Банктің «Туыстық байланыс» МДБ-дан немесе туыстық байланыс жөніндегі өзге де МДБ-дан мен туралы ақпаратты, оның ішінде балалар туралы мәліметтерді алуына; - Банктің МДБ-дан салық құпиясын құрайтын мәліметтерді, дербес медициналық деректерді, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін қамтитын мен туралы ақпаратты алуына; - Банкке (бизнес сәйкестендіру нөмірі 061240001583) және үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банк акционерлеріне, үлестес және Банкпен байланысты өзге де тұлғаларға, коллекторлық агенттіктерге, уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға (бірақ олармен шектелмей), сонымен қатар Банк мәміле бойынша қатысушы немесе тарап болатын ұйымға (бұдан әрі – Ұйым), «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «КаР-Тел» ЖШС (бұдан әрі бірігіп не жеке-жеке «Операторлар» деп аталады) қазіргі уақытта және болашақта менің дербес деректерімді (Клиенттің және заңды өкілінің дербес деректерін) жинауға және өңдеуге келісімді беремін. Дербес деректер мына деректерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); туған күні, айы, жылы және туған жері; азаматтығы; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжат деректері; биометриялық деректер; тұрғылықты жері, заңды мекенжайы (тіркелген жері), жұмыс орны туралы мәліметтер; пошталық және электрондық мекенжайы, телефон нөмірлері; фото және видео түріндегі бейнесі; білімі, мамандығы туралы мәліметтер; отбасы жағдайы және отбасы құрамы туралы мәліметтер (оның ішінде кәмелет жасқа толмаған балалары туралы дербес деректер); мүліктік жағдайы, табысы, кредиттік тарихы және берешегі туралы мәліметтер; банк, сақтандыру, салық құпиясын құрайтын мәліметтер, дербес медициналық деректер, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлері; кез келген өзге де дербес деректер. Дербес деректерді және банк құпиясын қамтитын мәліметтерді және талаптарды қоса алғанда, мен туралы мәліметтерді жинауға және өңдеуге осы келісім Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына жауап беретін дербес деректерді және банк құпиясын қамтитын мәліметтерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісімді танытатынын түсінемін.	Настоящим предоставляю свое согласие на: - на сбор, обработку персональных, биометрических и/или иных данных и на передачу этих данных в кредитные бюро; - на получение Банком из государственных и негосударственных баз данных (далее – ГБД) информации обо мне; - на предоставление кредитным бюро Банку информации обо мне, полученной из ГБД; - на получение кредитным бюро информации обо мне из ГБД от операторов/владельцев ГБД; - на предоставление владельцами ГБД информации обо мне; - юридическому лицу, осуществляющему по решению Правительства Республики Казахстан деятельность по оказанию государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, предоставлять имеющуюся и поступающую в будущем обо мне информацию; - на получение Банком информации обо мне из ГБД «Родственные связи» или иной ГБД по родственным связям, в том числе сведений о детях; - на получение Банком информации обо мне из ГБД, содержащих сведения, составляющие налоговую тайну, персональные медицинские данные, а также иные виды охраняемой законом тайны; - на сбор и обработку Банком (бизнес-идентификационный номер 061240001583) и третьим лицам, включая (но не ограничиваясь) акционерам Банка, аффилированным и иным лицам связанным с Банком, коллекторским агентствам, уполномоченным и иным государственным органам, как в настоящее время, так и в будущем, а также организации, где Банк выступает участником или стороной по сделке (далее – Организации), АО «Государственное кредитное бюро», ТОО «Первое кредитное бюро», АО «Единый накопительный пенсионный фонд», ТОО «КаР-Тел» (далее совместно и по отдельности именуемые как «Операторы») моих персональных данных (персональных данных Клиента и законного представителя), которые включают в том числе следующие данные: фамилия, имя, отчество (при наличии); год, месяц, дата и место рождения; гражданство; индивидуальный идентификационный номер; данные документа, удостоверяющего личность; биометрические данные; сведения о месте жительства, юридическом адресе (месте регистрации), месте работы; почтовый и электронный адреса, номера телефонов; фотографическое изображение и видеоизображение; сведения об образовании, профессии; сведения о семейном положении и составе семьи (в том числе персональные данные несовершеннолетних детей); сведения об имущественном положении, доходах, кредитной истории и задолженности; сведения, составляющие банковскую, страховую, налоговую тайну, персональные медицинские данные, а также иные виды охраняемой законом тайны; любые иные персональные данные. Понимаю, что настоящее согласие на сбор и обработку сведений обо мне, в том числе содержащих персональные данные и банковскую тайну, и условия в совокупности представляют собой письменное согласие на сбор и обработку сведений, в том числе содержащих персональные данные и банковскую тайну, соответствующее требованиям законодательства Республики Казахстан.
Осы Шарттың мәтіні мен оқып шықтым, Шарттың мәтініне қатысты толықтыруларым, ескертулерім және қарсылығым жоқ, осыны растау үшін осы өтінішті ұсынамын.	Текст настоящего Договора мною прочитан, дополнений, замечаний и возражений не имею, в подтверждение чего предоставляю настоящее заявление.
Банк деректемелері/ Реквизиты Банка «КМФ Банк» акционерлік қоғамы/ Акционерное общество «КМФ Банк» Заңды мекенжайы: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50/ Юридический адрес: 050004, Республика Казахстан, город Алматы, Медеуский район, пр. Нұрсұлтан Назарбаев, 50	Клиент деректемелері/Реквизиты Клиента ЖК/ИП _____ ЖСН/ИИН _____ ЖК куәлігі/Талон/Хабарлама: 20 __ ж. «__» _____ № _____ Серия _____ / Свидетельство ИП/Талон/Уведомление:

БСН/БИН 061240001583, Эл.мекенжайы/Эл.адрес: info@kmf.kz Интернет-ресурс: www.kmf.kz _____/ Банктің уәкілетті қызметкерінің аты-жөні, МО/ ФИО уполномоченного сотрудника Банка, МП	Серия _____ № _____ от «__» _____ 20__ Мекенжайы/Адрес: _____ тел.: _____ _____/ (Қолы, Клиенттің аты-жөні / Подпись, ФИО Клиента)
--	---

**«КМФ Банк» АҚ Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартына
2-қосымша**



«КМФ Банк» АҚ-ДА АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ТУРАЛЫ № _____ ӨТІНІШ (заңды тұлға (оның филиалдары мен өкілдіктері), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы және Қазақстан Республикасының резидент-адвокаты, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары үшін) (бұдан әрі – «Шот ашу туралы шарт»))		ЗАЯВЛЕНИЕ № _____ НА ОТКРЫТИЕ ТЕКУЩЕГО СЧЕТА В АО «КМФ Банк» (юридического лица (его филиалов и представительств), индивидуального предпринимателя, частного нотариуса, частного судебного исполнителя и адвоката-резидента Республики Казахстан, иностранного дипломатического и консульского представительства, а также ликвидационных комиссий накопительных пенсионных фондов, банков, страховых (перестраховочных) организаций) (далее – «Договор об открытии счета»)	
_____ к.	«_____» _____ 202__ ж.	г.	«_____» _____ 202__ г.
Атауы (ұйымдық-құқықтық нысанды қоса алғанда (бар болса))	_____	Наименование (включая организационно-правовую форму (при наличии))	_____
Клиенттің уәкілетті тұлғасының деректері: Аты-жөні: ЖСН: Туған жері: Тұрғылықты мекенжайы: Тіркеген мекенжайы:	_____	Данные по уполномоченному лицу клиента: ФИО: ИИН: Место рождения: Адрес места жительства: Адрес прописки:	_____
Жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат үшін аты-жөні, туған жері:	_____	Ф.И.О., место рождения для индивидуального предпринимателя, частного нотариуса, частного судебного исполнителя, адвоката:	_____
ЖСН/БСН	_____	ИИН/БИН	_____
Тіркеу/қайта тіркеу туралы құжаттың деректері:	_____	Данные документа о регистрации/перерегистрации:	_____
Жеке басты куәландыратын құжат (жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат үшін)	№ _____ ж. бастап _____ ж. дейін, берген орган: КР _____	Документ, удостоверяющий личность (для индивидуального предпринимателя, частного нотариуса, частного судебного исполнителя, адвоката)	№ _____ от _____ г. до _____ г., выдано _____ РК
Лицензияның деректері:	_____	Данные лицензии:	_____
Резиденттік мәртебесі:	_____	Статус резидентства:	_____
Заңды мекенжайы:	_____	Юридический адрес:	_____
Орналасқан мекенжайы:	_____	Адрес местонахождения:	_____
Байланыс нөмірі:	_____	Контактный номер:	_____
Email (бар болса):	_____	Email (при наличии):	_____
